



BAITEREK

2023

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

www.baiterek.gov.kz

МАЗМҰНЫ

Холдинг туралы	2
Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі.....	8
Басқарма Төрағасының Үндеуі.....	10
2023 жылғы негізгі оқиғалар	12
Бизнес-модель.....	14

01. Даму жоспары.....17

Стратегиялық жоспарлау жүйесі және қызметтің негізгі көрсеткіштері.....	18
Холдингтің 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспары және оны іске асыру жөніндегі шаралар	20
«Кәсіпкерлікті қолдау» бағыты	21
«Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» бағыты	23
«Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету» бағыты	23
Холдингтің 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспары	25

02. Экономикаға шолу.....27

Макроэкономикалық шолу	28
Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг құралдарының нарықтық үлесі	33

03. Менеджмент есебі.....37

Қызметтің қаржылық нәтижелері	38
Капитал нарықтарында қаражат тарту	40
Кәсіпкерлікті қолдау.....	44
Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.....	56
Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту	59
Цифрландыру стратегиясы	62
Ақпараттық қауіпсіздік.....	63

04. Корпоративтік басқару.....65

Корпоративтік басқару жүйесі	66
Жалғыз акционер	70
Директорлар кеңесі	71
Корпоративтік хатшы	86
Басқарма	88
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін марапаттау жүйесі.....	92
Ішкі аудит қызметі.....	93
Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын реттеу.....	95
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.....	96
Сыртқы аудитор	98

05. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау.....101

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері.....	102
Негізгі тәуекелдері	104

06. Тұрақты даму саласындағы қызмет.....109

Тұрақты дамуды басқару жүйесі.....	110
Холдингтің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі	113
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	115
Ақпараттық саясат	120
Персоналды басқару	122
Жауапты инвестициялау.....	133
Экономикалық нәтижелілік.....	135
Сатып алу қызметі.....	135
Қоршаған ортаны қорғау	136
Демеушілік және қайырымдылық көмек	139

07. Қосымшалар.....141

Есеп туралы.....	142
Еншілес ұйымдардың 2023 жылдағы қызметі.....	144
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп.....	149
Мүдделілікке ие мәмілелер тізімі	164
Жылдық қаржылық есептілік.....	165
Әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі БҰҰ қағидаттарын ұстану туралы ақпарат (Women's Empowerment Principles)	172
ХҚК қағидаттарын ұстану туралы ақпарат Operating Principles for Impact Management	174
TCFD көрсеткіштер кестесі.....	176
GRI көрсеткіштер кестесі.....	179
Глоссарий	185

Байланыс ақпараты.....188



Басқа жылдық есептерді көруді көру (есептерді көру үшін QR кодт сканерлеңіз)

ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» холдингі, Холдинг) – корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және Қазақстан экономикасын орнықты дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі институты. Холдингінің құрылымына дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік құқығындағы Холдингке тікелей тиесілі 8 еншілес ұйым кіреді¹.

Еншілес ұйымдардың қызметі агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға, кәсіпкерлікті қолдауға және тұрғындар үшін тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.



Еншілес ұйым	Қолдау құралы	Қызмет бағыты
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ		
	<ul style="list-style-type: none"> Қарызды қаржыландыру Кепілдіктер Лизинг Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру 	Орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдау
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ²		
	<ul style="list-style-type: none"> Сақтандыру Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру 	Экспорттық әлеуетті арттыру ³
«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ⁴		
	<ul style="list-style-type: none"> Үлестік қаржыландыру Венчурлік қорларды құру/қатысу 	<ul style="list-style-type: none"> Үлестік қаржыландыру Венчурлік қаржыландыру
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ		
	<ul style="list-style-type: none"> Кепілдік Субсидиялау ЕДБ/МҚҰ-да қаражатты шартты орналастыру арқылы кредиттеу 	Микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ		
	<ul style="list-style-type: none"> АӨК субъектілеріне кредит беру Инвестициялық жобаларды қаржыландыру Көктемгі-егістік және егін жинау жұмыстарына кредит беру Қаржы институттарын қорландыру Шағын бизнеске шағын несие беру Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау 	Агроөнеркәсіптік кешенді қолдау
«Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ		
	<ul style="list-style-type: none"> Тұрғын үй қарыздарын беру Ипотекалық кредиттеу 	Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету
«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ		
	<ul style="list-style-type: none"> ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу арқылы құрылыс салушыларды қаржыландыру Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй Ипотекалық кредиттеу Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру Жеке құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау Инвестициялық жобаларды қаржыландыру 	Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету
Bereke Bank⁵		
	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік және бөлшек клиенттерге арналған банктік қызметтер 	Банк қызметтері

² «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ 2024 жылғы 20 мамырда «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ болып атауы өзгертілді.

³ Шағын, орта және ірі бизнесті қосқанда.

⁴ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ 2023 жылғы 10 қаңтарда «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ-на қайта тіркелді.

⁵ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасын орындау үшін 2022 жылғы 1 қыркүйекте Холдинг «Ресей Сбербанкі» ЖАҚ-тан «Сбербанк» АҚ еншілес банкін сатып алды. Сатып алғаннан кейін «Сбербанк» АҚ ЕБ Bereke Bank болып қайта тіркеу және қайта атау жүзеге асырылды.

¹ 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

ХОЛДИНГТИҢ НЕГІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ХОЛДИНГТИҢ НЕГІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

әр қызметкер өзінің ниеті мен іс-әрекеті үшін жеке жауап береді

01



КӘСІПҚОЙЛЫҚ

кәсіби қызметтің міндеттерін орындауға жоғары дайындық

02



КОМАНДА

бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық

03



АДАЛДЫҚ

Холдинг ішіндегі және өз серіктестеріне адалдық

04



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Холдинг қызметінің қоғамдық саланың мүдделі тараптарына әсері үшін жауапкершілік

05

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

КӨРСЕТКІШІ	2021	2022	2023
Активтер, млрд теңге	9 870	12 232	13 620
Капитал, млрд теңге	1 670	2 098	2 665
Міндеттемелер, млрд теңге	8 200	10 134	10 955
Таза пайда, млрд теңге	111	381	408
Қарыз/капитал	4,9	4,8	4,1

ХОЛДИНГ ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӨРСЕТКІШІ	2021	2022	2023
Экономиканың шикізаттық емес салаларының ірі кәсіпорындарына берілген ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі, млрд теңге	533	358,6	748,1
ШОБ субъектілеріне берілген кредиттердің көлемі, млрд теңге	2 197	1 554	1 566
Берілген тұрғын үй қарыздары, млрд теңге	1 235	1 381,6	1 067,5
Берілген кепілдіктер сомасы, млрд теңге	372	211,8	342,1
ЖАО облигациялары сатып алынды, млрд теңге	163,7	176,4	139,6
Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі, млрд теңге	204,7	259,1	324,8
АӨК қаржыландыру көлемі, млрд теңге	464,2	522,3	554,7

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ СЕНІМ ИНДЕКСІ

КӨРСЕТКІШІ	2020	2021	2022	2023
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне сенім индексі, %	88,3	87,5	87,2	87,68

ДАМУ ТАРИХЫ

2013

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығымен даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту жүйесін оңтайландыру мақсатында құрылды. Холдинг құрамына бұрын мемлекеттік органдардың басқаруында болған 10 даму институттары мен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ кірді.

2014

Холдинг «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының операторы болды. Холдинг құрамында Kazakhstan Infrastructure Fund C. V., «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС, Baiterek Venture Fund инфрақұрылымдық қоры құрылды.

2015

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» 62-қадамы аясында Еуразиялық экономикалық одақта бәсекеге қабілетті көшбасшы бола алатын қатысушы компаниялардың серпінді өсуіне жәрдемдесу мақсатында «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – Ұлттық чемпиондар» бағдарламасы басталды.

2016

«Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Холдингінің еншілес ұйымы «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ болып қайта құрылды (әрі қарай – ТҚКҚ).

2016 жылдың қыркүйегінде «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС мандатын кеңейту және оны «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС деп қайта атау туралы шешім қабылданды (әрі қарай – KPPF).

2017

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы өзектендірілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – ҚДБ) және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – ҚКМ) Холдингінің еншілес ұйымдары ҚДБ жобаларын капиталдандыру мақсатында 100 млн АҚШ доллары көлеміндегі DBK Equity Fund CV тікелей инвестициялар қорын құрды.

2018

Директорлар Кеңесі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін экономиканың жеке секторының жобаларына бағытталған Холдингтің жаңа редакциядағы Инвестициялық саясатын бекітті.

2018 жылғы желтоқсанда Қазақстан қор биржасында айналыс мерзімі 15 жыл болатын 77,7 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялардың дебюттік шығарылымы орналастырылды.

2019

«Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын толықтыруға 34 млрд теңге бөлінді.

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ «QazTech Ventures» АҚ болып өзгертілді (әрі қарай – QTV). Сондай-ақ, оның қызметінің бейіні де өзгерді: ол венчурлік нарықты дамытуға, бизнес-инкубацияға және технологиялық кәсіпкерлікке бағытталған.

2020

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрғын үй блогын оңтайландыру жүргізілді, нәтижесінде «Қазақстандық Ипотекалық Компания» Ипотекалық ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «ҚИК» ИҰ» АҚ) «Бәйтерек девелопмент» АҚ (2020 жылғы қазан) және ТҚКҚ (2020 жылғы қараша) қосылды. Бұдан басқа, «ҚИК» ИҰ» АҚ-ға бұрын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы берілетін құрылыс салушыларды субсидиялау құралы берілді (әрі қарай – «Даму» Қоры).

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымы – «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ болып өзгертілді (әрі қарай – Отбасы банкі).

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Нұрлы жер» және «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес құрылымынан «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ-нан жалпы көлемі 970 млрд теңге облигациялық қарыздар тартылды.

2020 жылы «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ 29 млрд теңге сомасына капиталдандыруды жүзеге асырды.

2021

2021 жылғы 26 қаңтарда «Қазақстандық Ипотекалық Компания» Ипотекалық ұйымы» АҚ «Қазақстанның тұрғын үй компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚТК) болып қайта аталды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан Республикасы халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасына сәйкес 2021 жылғы наурызда «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ны «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға қосу бойынша жұмыс аяқталды.

2021 жылғы наурызда Қазақстан қор биржасында айналыс мерзімі 10 жыл болатын 50 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялар шығарылымы орналастырылды.

2021 жылғы мамырда QTV және KPPF еншілес ұйымдарының функционалы мен активтерін ҚКМ басқаруына жекелеген қорлар ретінде беру жөніндегі іс шаралар аяқталды.

Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын орындау мақсатында 2021 жылғы тамызда «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ акцияларының 100%-ы сатылды.

2021 жылдың қыркүйегінде Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: барлығына лайықты өмір!» «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жанынан Қоғамдық кеңесі құрылды.

2021 жылғы қарашада «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспары өзектендірілді⁶.

2021 жылғы желтоқсанда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды (әрі қарай – АНК).

2021 жылғы желтоқсанда Қазақстан қор биржасында айналыс мерзімі 10 жыл болатын 55 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялар шығарылымы орналастырылды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Нұрлы жер» және «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес құрылымынан «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ -нан жалпы көлемі 220 млрд теңге облигациялық қарыздар тартылды.

2021 жылы «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ 5 млрд теңге сомасына капиталдандыруды жүзеге асырды.

2022

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі – ҚАҚ) акцияларының 100%-ы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға берілді. ҚАҚ Ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарын лизингке беру бойынша негізгі қызметін жалғастырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасын орындау үшін 2022 жылғы 1 қыркүйекте Холдинг «Ресей Сбербанкі» ЖАҚ-нан «Сбербанк» АҚ еншілес банкіні сатып алды. Сатып алғаннан кейін «Сбербанк» АҚ ЕБ «Bereke Bank» АҚ болып қайта тіркеу және қайта атау жүзеге асырылды (әрі қарай – Bereke Bank). 2022 жылдың қарашасында Холдинг өз талабын жүзеге асырды және Bereke Bank

миноритарларынан оларға тиесілі 248 дауыс беретін акцияны сатып алды.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ 2023 жылғы 10 қаңтарда «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ (бұдан әрі – QIC) болып атауы өзгертілді.

2023

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қазақстандық қор нарығында жасыл облигацияларды дебюттік орналастыру жүргізілді: 2023 жылғы наурызда KASE биржасында 10 млрд теңгеге, ал желтоқсан айында AIX биржасында 15 млн АҚШ доллары сомасына облигациялар орналастырылды.

Отбасы банкі Азия даму банкінен 15,6 млрд теңге көлемінде үшінші транш қаражаты есебінен «Ұмай» әйелдер ипотекасы бағдарламасы іске асырылды. Есепті жылы банк «Ұмай» бағдарламасын жүзеге асырғаны үшін гендерлік чемпион деп танылды. Ол Қазақстаннан елдегі гендерлік теңдікті белсенді ілгерілеткені үшін Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасынан (ОАӨЭЫ) жалғыз марапат иесі болып табылады.

2023 жылы Bereke Bank-тен санкциялық шектеулер алынып тасталып, Банк Fitch халықаралық агенттігінен «BB» деңгейінде ұзақ мерзімді рейтинг алды. Капиталдың, төлем инфрақұрылымының қажетті жеткіліктілігін қалпына келтіріп, тұрақты операциялық қызметке шықты.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ 2023 жылғы 10 қаңтарда «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ (бұдан әрі – QIC) болып өзгертілді.

⁶ «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ОЛЖАС БЕКТЕНОВ

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар
Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан
Республикасының Премьер-Министрі**

Құрметті, ханымдар мен мырзалар!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында бәсекелестік артықшылықтарды тиімді пайдалану, сондай-ақ негізгі өндірістік факторлардың: еңбек, капитал, ресурстар мен технологиялардың әлеуетін толық ашу арқылы экономикалық даму қажеттігін атап өтті. Әділдік, инклюзивтілік және прагматизм қағидаттары орнықты өнеркәсіптік қаңқаны қалыптастыруға, оқшаулаудың жоғары үлесімен өндіріс циклін құруға және агроөнеркәсіптік кешенде елеулі прогреске қол жеткізуге бағытталған елдің жаңа экономикалық бағытының негізі болады.

«Бәйтерек» Холдингі жоғары технологиялық жобаларды белсенді қаржыландыра, экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыта, ірі кәсіпорындар мен шағын бизнесті қолдай отырып, осы басымдықтарды іске асыруға елеулі үлес қосуды жалғастыруда.

2023 жылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ арқылы жалпы сомасы 1061,5 млрд теңгеге 297 ірі жобаға қолдау көрсетілді. Биылғы жылдың маңызды жобаларының қатарында үш ірі өндірісті іске қосу және жаңғырту: Ақмола облысының Бұланды ауданындағы құс фабрикасының үшінші кезегі, Хромтаудағы Дөң КБК байыту фабрикасы және Сарыарқа ферроқорытпа зауытының фабрикасы бар. Бұл жобалар өндірістік қуаттылықты арттырып қана қоймай, өңірлердің экономикалық дамуын ынталандыратын жаңа жұмыс орындарын ашады.

Қазақстандық өндірушілердің халықаралық аренадағы позицияларын нығайту жөніндегі күш-жігеріміз «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ арқылы қосымша дамуға ие болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 2022 жылы

259,1 млрд теңгеден 2023 жылы 324,8 млрд теңгеге дейін өсті, бұл қаржылық шығындарды қорғауды, географиялық нарықтарды кеңейтуді қамтамасыз ете отырып, елдің экспорттық әлеуетінің тұтас дамуын көрсетеді, осылайша бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Жаңа жұмыс орындарын құруда және елдің экономикалық өсуін жеделдетуде шешуші рөл атқаратын кәсіпкерлік бастаманы дамыту және шағын және орта бизнесті қолдау үшін – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 1,57 трлн теңгеге 23,9 мың кәсіпкерлік жобаға қолдау көрсетті.

Холдингтің міндеттерінің бірі – қазақстандықтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. 2023 жылы «Отбасы банк» АҚ және «Қазақстанның тұрғын үй компаниясы» АҚ құралдары арқылы 78 509 отбасы өзінің тұрғын үй жағдайларын жақсартты.

Холдинг сонымен қатар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыратын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ еншілес ұйымы арқылы ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше назар аударады. 2023 жылы Холдинг Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға 471 млрд теңге жоспарымен 554,7 млрд теңге бағыттады. Холдингтің қаржылық қолдауын агроөнеркәсіптік кешеннің 18,9 мың субъектісі алды, бұл 28,1 мың ауыл тұрғынын жұмыспен қамтуға және 2,7 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Холдингтің даму бағдарламаларын іске асыру нәтижесінде 2023 жылы 15 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды, сатылған өнім көлемі 34 трлн теңгені, ал экспортқа сатылған өнім көлемі 2,1 трлн теңгені құрады, бұл оның алдына қойылған міндеттердің орындалуын және Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлесін растайды.

Болашақта Холдинг тиімділікті арттыру және елді одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмысты жалғастырады.

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар
Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан
Республикасының Премьер-Министрі**
Олжас Бектенов

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



РУСТАМ КАРАГОЙШИН

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің елеулі қолдауының арқасында стратегиялық мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ете отырып, экономиканы дамытудың және ел халқының әл-ауқатын жақсартудың маңызды драйверлерінің бірі болып қала береді.

«Бәйтерек» холдингінің құрамына Қазақстан экономикасының түрлі секторларын дамытумен белсенді айналысатын 8 еншілес ұйым кіреді. Олар шикізаттық емес салаларды, экспортты, шағын және орта бизнесті қолдауға, сондай-ақ халыққа қолжетімді тұрғын үйді қамтамасыз етуге бағытталған. Осы бағыттарды біріктіру «Бәйтерек» Холдингіне бизнес пен халыққа кешенді қолдау көрсететін бірегей даму институты болуға мүмкіндік берді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Холдингің таза пайдасы – 407,6 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың мәнінен 26,6 млрд теңгеге артық.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1. Кәсіпкерлікті қолдау

Холдинг Холдингің еншілес ұйымы – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ ұсынатын борыштық қаржыландыру және Лизинг құралдарын ұсыну арқылы қазақстандық кәсіпорындарға қаржылық қолдауды қамтамасыз ете отырып, ел экономикасын әртараптандыру процесіне елеулі үлес қосады. 2023 жыл ішінде өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдағы банктік кепілдіктерді қоса алғанда, 42 жобаға 748,1 млрд теңге инвестицияланды. Осы соманың 371,9 млрд теңгесі экспорт алдындағы 29 операцияны қолдауды құрады.

Бұл қолдау елімізде жаңа өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобалардың пайда болуына, жаңа жұмыс орындарын құруға және отандық өнімнің шетелдік нарықтарға шығуына ықпал етеді.

2023 жылы 3 жоба іске қосылып, 798 жаңа жұмыс орны құрылды.

Экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға Холдинг басқа еншілес ұйым – «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (2024 жылғы мамырда «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ, ЭКА болып өзгертілді) арқылы да жәрдемдеседі. 2023 жылы жалпы сомасы 1 630,9 млрд теңгеге 667 экспорттық келісімшартты орындау кезінде қолдау көрсетілді.

Холдинг қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жеке кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Холдингің еншілес ұйымы барлық құралдар бойынша 23,9 мың жобаға қолдау көрсетті, ал қаржылық қолдау сомасы 1,57 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

2. Агроөнеркәсіптік секторды дамыту

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатының басымдықтарының бірі және Холдингің стратегиялық бағыты болып табылады.

2023 жылы Холдинг агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға 554,7 млрд теңге бөлді (жылдық жоспар бойынша 471 млрд теңге). Жас кәсіпкерлерге 25,6 млрд теңгеге шағын несие беру бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) қызметтері көрсетілді.

2023 жылы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі 178 млрд теңгені құрады.

3. Халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету

Холдинг Қазақстандағы тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының негізгі операторы болып табылады. 2023 жылы «Қазақстанның тұрғын үй компаниясы» АҚ ұсыныстарын қолдау құралдары есебінен іске қосылатын тұрғын үй көлемі 2,2 млн м² тұрғын үйді құрады.

Бұл ретте «Отбасы банк» АҚ 2023 жылы жалпы сомасы 1,1 трлн теңгеге 64,8 мың қарыз беріп, қарыз берудің сенімді өсімін көрсетті. 2023 жылдың соңында «Отбасы банк» АҚ жүйесінде жалпы сомасы 2,4 трлн теңгеге 2,8 млн шарт есептелді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты даму – Холдингің даму жоспарындағы негізгі құрамдас бөліктердің бірі. ESG қағидаттарын ұстану экологиялық және климаттық өзгерістерге байланысты тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілікті көрсету арқылы клиенттердің адалдығын нығайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде Холдингің нарықтағы өз орнын нығайтуға ықпал етеді.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары инвестициялық қызметтегі экологиялық және әлеуметтік факторларды ескеретін ESG қағидаттарын ұстанады. 2023 жылдың соңында Холдинг жасыл энергетика саласындағы жалпы қаржыландыру сомасы 186,7 млрд теңгеге, соның ішінде гидро-, күн және жел электр станцияларының құрылысын қоса алғанда, бірнеше жобаларды қолдады.

Холдингің 2022 жылғы жылдық есебі және Холдингің 2022 жылғы Тұрақты дамуы туралы есебі PwC халықаралық агенттігі өткізген ESG-ақпаратты ашу рейтингіне сәйкес Қазақстан Республикасындағы үздік 20 компанияның қатарына енді.

ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Алдағы уақытта «Бәйтерек» Холдингі перспективалы салаларды дамытуға, еңбек өнімділігін арттыруға және жұмыс орындарын құруға күш салуды жалғастырады, бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының әртараптандырылуына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады. Негізгі міндеті – бизнестің барлық санаттары үшін құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және бағдарламаларымызды экономикалық сын қатерлер мен мүмкіндіктерге бейімдеу болып табылады.

2023 жылғы қызметті қорытындылай келе, Холдинг ұжымына және оның еншілес ұйымдарына кәсіби көзқарасы үшін алғысымды білдіремін. Бұл үлкен ұжымға тиесілі болу мен үшін және менің әріптестерім үшін мақтаныш көзі болып табылады. Холдингің жоғары кәсіби командасы бізге одан да үлкен нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетініне сенімдімін.



«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы
Рустам Карагойшин

2023 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

РЕЙТИНГТЕРДІ РАСТАУ

- 2023 жылғы 31 қазанда Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ рейтингтерін «Ваа2» деңгейінде растады. Холдингтің ұзақ мерзімді рейтингтері бойынша болжам және эмитент бойынша болжам Қазақстанның егеменді рейтингіне сәйкес «Жағымды» күйге жақсартылды.
- 2023 жылғы 26 қазанда Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның «BBB» деңгейіндегі шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін, «Тұрақты» болжамын растады.
- 2023 жылғы 21 желтоқсанда Sustainable Fitch рейтингтік агенттігі Холдингке ұйымның ESG-рейтингін «3» деңгейінде (1-ден 5-ке дейінгі балл, мұндағы 1-і ең күштісі) 57 баллмен (100 балдық шкала бойынша, мұндағы 100-і ең күштісі) берді.

КРЕДИТ ЖҰМЫЛДЫРУ (ТАРТУ) ЖӘНЕ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҚОРЛАНДЫРУ

- 2023 жылғы 1 қыркүйекте Холдинг ҚДБ-не 9 млрд теңге сомаға қарыз берді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2023 жылы ҚДБ қолдауымен келесі ірі инвестициялық жобалар іске асырылды:

- Ақмола облысы, Бұланды ауданында бройлер өсіретін құс фабрикасының үшінші кезегін салу;
- Хромтау қаласында Дөң ҚБК шламын өңдеу бойынша байыту фабрикасын салу;
- Байыту фабрикасын, агломерациялық фабрикасын бар Сарыарқа ферроқорытпа зауытын салу.

АНК жалпы құны шамамен 65 млрд теңгені құрайтын АӨК түрлі салаларында 53 инвестициялық жобаны іске асыру үшін қаржыландыруды ұсындыпосле окон. поставит точку.

ЖАҢА ӨНІМДЕР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАР

- Отбасы Банкі «Дипломмен ауылға» мемлекеттік жобасының сенімді агенті болды. Бағдарлама ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға бағытталған. Бағдарламаны іске асыруды Банк және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) жүзеге асырады. ЖАО бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдайды және бағдарламаға қатысушыларға кредит беруді сүйемелдеуді және оған кредиттен кейінгі қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Жобаны Банк цифрлық форматта іске асырды. Бағдарлама шеңберінде АНК-нан жалпы көлемі 90 млрд теңге болатын 37 749 шарт портфелі алынды. Банк жергілікті атқарушы органдармен жалпы бюджет сомасы 18,6 млрд теңгеге 180 дана тапсырма шартына қол қойды. Бағдарлама бойынша жалпы сомасы 17,38 млрд теңгеге барлығы 3 416 қарыз, сондай-ақ жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге 4 504 көтерме жәрдемақы берілді.
- Отбасы Банкі негізгі мемлекеттік жобалардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» уәкілетті операторы болды. Есепті жылы банк жобаның Тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі шараларды бекітті.
- Отбасы банк салымшыларының депозиттеріне өтемақыны 10% мөлшерінде есептеу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Банкте ашылған 883 071 салымға барлығы 115,1 млрд теңге аударылды.
- Отбасы банк Азия даму банкінен 15,6 млрд теңге көлемінде үшінші транш қаражаты есебінен «Ұмай» әйелдер ипотекасы бағдарламасын іске асырды. Есепті жылы банк «Ұмай» бағдарламасын жүзеге асырғаны үшін гендерлік чемпион болып танылды. Отбасы банк Қазақстаннан елдегі гендерлік теңдікті белсенді ілгерілеткені үшін Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасынан (ОАӨӘЫ) жалғыз марапат иесі.

- Отбасы банк жергілікті атқарушы органдармен және жеке компаниялармен ынтымақтастықта бірқатар өңірлік, жастар және корпоративтік бағдарламаларды іске қосты. Академиялық ғылыммен айналысатын жастарға бағытталған 2023-2027 жылдарға жас ғалымдарға арналған тұрғын үй бағдарламасы әзірленді.

- Отбасы банк азаматтардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған Қазақстандағы алғашқы «Жасыл ипотека» бағдарламасын іске қосты⁷.

- ҚАҚ кәдеге жарату алымы қаражатынан («Жасыл Даму» АҚ кредиторы) қаржыландырылатын жылдық 6% мөлшерлеме бойынша ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингі бағдарламаларын, ҚАҚ-тың бюджет және меншікті қаражатын кеңейтті.

- АНК 2,5% жеңілдік мөлшерлемесі бойынша жас кәсіпкерлерге шағын несие беру бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкілі (агент) болды.

- «Даму» Қоры купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау құралы бойынша 2023 жылға 3 жобаға қол қойылды, шығарылған облигациялар сомасы 5,5 млрд теңгені құрады.

- QIC 2023 және 2024 жылдары өңдеуші өнеркәсіп жобаларына мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін «Өңдеуші өнеркәсіпті дамыту тұжырымдамасы (ӨӨДТ)» бағдарламасын іске асыруды бастады.

- ҚДБ-ның жасыл облигацияларды қазақстандық қор нарығында дебюттік орналастырулары: 2023 жылғы наурызда KASE биржасында 10 млрд теңгеге, ал желтоқсанда – 15 млн АҚШ доллары сомасына AIX биржасында облигацияларды орналастырды.

- ҚДБ алғаш рет қазақстандық екінші деңгейлі банктермен бірлесіп жобаларды синдикатталған қаржыландырудың (бірлесіп қаржыландырудың) жаңа құралын қолданды. Атап айтқанда, ҚДБ «Нұрбанк» АҚ және «БанкЦентрКредит» АҚ-мен бірлесіп «RG Brands Kazakhstan» ЖШС синдикатталған қаржыландыру туралы келісім жасасты.

КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУ

Холдинг шетелдік қаржы ұйымдарымен 3 меморандумға қол қойды:

- инвестициялық жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін кеңейту мақсатында China International Capital Corporation (International) Limited (CICC) және Industrial and Commercial Bank of China Limited (ICBC) компаниясымен 2 меморандумға қол қойылды;
- Германия экономикасының Шығыс комитетімен тығыз сауда қатынастары мен коммерциялық байланыстарды дамытуға, сондай-ақ өзара сауда мен инвестицияларды дамытуға негіз болатын бірлескен жобаларды қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобын құру жөніндегі ниеттер туралы меморандумға қол қойылды.

КОНКУРСТАРДАҒЫ ЖЕҢІС

- Холдинг «Қазақстанның үздік жасыл кеңсесі» номинациясы бойынша GREEN OFFICE AWARDS сыйлығын алды. «Ең жасыл кеңсе» атағын Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь, Армения, Ресей және басқа елдердің компаниялары алуға таласты.
- Холдинг 2023 жылы Қазақстан Республикасында РwC халықаралық агенттігі өткізетін ESG-ақпаратты ашу рейтингінің үздік 20-на кірді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ СЫРТҚЫ БАСТАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ

- Холдинг 2022 жылы **БҰҰ-ның әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту бастамасына** (Women's Empowerment Principles – WEP's) қосылды. WEP's Қағидаттарына қол қою гендерлік теңдікті ілгерілетуге және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге қызығушылық пен белсенді ұстаным туралы қоғамдық бастама болып табылады. Сондай-ақ, есепті жылы WEP's бастамасын іске асыру туралы есеп дайындалды, ол Холдингтің 2022 жылғы Тұрақты даму туралы есебіне енгізілді.

⁷ Бағдарламаны іске асырудың негізгі шарты сатып алынатын тұрғын үйдің сертификаттау деңгейіне қарамастан, Қазақстандағы қолданыстағы жүйелердің бірі (OMIR, ГОСТ P, BREEAM, LEED) бойынша сертификатталған «жасыл стандартқа» сәйкестігі болып табылады.

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

ХОЛДИНГТИҢ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ

АКТИВТЕР

13 620
млрд теңге

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

10 955
млрд теңге

КАПИТАЛ

2 665
млрд теңге

ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

ХОЛДИНГТИҢ МИССИЯСЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ «СТРАТЕГИЯ – 2050» МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ.

ҚЫЗМЕТТИҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ:

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС САЛАЛАРДЫҢ ІРІ КӘСІПОРЫНДАРЫН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КРЕДИТТЕУДЕГІ ХОЛДИНГТИҢ ҮЛЕСІ

30%

ХОЛДИНГТИҢ ҚОЛДАУЫМЕН ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДАТЫ БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ 33% ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КРЕДИТ БЕРІЛДІ

33%

«ОТБАСЫ БАНК» АҚ ЕЛІМІЗДЕГІ БАРЛЫҚ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫҢ 55% БЕРГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИПОТЕКАЛЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫ

55%

ЭКСПОРТТЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ ҮЛЕСІ ЖИЫНТЫҚ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС ЭКСПОРТТЫҢ 16%-ЫН ҚҰРАДЫ

16%

АӨК КРЕДИТ БЕРУДЕГІ ХОЛДИНГТИҢ ҮЛЕСІ

63%

ХОЛДИНГТИҢ ҚЫЗМЕТІНЕ СЕНІМ ИНДЕКСІ 2023 ЖЫЛЫ 87,68%-ДЫ ҚҰРАДЫ

87,68%

ХОЛДИНГТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС РЕСУРСТАРЫ

БІРЫҢҒАЙ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТІ

Мынадай кагидаттарға негізделеді:

- жауапкершілік;
- кәсібилік және даму;
- өзара құрмет пен сенім;
- командалық рух.

ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ЕҰ Директорлар кеңестерінің, жұмысына белсенді жұмылдыру

ЖАУАПТЫ ИНВЕСТИЦИЯ

Қаржылық қолдау көрсету кезінде ESG факторларын есепке алу


КЛИЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛІ

Бизнесті қолдаудың, бірыңғай порталын – Bgov әзірлеу, онда Холдингтің еншілес ұйымдарының қызметтері цифрландырылған



Жасау



Процесінде



Келісу бойынша



Іске асырылды



ДАМУ ЖОСПАРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Холдингте Стратегиялық жоспарлау «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV ҚР Заңының (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік туралы Заң) 184-бабының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері бекітілетін негізгі құжат ҚР Үкіметі бекітетін даму жоспары болып табылады. Даму жоспары Холдингтің еншілес ұйымдарының даму стратегияларын ескере отырып әзірленеді және мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауларының ережелерін ескере отырып түзетілуі мүмкін.

Холдингтің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру және оның қызметінің тиімділігі қызметтің негізгі көрсеткіштерінің (бұдан әрі – ҚНҚ) көмегімен бағаланады. Холдинг және оның ЕҰ келесі құжаттарды басшылыққа ала отырып, ҚНҚ жинағын қалыптастырады:

- Холдингтің 10 жылдық кезеңге арналған даму жоспары;
- Холдингтің 5 жылдық кезеңге арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- ЕҰ лауазымды тұлғаларының (басшы қызметкерлерінің) міндеттерін бөлу туралы бұйрық;
- ЕҰ-да іске асырылатын жол карталары;

- Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауы;
- Мемлекеттік бағдарламаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары.

Холдингте және оның ЕҰ келесі ҚНҚ иерархиясы құрылды:

- Корпоративтік ҚНҚ ;
- Холдингтің басшы қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерінің) ҚНҚ;
- Холдингтің басқарушы қызметкерлері мен қызметкерлерінің ҚНҚ;
- Басшы қызметкерлер мен ЕҰ қызметкерлерінің ҚНҚ.

Басшы қызметкерлердің ҚНҚ және корпоративтік ҚНҚ Холдингтің директорлар Кеңесімен бекітіледі. Холдингтің басқарушы қызметкерлері мен қызметкерлерінің ҚНҚ-н Холдингтің Басқармасы бекітеді. ЕҰ басшы қызметкерлерінің ҚНҚ-н ЕҰ Директорлар кеңесі, ал ЕҰ еншілес ұйымдары қызметкерлерінің ҚНҚ-н ЕҰ Басқармасы бекітеді. Холдингтің және ЕҰ басшы қызметкерлерінің ҚНҚ нақты мәндерін есептеу есепті жыл аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады, Холдингтің және ЕҰ қалған қызметкерлері бойынша тоқсан сайын жүзеге асырылады.

ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	КӨРСЕТКІШІ	2023	2023	2024 ⁸
Қазақстан Республикасы экономикасының Тұрақты дамуына жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шоғырландырылған ҚНҚ				
1.	Холдингтің жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық қоржындарының үлесі, %	77,00	73,08 ⁹	73,0
2.	Есепті жылдағы қарыздың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі, %	70,00	84,11	-
3.	ROA (шоғырландырылған), %	1,04	3,15	-
4.	Кредит қоржынындағы жеке сектордың үлесі, %	80,00	90,64	-
5.	Клиенттердің қанағаттануы, п. к.	87,00	89,83	-

⁸ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспары шеңберінде қабылданған жоспарлы көрсеткіштер көрсетілген. 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспары шеңберінде «№» бағанында «Жаңа» деп белгіленген жаңа негізгі көрсеткіштер де қабылданды.

⁹ «Холдингтің жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық қоржындарының үлесі» тармағы кредиттік және инвестициялық қоржындардың сомасы бойынша 5,8%-ға жоспардың орындалмау себебі бойынша орындалмаған.

Кредиттік портфель (КК: 9 561 млрд теңге жоспар бойынша 8 836 млрд теңге), қарыздарды толық көлемде бермеу, қарыздарды жоспардан тыс ірі өтеулер, инвестициялық жобалар бойынша әділ құнның өзгеруі және т. б. себебінен 7,5%-ға орындалмады.

Инвестициялық портфель бойынша жоспар 110,7%-ға орындалды (ИК: 1 118 млрд тг).

№	КӨРСЕТКІШІ	2023	2023	2024 ⁸
6.	Корпоративтік басқару рейтингі, %	85-100	98,80	-
7.	Тұрақты даму рейтингі, рейтинг	C	C +	-
Міндеттері:				
<ul style="list-style-type: none"> • Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту • Кәсіпкерлікті дамыту (экономиканың жеке секторы) • Шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау • Өнімділікті арттыру 				
Стратегиялық бағыттары:				
<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкерлікті қолдау 				
8.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жыл ішінде), млрд теңге	9 413,2	15 602,06	13 342,10
9.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішінде), млрд теңге	1 464,3	2 160,95	1 869,81
10.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның қаражат бірлігіне ҚР-ға жұмылдырылған инвестициялар коэффициенті	≥2	2,07	≥2
жаңа	Нарықта жұмыс істеп тұрған МШОБ субъектілерінің жалпы санына қаржылық қолдау көрсетілген МШОБ субъектілерінің үлесі, %	-	-	0,93
жаңа	Салынған капиталдың жиынтық құны (Total Value to Paid-in Capital, TVPI), коэф.	-	-	1,21
Міндеті:				
<ul style="list-style-type: none"> • АӨК-де қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жарақтандыру деңгейін және өндірісті қарқындатуды арттыру 				
Стратегиялық бағыты:				
<ul style="list-style-type: none"> • Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту 				
11.	АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жыл ішінде), млрд теңге:	325,46	361,82	367,20
	- ауыл шаруашылығында	288,46	325,74	-
	- азық-түлік өнімдерін өндіру саласында	37,0	36,10	-
12.	Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі (бір жыл ішінде), млрд теңге	173,0	188,73	-
Міндеті:				
<ul style="list-style-type: none"> • Экономиканы урбанизациялауды қолдау 				
Стратегиялық бағыты:				
<ul style="list-style-type: none"> • Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 				
13.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Қазақстан Республикасында Қолжетімді тұрғын үй салуға қосқан үлесі (бір жыл ішінде), %	17,49	26,78	-
Міндеті:				
<ul style="list-style-type: none"> • Халықтың әл-ауқатын жақсарту 				
Стратегиялық бағыты:				
<ul style="list-style-type: none"> • Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 				
жаңа	Көппәтерлі тұрғын үйлер нарығын үлестік құрылыс тетіктерімен қамтуды ұлғайту, %	-	-	36,0
жаңа	Бастапқы және салынып жатқан тұрғын үйге қарыздар үлесін ұлғайту, %	-	-	26,39
жаңа	Тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезекте тұрғындардың үлесі (2024 жылдан бастап жинақталған), %	-	-	1,09

ХОЛДИНГТИҢ 2014-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРЫ

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы қаулысымен бекітілді. Мемлекеттік мүлік туралы Заңға өзгерістер енгізілуіне байланысты 2022 жылғы 29 сәуірде құжаттың атауы «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған

даму жоспарына (бұдан әрі – 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспары) өзгертілді.

2014-2023 жылдарға арналған даму жоспары Холдингінің миссиясын және оның Қазақстан экономикасындағы орны туралы пайымы былайша айқындады:

МИССИЯСЫ Қазақстан Республикасының Тұрақты дамуы және «Стратегия – 2050» мақсаттарына қол жеткізу

ПАЙЫМЫ Үздік стандарттарға сәйкес бизнес үшін қолдау құралдарын ұсынатын және Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейін арттыратын озық даму институты

Қазақстан экономикасының Тұрақты дамуына жәрдемдесу жөніндегі миссияны іске асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдына алты стратегиялық міндет қойылды, оларды орындау

кәсіпкерлікті қолдауды, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды және халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуді қоса алғанда, үш бағытта қызмет жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ	ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ
Кәсіпкерлікті қолдау	<ul style="list-style-type: none"> экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау өнімділікті арттыру
Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> АӨК-де қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жарақтандыру деңгейін және өндірісті қарқындатуды арттыру
Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> экономиканы урбанизациялауды қолдау

2014-2023 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар

жоспары) үш стратегиялық бағыт бойынша 98 іс-шара өткізуді көздеді.

«КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ» БАҒЫТЫ

Бірінші стратегиялық бағыты – «Кәсіпкерлікті қолдау» төрт кіші бағытты қамтыды:

- Ірі бизнес сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау;

- ШОБ сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау;
- Экспорттық әлеуетті арттыру;
- Үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту.

1. ІРІ БИЗНЕС СЕГМЕНТІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

2023 жылы ҚДБ ЕҚДБ және АДБ-мен бірлесіп қаржыландыру және синдикатталған қаржыландыру құралы шеңберінде Алматы қаласында энергетика саласындағы «ЖЭО-2 жаңғырту» ірі жобасы мақұлданды. ҚДБ қатысуы 117 млрд теңгені құрайды, ЕҚДБ мен АДБ бірлесіп 232 млрд теңге бөледі, ал 87 млрд теңге «Алматы электр станциялары» АҚ-ның өз қаражаты есебінен игеріледі.

Жоба белгіленген электр генерациялау қуатын 510-нан 600 МВт-қа дейін, ал жылу қуатын 957 Гкал-ға дейін арттыруды көздейді. Бұл ретте ЖЭО-2 тас көмірден отынның неғұрлым экологиялық түрі болып табылатын табиғи газға ауыстырылатын болады, бұл қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Атмосфераға күкірт диоксиді мен күл (шаң) шығарындылары толығымен алынып тасталады, ал көмірқышқыл газы (СО2) бір жарым есе азаяды. Жобаны аяқтау 2026 жылға жоспарланған.

2023 жылы ҚДБ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Bank of China Kazakhstan бірлесіп Атырау облысының Мақат ауданындағы «GPC Investment» ЖШС «Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытын салу» газ өңдеу саласындағы ірі жобаны қаржыландыруды мақұлдады. Жобаның мақсаты мұнай өндіру кезінде алынатын илеспе мұнай газын қайта өңдеу бойынша жаңа қуаттарды құру арқылы Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемін ұлғайту болып табылады. Жоба «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға жоғары күкіртті газдарды өңдеумен айналысатын компаниялармен бір қатарға тұруға мүмкіндік беретін күрделі жоғары технологиялық өндірістерді пайдалануға беруді көздейді. Жобаны іске асыру нәтижелері бойынша 2023-2041 жылдары мұнай өндірудің жыл сайынғы көлемін біртіндеп ұлғайту болжануда. 2041 жылға қарай жыл сайынғы өндіру көлемі 12 млн тоннаға дейін және қайта өңделетін илеспе газдың көлемі артады деп күтілуде.

2. ШОБ СЕГМЕНТІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

2023 жылдың қорытындысымен «Даму» Қоры желісі бойынша қаржылық қолдау көрсетілген МШОБ субъектілерінің үлесі 9,39%-ды (2022 жылы 9,51%) құрады. «Даму» Қоры іске асыратын қаржы құралдары арқылы 2023 жылы 1,57 трлн теңгеге 23,9

мың жоба қаржыландырылды. Бағдарламаларды іске асырудың барлық кезеңінде «Даму» Қоры жалпы сомасы 12,1 трлн теңгеге 202,8 мыңнан астам жобаны іске асыруды қаржыландырды.

3. ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

2023 жылы Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі «KazakhExport» (2024 жылғы мамырда «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ, ҚЭА болып өзгертілді) экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-мен бірлесіп, 2024 жылғы қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі. Заң жобасын әзірлеудің мақсаты – отандық экспорттаушылардың мүддесі үшін отандық және шетелдік қаржы

ұйымдарымен және экспорттық-кредиттік агенттіктермен өзара іс-қимыл жасай отырып, ҚЭА-ға шикізаттық емес экспортты қолдау мен дамытудың негізгі шараларын орталықтандыруға мүмкіндік беретін экспорттық-кредиттік агенттіктің арнайы құқықтық мәртебесін құру болды. Экспорттық-кредиттік агенттікті құру ҚЭА-ға экспорттық мәмілелерге кепілдік беруді және сауданы қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялауды қоса алғанда, жаңа функцияларды беруге мүмкіндік береді.

2023 жылы шетелдік контрагенттермен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту және нығайту

жөніндегі жұмыстар шеңберінде ҚЭА Тәжікстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының, Пәкістан Ислам Республикасының, Өзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының және Біріккен Араб Әмірліктерінің дипломатиялық миссияларының өкілдерімен кездесулер өткізді. Шетелдік импорттаушылармен, сауда

желілерімен, банктермен, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарымен және басқа да қаржы институттарымен ынтымақтастық туралы 7 келісімге және меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар, ҚЭА қызметкерлері түрлі халықаралық форумдар мен семинарларға қатысты.

4. ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ (PRIVATE EQUITY)

Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына ресми сапары шеңберінде 2023 жылғы 17 қазанда «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ және генетикалық зерттеулер жүргізуге маманданған қытайлық BGI Group компаниясы Forebright Life Science Technology Fund бірлескен инвестициялық қорын құру туралы келісім жасасты. Құрылатын қор Таяу Шығыс және Азия өңірлерінде, соның ішінде Қазақстанда мультиомикалық технологиялар және синтетикалық биология саласындағы инновациялық жобаларды қаржыландыруға бағытталады деп жоспарлануда. Репродуктивті технологияларды әзірлеуді, туа біткен ақаулардың алдын алу үшін босанғанға дейінгі зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ, жаңа туған нәрестелерді кешенді тексеруді қоса алғанда, денсаулық сақтауға ерекше назар аударылатын болады.

Сондай-ақ, аталған сапар аясында QIC China Huadian Overseas Investment Ltd компаниясымен энергетика саласындағы инвестициялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Келісім Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде қойған міндеттерін, оның ішінде жаңа қуаттарды енгізу (оның ішінде ЖЭК пайдалану арқылы) арқылы елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдік капитал үшін оның ішінде энергетика саласындағы инвестициялық тартымдылығын арттыруды шешуге бағытталған.

2023 жылы QIC жалпы сомасы 34 млрд теңгеден асатын 34 жобаны қаржыландырды. Олардың ішінде энергетика, өндірістік қауіпсіздік, өңдеу өнеркәсібі, ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау саласындағы жобалар бар.



«АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУ» БАҒЫТЫ

2023 жылы Қазақстан агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға 554,7 млрд теңге сомасына 23 891 кредит берілді, оның ішінде төрт кредиттеу бағдарламасы

шеңберінде жалпы сомасы 375,9 млрд теңгеге 16,2 мың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржыландыру берілді.

2023 ЖЫЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНЕ КРЕДИТ БЕРУ

№	КРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	Берілген кредит, млрд теңге
1.	«Агробизнес»	186,8
2.	«Іскер» шағын несиелеу	22,3
3.	«Кең дала» (көктемгі-егістік және егін жинау жұмыстары)	141,2
4.	Жастарға шағын несие беру	25,6
Барлығы		375,9

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚАҚ 178,8 млрд теңге сомасына 7 710 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизинг құралы арқылы сатып алуды қаржыландырды.

Сондай-ақ, АНК жас кәсіпкерлерге микрокредит берудің жаңа бағдарламасы бойынша жылдық 2,5%-дық жеңілдік мөлшерлемесімен сенім білдірілген өкіл (агент) қызметін атқарып, бағдарлама шеңберінде 25,6 млрд теңге сомасына 7,2 мың микрокредит берді.

«ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» БАҒЫТЫ

Осы бағыт шеңберінде жұмысты Холдингтің екі еншілес ұйымы – «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ және «Отбасы банк» АҚ жүргізеді.

ҚТК ел халқының сапалы және жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етілуін арттыруға бағытталған мемлекеттік шараларды іске асыру шеңберінде кешенді қолдау көрсететін тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы функциясын орындайды. ҚТК өз қызметінде келесі қаржыландыру құралдарын қолданады:

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (эмитенттерді) бүгінгі күні ұлттық жоба шеңберінде қор нарығына шығуға ынталандыру мақсатында кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралынан басқа, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің облигациялары немесе исламдық бағалы қағаздары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау құралы бойынша қолдау шарасы көзделген биржа», сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы биржасының тізіміне енгізілді. Купондық сыйақы

бірлесіп қаржыландыру шарттарында МШОК субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыру жалғастырылды – 2023 жылы бағдарлама бойынша осы бағдарлама шеңберінде бұрын бөлінген қаражат бойынша жағартпалы берісті ескере отырып, 37,2 млрд теңге сомаға 504 МШОК субъектісі қаржыландырылды.

Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау Бағдарламасы шеңберінде (Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат (1,2,3 транш)) Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша Қор 2023 жылы ЕДБ арасында 34,4 млрд теңге мөлшерінде қайтарымды қаражатты қайта бөлді. Қаражат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Bereke Bank» АҚ, «ForteBank» АҚ және «Еуразиялық банк» АҚ-да орналастырылған. Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%-дан аспады. 2023 жылы осы бағдарламалар шеңберінде бұрын бөлінген қаражат бойынша револьверлік берілістерді ескере отырып, 115,8 млрд теңге сомасына 277 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі қаржыландырылды.

мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін шығарылған, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге және жобалар бойынша ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға бағытталған облигациялар немесе исламдық бағалы қағаздар бойынша жүзеге асырылады.

2023 жылдың 4 тоқсанында купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау құралы бойынша 3 жоба қолдау тапты, шығарылған облигациялар сомасы 5,5 млрд теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 07.10.2022 жылғы №795 қаулысына сәйкес Даму Қоры берілетін кредиттер және жасалатын лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары шеңберінде қаржы агенті, Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалар, Өңдеуші өнеркәсіптің отандық жоғары технологиялық тауарлары мен қызметтерін шетелдік сатып алушыларға, шикізаттық емес экспортты

ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператор тарапынан сақтандыруға жатады, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі өзінше және бекіткен қабылданған халықаралық міндеттемелерді ескере отырып (СИМ ережелері).

2023 жылы Қордың бастамасы бойынша барлық қатысушылар үшін СИМ ережелерін іске асыру рәсімін жақсартатын өзгерістер мен толықтырулар (ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 25.05.23 ж., №186-НҚ бұйрығы) бекітілді.

2023 ЖЫЛЫ СУБСИДИЯЛАУ ҚҰРАЛЫ БОЙЫНША ДАМУ ҚОРЫ АҚ КӨРСЕТКЕН ҚОЛДАУЫ

БАҒДАРЛАМА	Жобалар саны	Кредиттік қоржын, млрд теңге	Төленген субсидиялар, млрд теңге
2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба	7 841	761,5	170,9
Қарапайым заттар экономикасы	151	202,5	73,7
Портфельдік субсидиялау-микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау	4 325	39,5	21,2
БҰҰДБ	22	1,7	0,6
Жалпы жиыны	12 339	1005,2	266,4

КЕПІЛДІК

Кепілдік беру – кепілмен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі жағдайында кәсіпкерлердің банктік кредит беру / қаржы лизинг шарттары бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін мемлекет пайдаланатын қаржылық қолдау құралы. Кепілдік беру құралы кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету және оңайлату бойынша сұранысқа ие және тиімді өнімдердің бірі болып табылады. Осылайша, кредиттік кепілдіктер тетігі бір жағынан МШОК субъектілеріне қолда бар кепілдерден бірнеше есе асатын қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді, екінші жағынан банктерге МШОК-ты қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді мемлекетпен бөлісуге мүмкіндік береді және осылайша банктерді тәуекелді стартап жобалар мен МШОК жобаларын қаржыландыруға ынталандырады.

Кепілдік беру құралын Қор кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын және «қарапайым заттар экономикасын» қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде де, сондай-ақ жеткілікті кепілмен қамтамасыз етілмеген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін банктік қаржыландыруға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген «Даму-Оптима» бағдарламасы шеңберінде Қордың меншікті бағдарламалары шеңберінде де іске асырады және мемлекеттік бағдарламалардың шарттарына сәйкес келмейтін.

Осы құралды іске асыру жылдарында бизнес-процестерді цифрландыру бойынша жүргізілген жұмыстарды ескере отырып, Қор кепілдік беру жөніндегі өтімдерді қарау процесін қарастыру мерзімін 10-нан 5 жұмыс күніне дейін, ал портфельдік кепілдік беру бойынша 1 жұмыс күніне дейін қысқарту жолымен жеделдетті, бұл жасалатын шарттардың өсуін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2023 ЖЫЛЫ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚҰРАЛЫ БОЙЫНША ДАМУ ҚОРЫ КӨРСЕТКЕН ҚОЛДАУЫ

БАҒДАРЛАМА	Жобалар саны	Кредиттік қоржын, млрд теңге	Кепілдік сомасы, млрд теңге
2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба	4 052	298,6	132,6
Қарапайым заттар экономикасы	14	5,8	2,6
Портфельдік кепілдендіру – микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау	3 891	33,8	28,7
Агроөнеркәсіптік кешенге кепілдік беру	4	0,4	0,1
Даму-Оптим	222	24,6	10,4
Жалпы жиыны	8 183	363,2	174,4

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ

Кәсіпкерлерді қолдау бағдарламаларын ілгерілету мақсатында әлеуметтік желілерде және «Даму» қорының корпоративтік сайтында белсенді жұмыс жүргізілді. Осылайша, 2023 жылы корпоративтік сайтта «Даму» Қорының қолдау бағдарламаларына 700 000-нан астам бірегей пайдаланушылар қызығушылық танытты. Кәсіпкерлерден қосымша кеңес алу үшін әлеуметтік желілердегі жарнамалық хабарламалар арқылы 8000-нан астам өтінім қабылданды.

«Даму» Қорында аймақтық филиалдардың кең желісі болғандықтан, байланыстар аймақтардағы аудиторияның мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып құрылған.

«Даму» қоры микро, шағын және орта бизнес өкілдеріне ыңғайлы болу үшін цифрлық арналарды дамытуды жалғастыруда. Байланыстардың маңызды цифрлық арналарының бірі – «Даму» қорының «Даму» Қоры іске асыратын кәсіпкерлер мен халықты қызмет нәтижелері, қабылданған өзгерістер немесе жаңа қолдау бағдарламалары туралы жедел хабардар етуге, сондай-ақ неғұрлым өзекті мәселелер бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік беретін www.damu.kz корпоративтік сайты болып табылады. Сондай-ақ, сайтта қазақстандық экономиканың нарықтары мен секторлары бойынша барлық талдамалық ақпарат шоғырланған, оны кәсіпкерлер зерттеп, шешім қабылдау кезінде зерттеулерге сүйене алады.

«Даму» Қорының қызметтерін цифрландыру шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін өтінімдер беру online.damu.kz интернет-порталы, egov.kz «электрондық үкімет» сайты, сондай-ақ ЕДБ-дан деректерді қабылдау-беру жөніндегі web-сервис арқылы жүзеге асырылады.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы «Даму» Қоры бірқатар іс-шаралар мен жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр:

- Халықаралық рейтинг агенттігінің ESG рейтингін арттыру;
- Мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің және «Даму» Қорының жұмыс жүйелерін интеграциялауды жалғастыру;
- Кәсіпкер әйелдерге арналған «Үміт» бағдарламасы бекіту;
- Субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдау шеңберінде бірыңғай кешенді бағдарламаны бекіту;
- «Даму» Қорының 2024-2028 жылдарға арналған PR-стратегиясын әзірлеу және бекіту;
- «Даму» Қорының алдағы 2024-2033 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы шеңберінде үздік әлемдік тәжірибелерге бағдарлана отырып, «Даму» Қоры «Даму» Қорының барлық қызмет салаларына Тұрақты даму қағидаттарын интеграциялауды, оларды «Даму» Қорының барлық өнімдері мен қолдау бағдарламаларына және стратегиялық құжаттарға дәйекті енгізуді өз міндетіне қояды. Осыған байланысты «Даму» Қоры «Даму» Қорының бекітілген ESG-бастамаларының жол картасында көрсетілген іс-шараларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

Экспортты қолдау – Холдингтің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. 2017 жылдың наурыз айынан бастап Холдингтің еншілес ұйымы – «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі»

АҚ-Ұлттық компания мәртебесіне ие болып, кең ауқымды қаржы құралдарымен экспортты қаржылық қолдаудың бірыңғай орталығына айналды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ-САҚТАНДЫРУ ҚОЛДАУЫ

2023 жылы ҚЭА жалпы сомасы 1 630,9 млрд теңгеге 667 экспорттық келісімшартты орындау кезінде қолдау көрсетті. Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 2022 жылы 259,1 млрд

теңгеден 2023 жылы 324,8 млрд теңгеге дейін өсті. 2023 жылы 70 экспорттаушы, оның ішінде 27-і алғаш рет қолдау алды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ-САҚТАНДЫРУ ҚОЛДАУЫН ДАМУЫ, МЛН ТЕҢГЕ

КӨРСЕТКІШТЕРІ	2021	2022	2023
Қабылданған міндеттемелердің көлемі	204 705	259 081	324 816
Ұсынылған сауда-саттық қаржыландыру көлемі	17 713	18 596	6 612
Ұсынылған экспорт алдындағы қаржыландыру көлемі	14 436	1 423	12 723
Қолдау көрсетілетін экспорттық келісімшарттардың сомасы	326 515	1 135 838	1 630 917

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ» АҚ ҚОЛДАУЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

«ПЕТРОПАВЛ АРАҚ ЗАУЫТЫ» ЖШС, ПЕТРОПАВЛ Қ.

«Петропавл арақ зауыты» ЖШС Солтүстік өңірдің тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарының бірі болып табылады, өңірде арақ зауытының болуы және кейіннен жаңа цехтың құрылысы жоғары әлеуметтік және экономикалық маңызға ие.

Компания Солтүстік Қазақстан облысындағы ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады. Өнімдер: Германия, Литва, Польша, Моңғолия, Грузия, Ресей елдеріне экспортталады.

ҚЭА 2023 жылы инвестициялық мақсаттарға 7 млрд теңге сомасында қарызды сақтандыру компаниясына қолдау көрсетті. Процесті автоматтандырудың арқасында зауыттың өнімділігі артып, сонымен қатар өнімнің сапасы жақсарады. Жаңа зауыт сағатына 6-8 мың бөтелке немесе жылына 43,2 миллион бөтелке шығарады деп күтілуде. Сондай-ақ, бұл жергілікті бюджетке жылына 22 млрд теңгеге дейін салық енгізуге мүмкіндік береді.

«ЛОТТЕ РАХАТ» АҚ, АЛМАТЫ Қ.

«ЛОТТЕ Рахат» акционерлік қоғамы 75 жыл бойы өз тарихын жүргізіп келе жатқан Қазақстандағы кондитерлік өнімдердің ірі өндірушілерінің бірі болып табылады. Кондитерлік өнімдердің алғашқы өндірісі 1942 жылы ликер зауытының алаңдарында, соғыс кезінде Мәскеу мен Харьковтан эвакуацияланған жабдықта ұйымдастырылды. «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-да шамамен 2 475 адам жұмыс істейді. Экспорт географиясы: Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия, Грузия, РФ, ҚХР, Германия.

Жыл сайын компания ҚЭА -да төлемді кейінге қалдыру арқылы барлық экспорттық келісімшарттарды сақтандырады, бұл шетелдік контрагенттердің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін азайтады. Осылайша, бұл қолдау жыл сайын экспорттың көлемі мен географиясын арттыруға көмектеседі.

2023 жылы Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан және РФ сияқты елдерге 9 келісімшарт сақтандырылды, көрсетілген қолдау сомасы 5,4 млрд теңгені құрады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ

2023 жылы ҚЭА шетелдік өкілдерінің желісі бойынша экспорттық мәмілелерді сақтандыру бойынша 35 жоба іске асырылып, 14 жаңа шетелдік импорттаушы тартылды.

Компанияның шетелдік өкілдерінің көмегімен шетелдік контрагенттердің сенімділігі туралы 103 қорытынды берілді, сондай-ақ шетелдік импорттаушылармен, сауда желілерімен, банктермен және басқа да қаржы институттарымен ынтымақтастық туралы 6 келісімге және меморандумға қол қойылды.

2023 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ» АҚ ШЕТЕЛДІК ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАР

- Өзбекстандағы шетелдік өкілдің көмегімен ҚЭА саудалық қаржыландыруы аясында түрлі жобалар іске асырылды. Жалпы сомасы 5 млн АҚШ долларын құрайтын қазақстандық етті жеткізу бойынша мәмілені ерекше атап өтуге болады. Осы қолдау құралының арқасында аккредитивтік төлем нысаны шеңберінде қазақстандық ет экспорттаушы «Астық индустриясы» ЖШС өзінің қазақстандық банкіне кепілді төлемді жөнелтті және қабылдады, ал Өзбекстандағы сатып алушы аккредитив шығарған Өзбекстан банкіне – «Капиталбанк» АҚБ-да төлемді ыңғайлы мерзімін ұзартып, жеңілдікті мөлшерлемені алды. Сондай-ақ, экспорттық келісімшарттарды сақтандыру шеңберінде «Enter Engineering Pte Ltd» компаниясының электр энергиясын тұтынуды бақылау жүйелерін жеткізу бойынша 4,7 млрд теңге сомасына «TECHNOKONT» ЖШС-мен мәміле іске асырылды.
- Өзбекстанмен ҚЭА қолдаған мәмілелерді атап өтіп, күнбағыс майы, ет, кондитерлік өнімдер, ұн мен жарма, құрғақ құрылыс қоспалары,

аккумуляторлар, логистика қызметтері, металдар, арматура және т. б. экспортын атап өту қажет.

- Өңірлік директор мен менеджердің көмегімен Тәжікстанда «Азия Групп холдингі» ЖАҚ, «Доро-Инвест» ЖШҚ және «Довар-2015» ЖШҚ шығарған аккредитивтер бойынша экспорттық сауда қаржыландыру шеңберінде арматура мен автомобильдердің экспорты бойынша ірі мәмілелер жүзеге асырылды.
- Ресей Федерациясындағы өңірлік директорлар экспорттық несиелерді сақтандыру аясында тұрмыстық химия, сусындар мен қазақстандық кондитерлік өнімдерді жеткізу бойынша мәмілелерді жүзеге асырды.
- ҚХР-дағы өңірлік директордың көмегімен экспорттық кредиттерді сақтандыру шеңберінде ҚХР-на Қазақстанда өндірілген сусындарды жеткізу бойынша мәмілелер жүзеге асырылды.
- 2023 жылы ҚЭА 12 халықаралық үкіметтік комиссияға белсенді ал салысты.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы экспорттық әлеуетті арттыру бойынша келесі іс-шаралар жоспарланған:

- Экспорттық кредиттік агенттікке трансформациялау (Жарғыға өзгерістер енгізу және уәкілетті органда қайта тіркеу);
- Экспорттық кредиттік агенттіктің қызметін реттеу бойынша қажетті НҚА қабылдау;
- Қабылданған сақтандыру және кепілдік міндеттемелерінің көлемі бойынша жоспарға 315,2 млрд теңге мөлшерінде қол жеткізу;

- Қолдаудың жаңа құралдарын енгізу (регламенттеу): қазақстандық банктердің шетелдік сатып алушыларды / банктерді қаржыландыруы кезінде экспорттық операцияларға кепілдік беру және сыйақының пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау;
- Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясымен (ЕСК) ынтымақтастық орнату;
- Ұйымдық құрылымның өзгерту және штатты ұлғайту.

ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ (PRIVATE EQUITY)

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Инновациялық білім мен технологиялар трансферті саласындағы жетекші халықаралық тәжірибені қолдана отырып, экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жұмыс істеуде.

ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сыртқы қарыз деңгейінің төмендеуіне әсер ететін экономиканың тұрақты өсуінің баламалы құралы – үлестік қаржыландыру.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобындағы тікелей инвестициялар нарығындағы (бұдан әрі – ТИ) негізгі ойыншы «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ болып табылады (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2023 жылғы 11 қаңтардағы анықтамаға

сәйкес «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының атауы «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамына өзгертілді) (бұдан әрі – QIC), оның міндеттері: тікелей инвестициялар қорлары (бұдан әрі – ТИҚ) арқылы үлестік қаржыландыруды ұсыну арқылы ТИ тарту және Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу. QIC кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі ұлғайту және арттыру мақсатында халықаралық институционалдық инвесторлармен, егеменді қорлармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен серіктестікте ТИҚ инвестициялайды және басқарады.

2023 жылдың аяғында QIC қоржыны 18 ТИҚ-дан тұрды, оның жиынтық инвестициясы 499,4 миллион АҚШ долларын құрайды (227 млрд теңге).

№	Тікелей инвестициялар қорының атауы (ТИҚ)	Құрылған жылы	Инвесторлар	Инвестициялық басымдықтар
Еншілес қорлар				
1.	Baiterek Venture Fund	2014	QIC (100%)	Экономиканың басымдық секторлары
2.	DBK Equity Fund C.V.	2017	QIC (2,99%), БРК (97%), BV Management (0,01%)	ҚДБ және ҚДҚ жобалары
3.	KCM Sustainable Development Fund I C.V.	2019	QIC (99,99%), BV Management (0,01%)	Экономиканың басымдық секторлары
Қоржындық қорлар				
4.	Kazakhstan Infrastructure Fund C.V.	2014	QIC (98%), ЦКТ (1%), Apex Management GP (1%)	Инфрақұрылым
5.	Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V.	2015	QIC (49,5%)	Экономиканың агроөнеркәсіптік секторы
6.	CITIC Kazyna Investment Fund I L.P.	2010	QIC (49,9%)	Экономиканың шикізаттық емес секторлары
7.	Kazakhstan Growth Fund L.P.	2009	QIC (49,5%)	Тамақ өнеркәсібі, тау-кен өнеркәсібіне арналған жабдықтар өндірісі, металлургия, ағаш өңдеу және тоқыма өндірісі
8.	Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V.	2010	QIC (49,5%)	Үлкен борыштық жүктемесі бар, бірақ қайта құрылымдауды талап етпейтін ШОБ
9.	VTB Capital-I2BF Innovation L.P.	2011	QIC (49,02%)	Таратуда
10.	Falah Growth Fund L.P.	2008	QIC (10%)	Мұнай және газ, энергетика, жылжымайтын мүлік, тау-кен өнеркәсібі, қаржы секторы және сақтандыру, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар және т. б.

№	Тікелей инвестициялар қорының атауы (ТИҚ)	Құрылған жылы	Инвесторлар	Инвестициялық басымдықтар
11	Da Vinci Emerging Technologies Fund III	2021	QIC (14,8%)	Бағдарламалық жасақтама, IT инфрақұрылымы және телекоммуникация, қаржылық технологиялар, B2C / B2B технологиялары және басқа IT салалары
12	APEX Fund I	2023	QIC (98%), ЦКТ (1%), Apex Management GP (1%)	Экономиканың агроөнеркәсіптік секторы
13	QUEST VENTURES ASIA FUND II, L.P.	2020	QIC (30,7%)	Экономиканың барлық салаларындағы технологиялық компаниялар
14	500 STARTUPS V, L.P.	2019	QIC (7,1%)	Интернет пен ақпараттық технологияларды және/немесе технологиялармен байланысты басқа салаларды қоса алғанда, IT-ге инвестициялар
15	Wellington Partners III Technology Fund	2004	QIC (5,1%)	Интернет технологиясы, бағдарламалық жасақтама, қауіпсіздік, электроника
16	Flagship Ventures Fund	2005	QIC (6,6%)	Өмір туралы ғылымға инвестициялар, селективті технологиялар, серпінді бағдарламалық жасақтама және т. б.
17	Aureos Central Asia Fund	2007	QIC (14,2%)	Таратуда
18	Macquarie Russia CIS Infrastructure	2009	QIC (4,8%)	Таратуда

QIC барлық инвестицияларының 100%-ы Қазақстанның шикізаттық емес секторына тиесілі, бұл ретте QIC салған әрбір долларға халықаралық әріптестердің қаражаты 2,07 доллар тартады.

QIC стратегиялық қоржынын шартты түрде бірнеше санатқа бөлуге болады:


- **белсенді инвестициялық қызметті жүзеге асыратын қорлар:** BVF, KCM SDF, Da Vinci, Quest, 500 Startups;
- **инвестициялық кезеңі аяқталған қорлар:** инвестициялау процесін аяқтаған және

портфельдік компанияларды басқаруға және сәтті шығу мүмкіндіктерін табуға бағытталған ТИҚ: DBK EF, KGF, KIF, KAGF;

- **мерзімі аяқталған қорлар:** KCRF, SKIF, RKFN, FGF, Wellington, Flagship;
- **тарату процесіндегі қорлар:** MRIF, ACAF;
- **іске қосу процесіндегі қорлар:** APEX Fund I Limited Partnership.

2023 жылдың соңында QIC қоржынында – 61 жоба.

САЛАЛАР БӨЛІНІСІНДЕГІ QIC ҚОРЖЫНДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ¹³



2023 жылы QIC қорлары жобалардан 6 толық және бір ішінара шығуды жүзеге асырды:


- **KGF** келесі жобалардан толық шығуды жүзеге асырды: «Universal Logistics» ЖШС, «Karo Film» ЖАҚ;
- **Quest Ventures** Egistic Ltd. жобасынан шықты;
- **KCM SDF** келесі жобалардан мерзімінен бұрын шығуды жүзеге асырды: «Прима Құс» ЖШС, «Аквафактория» ЖШС;
- **BVF** «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жобасынан шығуды, Aitas Lux s.a.r.l., ішінара шығуды жүзеге асырды (2023 жылғы маусымда 3 549 млн теңге (3,47%) сомасына бірінші опцион бойынша кері сатып алу жүзеге асырылды, жобадан ішінара шығу.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жыл ішінде QIC инвестициялық қызмет бойынша стратегиялық бастамаларды іске асыруды жалғастырады, оның ішінде:

1. ҚР аумағында агроөнеркәсіптік кешен саласын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, МШОК субъектілерін кейіннен қаржыландыру үшін кредиттік серіктестіктерге және/немесе микроқаржы ұйымдарына инвестициялау (кредиттеу) мақсатында АӨК саласында қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру.
2. қазақстандық алаңдармен, инвестициялық компаниялармен, екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп инвестициялау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру.

ЕЛДЕР БӨЛІНІСІНДЕГІ QIC ҚОРЖЫНДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ¹³



3. Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін арттыру және «жасыл жобаларды» іске асыру және ЖЭК-ті дамыту, оның ішінде гидро, жел және күн электр станцияларының құрылысын қаржыландыру арқылы энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу.

4. үш венчурлік қорды: MOST Ventures Fund II, Sturgeon Emerging Opportunities II, BGV Fund I L.P құруға қатысу.

5. Таяу Шығыс және Азия өңірлерінде (Қазақстанды қоса алғанда) денсаулық сақтаудың, АӨК және медициналық-биологиялық сектордың инновациялық жобаларын қаржыландыру мақсатында FOREBRIGHT Life Science Technology Fund қорына қытайлық BGI Group компаниясымен бірлесіп қатысу.

6. өңдеуші өнеркәсіпті дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде республикалық бюджеттен 70 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыру тартуға.

7. үлестік және мезониндік қаржыландыру қызметтері бойынша өтінімдерді қарау мерзімдерін 60 күнге дейін қысқарту бөлігінде автоматтандыру арқылы процесті одан әрі оңтайландыруды қамтамасыз ету (бизнес-процестердің реинжинирингін жүргізу).

8. 2024 жылы QIC 15 млрд теңге сомасына өңдеуші өнеркәсіпті дамыту тұжырымдамасы (ӨӨДТ) шеңберінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру жоспарлануда.

¹³ Жинақталған.

ХОЛДИНГТИҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ¹⁴

КӨРСЕТКІШІ	Өлш.бірл.	2021	2022	2023
Төленген салық сомасы, млн теңге	млн теңге	1 738 140	2 195 078	2 601 082
Жаңа жұмыс орындары саны	бірл.	18 483	17 281	15 066
Өткізілген өнім көлемі	млн теңге	26 550 424	29 270 866	34 493 007
Экспортқа өткізілген өнім көлемі	млн теңге	2 561 750	2 637 017	2 110 703
Өткізілген автокөлік саны	бірл.	1 647	1 094	807

ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №729 қаулысымен «Күшті өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы (бұдан әрі – Ұлттық жоба) бекітілді.

Ұлттық жобаның мақсаты халықтың негізгі қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайларды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ, көлік байланысын қамтамасыз ету және елдің көлік-транзиттік әлеуетін арттыру есебінен азаматтардың жайлы өмір сүру ортасын құру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 қаулысымен тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді. Осы Тұжырымдама шеңберінде ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №151 бұйрығымен республикалық бюджет есебінен тұрғын үй салуды және (немесе) сатып алуды

қаржыландыру және (немесе) мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарына Отбасы банкі іске асыратын жеңілдікті ипотекалық бағдарламалардың тұтас шарттарын көздейтін тұрғын үйді іске асыру және мониторингілеу және өткізу қағидалары бекітілді.

2022 жылдың сәуір айынан бастап халықтың осал топтары үшін жалдау ақысын субсидиялау тетігі іске қосылды. Жеке тұрғын үй қорында жалға берілетін тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына (отбасы мүшесіне шаққанда 1 ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар) төлемдерді тағайындау мен жүзеге асырудың тиісті қағидалары ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 8 ақпандағы №60 бұйрығымен бекітілген. Осы бағыт шеңберінде оны іске асыру басталғаннан бастап және 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10,4 мыңнан астам кезекте тұрғандар қамтамасыз етілді.

ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ ТЕТІГІ АРҚЫЛЫ ЖАО КРЕДИТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Осы бағыттың операторы ҚТК болып табылады. Барлық қаржы қаражаты, сондай-ақ жобаларды іріктеу, құрылыс салушыларды анықтау, құрылыс барысын игеру және мониторингілеу жөніндегі функциялар ЖАО-ға берілді. ЖАО облигацияларын сатып алу тетігі арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысын және тұрғын үй қорын жаңартуды қаржыландыру қаражатты екі жыл сайын «жаңартпалы» қағидат бойынша айналдыруға және

ресурстарды қосымша бөлусіз жаңа құрылысқа қайта жіберуге мүмкіндік береді.

Кредиттік тұрғын үйді өткізу, қаржыландыру, салу және оның мониторингі, сондай-ақ тұрғын үй қорын қайта жаңарту тәртібі тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс

министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №151 бұйрығымен бекітілген тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарына тұрғын үй құрылысын және (немесе) сатып алуды республикалық бюджет есебінен қаржыландыру және (немесе) мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, тұрғын үйге мониторинг жүргізу және өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2016 жылдан бастап барлығы 1 097,6 млрд теңгеге «Нұрлы жер» бағдарламасы (тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы) шеңберінде ЖАО облигациялары сатып алынды. 85,9 мыңға жуық пәтер (5,8 млн м²) пайдалануға берілді.

ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ

КӨРСЕТКІШІ	2021	2022	2023	2024 (жоспар)
ЖБО облигацияларды сатып алуы, млрд теңге	183,7	176,4	139,6	87,0

Отбасы банкі өз кезегінде ЖАО облигацияларын орналастыру арқылы тартылған қаражат есебінен салынған тұрғын үйге жеңілдікті тұрғын үй қарыздарын беру арқылы өз салымшыларына

сұраныс пен сатуды ынталандырады. 2024 жылғы 1 қаңтарға Отбасы банк жүйесінде 2,4 трлн теңге жинақ сомасымен 2,8 млн шарт болды.

«ОТБАСЫ БАНКІ» АҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӨРСЕТКІШІ	2021	2022	2023
Жинақтау көлемі, млрд теңге	1 509	2 141	2 363
Жаңа шарттар саны, мың бірлік	601	618	486
Берілген қарыздар саны, мың бірлік	82,25	79,86	64,78
Берілген қарыздардың жалпы сомасы, млрд теңге	1 235	1 382	1 068

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша Банк жалпы сомасы 5,96 трлн теңгеге 502 мың қарыз берді. Тек 2023 жылы жалпы сомасы 1,1 трлн теңгеге 64,8 мың қарыз берілді. Банктің кредиттік қоржыны 8%-ға өсіп, 3,1 трлн теңгені құрады.

Банк бүкіл қызмет кезеңінде қарыз берудің сенімді өсуін көрсетеді. 2012 жылдан бастап кредиттік қоржынның серпінді өсуі, атап айтқанда, «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы, «Өз үйің» нарықтық бағдарламасы, әскери қызметшілер мен жастарға арналған бағдарлама, сондай-ақ банктің басқа да өңірлік бағдарламалары шеңберінде халықты кредиттеумен байланысты.

Тұжырымдама шеңберінде 2023 жылы қазақстандықтарға жылдық 5%-ға төмендетілген мөлшерлеме бойынша 31,8 млрд теңге сомасына 2 715 қарыз берілді. Қарыздар 2022 жылы республикалық бюджеттен және 2023 жылы бөлінген қаражат қалдығы есебінен, сондай-ақ қайтарымды қаражат есебінен берілді. «2-10-20» бағыты бойынша республикалық бюджеттен Банкке 33,6 млрд теңге бөлінді. 2023 жылы осы және 2021 және 2022 жылдары бөлінген қаражат қалдығы есебінен мүгедек жандарға, жетім балаларға, сондай-ақ,

көп балалы және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға 55,3 млрд теңге сомасына 4 579 қарыз берілді.

Сонымен қатар 2017 жылдан бастап Банк өңірлер мен моноқалаларда қазақстандық жастарды қолдау бойынша арнайы жобаларды іске асыруды бөлсенді түрде жүзеге асыруда. Бүгінде жастар бағдарламалары Астана, Алматы қалаларында, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарында, Жамбыл Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Павлодар облыстарында және басқа да облыстарда іске асырылуда. Бағдарламалар Банкке өңірлердің жергілікті атқарушы органдары қайтарымды бюджеттік кредит беру жолымен іске асырылады.

Сонымен қатар, 2023 жылдың желтоқсанында Банк пен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) ынтымақтастығы шеңберінде «жас ғалымдар» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарламаны қаржыландыру банк қаражатымен қамтамасыз етіледі. Бағдарлама шеңберінде ҚР ҒЖБМ тізбесін айқындайтын ұйымдарда жұмыс істейтін жас

¹⁴ Деректер мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалар шеңберінде ұсынылған.

ғалымдарға жеңілдікті шарттар бойынша тұрғын үй сатып алуға қарыздар беріледі.

Жалпы, өңірлік жастар бағдарламасының бүкіл кезеңінде 8,5 мың жас қазақстандықтар бүкіл ел бойынша қоныс тойын атап өтті. Отбасы банкі жобаны іске асыруға 22,5 млрд теңге, жергілікті әкімдіктер – 75,4 млрд теңге бөлді. Соның арқасында жастарға жеңілдетілген несие беру бағдарламасының бюджеті 98 млрд теңгені құрады. Жастар бағдарламалары аясында жалпы сомасы 111 млрд теңгеге 8,5 мың қарыз берілді.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалардың аналогы болып Отбасы банкі әзірлеген «Корпоративтік» өнім табылады. Бюджеттен әлеуметтік жүктемені азайту, өңірлерде жұмыс істейтін жастарды ұстап қалу үшін Банк ірі кәсіпорындарға жыл сайын банкпен корпоративтік өнім бойынша ынтымақтастық мүмкіндігін көздеуді ұсынады.

Қазіргі уақытта корпоративтік өнім ERG, Қаражанбасмұнай, Қазфосфат, НЗМ және Qazinterservice компаниялар тобы сияқты ірі коммерциялық құрылымдармен сатылуда. Қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін компания компания қызметкерлерін кейіннен ипотекалық кредиттеу үшін банкке қарыз түрінде өзінің ақшалай қаражатын ұсынады.

Осы қағида бойынша кәсіпорынның 412 қызметкері тұрғын үй мәселесін шеше алды. Кредиттеудің жалпы сомасы 6 млрд теңгеден асты.

2021 жылы Банк Қазақстанда тек әйелдерді қолдауға бағытталған алғашқы ипотека бағдарламасын шығарды. «Ұмай» ипотекасы – бұл Отбасы Банкі мен Азия даму банкінің бірлескен өнімі. 2023 жылы бағдарлама үшінші жылы Азия Даму Банкі бөлетін транштар есебінен іске асырылды. Есепті жылы Азия даму банкінен 15,6 млрд теңге көлемінде кредиттік қаражаттың үшінші траншы бөлінді. Сондай-ақ, бағдарламаны іске асыруға Банк қосымша 3,3 млрд

теңге көлемінде өз қаражатын бөлді. Жалпы, барлық қаражат есебінен 2023 жылдың соңына 41,2 млрд теңге сомасына 3,7 мың қарыз берілді.

Әскери бағдарлама сонымен қатар Банктің сұранысқа ие өнімдерінің бірі болып табылады. Қор көзі ретінде Банк нарықтық жағдайлар бойынша нарықта қаражат тартады, сондай-ақ өз қаражатын пайдаланады. Бүгінгі таңда Банк арнайы салымдары ерекше мәртебеге ие және қол сұқпаушылық кепілдігі бар жалғыз банк болып табылады. Жалпы, «Жаңа баспана» бағдарламасы аясында 364,4 млрд теңге сомасына 16,9 мың қарыз берілді.

2023 жылдың басынан бастап Банк экологиялық таза тұрғын үйді ілгерілету жөніндегі стратегиялық бастаманы қолдай отырып, «жасыл стандарттар» бойынша салынған энергия тиімді тұрғын үй кешендерінен пәтер сатып алуға арналған Қазақстандағы алғашқы «жасыл ипотека» бағдарламасын іске асыруда. Бағдарлама азаматтардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған. Бағдарламаны іске асырудың негізгі шарты сатып алынатын тұрғын үйдің сертификаттау деңгейіне қарамастан, Қазақстандағы қолданыстағы жүйелердің бірі (OMIR, ГОСТ Р, BREEAM, LEED) бойынша сертификатталған «жасыл стандартқа» сәйкестігі болып табылады. Бұл дегеніміз құрылыс салушы үй салу кезінде экологиялық таза және қоршаған ортаға зиянсыз материалдарды пайдаланады, аумақты абаттандырады және көгалдандырады, барлық үйлер мұқият орналастырылған, пәтерлерде ауа температурасын реттеуге болады, көлікке қол жетімділік бар және т. б.

2023 жылы Банк құрылыстың экологиялық стандарттарын сақтайтын құрылыс салушылармен ынтымақтастық тізімін кеңейтті. 2023 жыл ішінде Банк еліміздің жетекші құрылыс компанияларымен ынтымақтастық туралы 17 меморандум жасады. Нәтижесінде бағдарлама шеңберінде Банк 492 клиентке 12,82 млрд теңге сомасында ипотекалық кредиттер берді.

ЖЕКЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҮНТАЛАНДЫРУ

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде (бұрын – «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша) ЕДБ беретін жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша жылдық 7 бен 3 жыл ішінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тетігі көзделген. 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап

аталған функциялар ҚТК Бірыңғай операторына берілді.

2017 жылдан 2023 жылға дейін осы бағыт бойынша жалпы сомасы 158,4 млрд теңгеге шарттарға қол қойылды.

ҮЛЕСТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАУ

ҚТК 2016 жылғы 10 қазаннан бастап тұрғын үй құрылысындағы үлестік салымдарға кепілдік беруге

кірісті. Құралды іске асыру басталғаннан бері барлығы 1 024 млрд теңгеге кепілдіктер берілді.

ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕРДІҢ КӨЛЕМІ

КӨРСЕТКІШІ	2021	2022	2023	2024 (жоспар)
Берілген кепілдіктер сомасы, млрд теңге	372,6	211,8	167,7	140,0

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУ

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі бағыт шеңберінде қолдауды АНК еншілес ұйымы және ҚАҚ тәуелді ұйымы көрсетеді:

- АНК АӨК субъектілерін кредиттеуге, қаржы ұйымдарын қорландыруға (кредиттік серіктестіктер, МҚҰ, ЕДБ және лизингтік компаниялар), микрокредиттеуге, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын және инвестициялық жобаларды кредиттеуге маманданған, сондай-ақ АӨК сақтандыру операторының функцияларын жүзеге асырады.

- ҚАҚ лизингке ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын ұсынады.

2023 жылы Қазақстанның АӨК-ін дамытуға АНК және ҚАҚ жылдық жоспары 471 млрд теңге кезінде 529,1 млрд теңге бағытталды. Қосымша 25,6 млрд теңге жастарға микрокредит беру бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде АНК жіберілді.

КӨРСЕТКІШТЕРІ	Өлш.бірл.	2021	2022	2023
АӨК қаржыландыру көлемі барлығы, оның ішінде:	млрд теңге	464,2	522,3	554,7
АНК (оның ішінде АШҚҚҚ)	млрд теңге	322,5	351,2	375,9
ҚАҚ	млрд теңге	141,7	171,1	178,8
Берілген кредиттер саны барлығы, оның ішінде:	бірл.	26 173	23 561	18 906
АНК (оның ішінде АШҚҚҚ)	бірл.	20 230	18 060	13 235
ҚАҚ	бірл.	5 943	5 501	5 671

АНК және ҚАҚ ауыл шаруашылығын қаржыландыруда шешуші рөл атқарады, кең филиалдық желілері, көп жылдық тәжірибесі және аграрлық жобаларды талдау мен құрылымдауда салалық құзыреті бар. Ауыл шаруашылығын қаржыландырудың жалпы көлемінде Холдингтің салалық даму институттарының үлесіне 2023 жылы 63% немесе шамамен үштен екісі тиесілі болды. Қаржыландыру көлемінің қалған 37%-ы екінші деңгейдегі банктер қамтамасыз етеді.

Қаржыландырудың жалпы көлемінің 92%-ы ШОБ-ты қолдауға бағытталған. 2023 жылдың соңында АНК және ҚАҚ несие қоржындарындағы белсенді қарыз алушылардың саны шамамен 86 мыңды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша АНК жалпы сомасы 350,3 млрд теңгеге 13 235, оның ішінде кредиттеу бағдарламалары бөлінісінде қарыз берді (жас кәсіпкерлерді қолдау бағдарламасын есепке алмағанда):

№	Несие бағдарламасы	2023 жыл, млн теңге
1	«Агробизнес»	186 805
2	«Іскер» шағын несие	22 277
3	«Кең дала» (көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары)	141 200
Барлығы		350 282

2023 жылдың соңында АНК несие қоржынының көлемі 944 млрд теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 5,3%-ға өсті.

«Кең дала» бағдарламасы бойынша 140 млрд теңге көлемінде бюджеттік несие есебінен 3,5 млн гектарға егіс және егін жинау жұмыстары қаржыландырылды.

Сонымен қатар, 2023 жылы жалпы құны шамамен 65 млрд теңгені құрайтын 53 АӨК инвестициялық

жобасы қаржыландырылды. 2023 жылы қаржыландыру сомасы 12,4 млрд теңгені құрайтын құны 16,4 млрд теңге болатын 29 жоба пайдалануға берілді.

2023 жылы ҚАҚ лизингке 178 млрд теңге сомасына 7 710 бірлік ауыл шаруашылығы және арнайы техника мен жабдықтарды беруге шарттар жасасты.

ҚАҚ ЖАСАЛҒАН ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ

ТЕХНИКА / ЖАБДЫҚТЫҢ АТАУЫ	2021		2022		2023	
	бірл. саны	Сомасы, млн теңге	бірл. саны	Сомасы, млн теңге	бірл. саны	Сомасы, млн теңге
Егіс кешендері	258	10 515	190	8 547	191	8 016,5
Тракторлар	2 431	45 521	2 896	65 309	2 846	63 690
Комбайндар	633	44 408	507	57 375	512	55 945,4
Сепкіштер	258	7 513	283	9 251	172	6 478,4
Басқа да техникалар	3 696	33 669	2 930	32 355	3 989	43 858,3
Барлығы:	7 276	141 626	6 806	172 836	7 710	177 988,6

2023 жылы қазақстандық өндірістің қаржыландырылған техникасының үлесі 53%-ға немесе 94,9 млрд теңгеге жетті.

Холдингтің қаржылық қолдауының арқасында 2023 жылы 28 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды, 2,7 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылды.

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖОБАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

«RINGO-MILK» ЖШС

Сипаттамасы: жобалық қуаты 3 050 тонна сүтті «Сүт-тауар фермалары желісін дамыту» бағыты КҰ-да іске асырылды

Пайдалануға беру: 01.02.2023

Жобаның жалпы құны: 3,8 млрд теңге

Холдингтің қатысу сомасы: 3,2 млрд теңге

«FROSCO» ЖШС»

Сипаттамасы: жобалық қуаты 3000 тонна көгөністер «Ауыл шаруашылық өнімдерді қайта өңдеу» бағыты Алматы облысында іске асырылды

Пайдалануға беру: 29.06.2023

Жобаның жалпы құны: 3,2 млрд теңге

Холдингтің қатысу сомасы: 2,1 млрд теңге

«ЕЛІМ-АЙ КӨКПЕКТІ» ЖШС

Сипаттамасы: жобалық қуаты 18 756 тонна жем-шөп «Суару жүйелерін қолдана отырып, жеміс-көгөніс, техникалық және майлы дақылдарды өндіру» бағыты Абай облысында іске асырылды

Пайдалануға беру: 07.02.2023

Жобаның жалпы құны: 2,7 млрд теңге

Холдингтің қатысу сомасы: 2 млрд теңге

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы АНК мен ҚАҚ барлық қаржыландыру көздері есебінен АӨК субъектілерін кредиттеу және лизинг бағдарламаларын іске асыруды жалғастыратын болады. АНК егіс және егін жинау

науқанын қаржыландыруға 140 млрд теңге бюджеттік кредит тарту жоспарлануда, бұл 2 млн гектардан астам ауыл шаруашылығы жерлерін өңдеу үшін кемінде 3200 қарыз алушыны (жылдық 5%), оның ішінде 320 жаңа қарыз алушыны жеңілдетілген кредиттермен қамтуға мүмкіндік береді.



ЦИФРЛАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуде және Холдинг алдына қойылған міндеттерді орындауда 7 негізгі бағытты көздейтін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2021-2023 жылдарға арналған Цифрландыру стратегиясы Холдингте дамытуға бағытталған негізгі құжат болып табылатын заманауи цифрлық технологияларды енгізу маңызды рөл атқарады:

- бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру;
- клиентке бағытталған қызметтер;
- сенімді және істен шығуға төзімді инфрақұрылым;
- сараптама және деректерді басқару;
- қаржыны басқарудың тиімді құралдары;
- Rare-free қағазсыз құжат айналымына көшу;
- сандық технологияларды корпоративтік басқару.

2023 жылы Стратегияның аяқталмаған бағыттарын іске асыру үшін бірқатар іс-шаралар өткізілді, оның ішінде Холдингтің ішкі бизнес-процестері автоматтандырылды, сондай-ақ Bgov бизнесті қолдаудың бірыңғай порталын дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды, онда мемлекеттік қолдаудың 6 бағытын қамтитын Холдинг компаниялары тобының қызметтері цифрландырылды: кредиттеу, субсидиялау, лизинг, сақтандыру, кепілдік беру және инвестициялау. Bgov-да орналастырылатын қызметтердің тізбесі кеңейтілді, олардың саны 41-ге дейін ұлғайтылды және 17 шара бойынша Холдингтің еншілес ұйымдарының ақпараттық жүйелерімен интеграция іске асырылды, онда Бизнестің өтінімдерін қабылдау және өңдеу процестері автоматтандырылды.

Bgov порталына «Қазақстандық Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «Өнеркәсіпті Дамыту Қоры» АҚ Холдингтің еншілес ұйымдары қосылды. Бұдан басқа, кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі, «QazTrade» АҚ, «Отбасы банк» АҚ, «Kazakh Invest» АҚ жүйелерімен анықтамалық интеграциялар іске асырылды. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ, «Өнеркәсіпті Дамыту Қоры» АҚ және «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметтері бойынша Bgov-да қажетті құжаттарды бекіту мүмкіндігімен электрондық өтінім беру іске асырылды.

2023 жылы Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының АТ-стратегияларының қолданылу мерзімдерінің аяқталуына байланысты Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді, оның ішінде Холдингті ауқымды цифрландыруды жүзеге асыру бойынша қойылған міндеттерді ескере отырып, бизнесті мемлекеттік қолдаудың операциялық тиімділігі мақсатында 2024-2026 жылдар кезеңіне арналған цифрландыру стратегиялары әзірленді. Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына (ЖҰЖ) енгізілген осы тапсырманы іске асыру үшін Холдингте жұмыс тобы құрылды және 2024-2025 жылдар кезеңіне арналған Холдингті цифрландыру жөніндегі іс-шаралар бөлігінде ЖҰЖ 60-тармағын орындау бойынша Жол картасы бекітілді. Жол картасына 70-ке жуық аспаптан тұратын Холдингтің Компаниялар тобын мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларының тізілімі кіреді, әрбір құрал бойынша қаржылық қолдау шараларын алуға өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартудың нақты жоспары жасалды және оңтайландырудың аяқталу күндері анықталды.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2026 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясына сәйкес Холдингтің цифрлық трансформациясын іске асыру жоспарланып отыр, оның 7 бағыты айқындалған:

- Сараптама және деректерді басқару (BigData, AI);
- Процестерді цифрландыру (Business-process);
- «Электрондық үкіметтің» компоненттерімен ықпалдастық (Govtech);
- Өнім тәсілін енгізу (Product Approach);
- Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту (Core IT);
- Цифрлық трансформацияны корпоративтік басқару (Culture);
- Ақпараттық қауіпсіздік (Cybersecurity).

Цифрландыру бағыттарын іске асыру шеңберінде Холдингте бүкіл топтың деректері негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал ететін пайдалы ақпаратты анықтау, талдау нәтижелерін

визуализациялау және есептілікті автоматтандыру мақсатында бірыңғай деректер қоймасы бар талдамалық жүйе енгізілетін болады. Сонымен қатар, бизнес-процестерді алдын ала талдаумен және реинжинирингпен автоматтандыру, Bgov порталын және Холдингтің негізгі жүйелерін дамыту, сондай-ақ холдинг қызметкерлерінің құзыреттерін арттыру және IT-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл құру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Холдингті ауқымды цифрландыру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін ЖҰЖ 60-тармағын орындау бойынша Жол картасын іске асыру жалғастырылады, оның шеңберінде екі жыл ішінде Холдинг мынадай нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлап отыр:

1. Холдинг тобының барлық қызметтері бойынша қарау мерзімдерін қысқарту (аса ірі жобалар бойынша ең көбі 2 ай);
2. бизнесті қолдаудың Бірыңғай порталына шығару bgov.kz холдингтің компаниялар тобының 60 қызметі;
3. клиенттік процестерді 100% автоматтандыру.

Оның ішінде, Холдинг ЕҰ-мен бірлесіп Холдингтің компаниялар тобы құралдарының тізіміне енгізілген мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кәсіпкерлерден өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту жоспарларын іске асыруды жалғастырады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Холдингтің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ҚР НҚА ішкі құжаттары мен реттеуші талаптарына негізделеді. Техникалық қамтамасыз ету веб-трафикті, поштаны, антивирустық жүйені, деректердің бұзылуын болдырмау жүйесін және басқа құралдарды басқаруға мүмкіндік береді. Ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының қызметтері шеңберінде 24/7 режимінде күдікті оқиғаларға ден қою қамтамасыз етіледі.

Проактивті шараларға қызметкерлерге нұсқау беру және оқыту, жаңа қауіптер туралы хабардар ету, жалған фишингтік шабуылдарды бағыттау және профилактикалық әңгімелер жүргізу кіреді.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзгерістерге сәйкес ішкі құжаттарды үнемі жаңартып отыру және персоналды оқыту жүргізіледі.

АҚ ағымдағы трендтерді, жаңа технологиялар мен қызметтерді анықтау үшін ақпараттық қауіпсіздік нарығына зерттеу жүргізеді. Бәсекеге қабілеттілікті және оңтайлы шешімдерді анықтау үшін өнімдерді енгізу және сұралған қызметтерді нарық ұсыныстарымен салыстыру, Компаниялар тобындағы одан әрі ұсыныстар үшін маркетингтік зерттеу.

Холдингтің АҚ сараптамалық пікірін ұсынады және тұтастай еншілес ұйымдарда ақпараттық қауіпсіздіктің жетілу деңгейін дамытуға бағытталған іс-шараларға бастамашылық жасайды, сондай-ақ, Компаниялар тобы шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті тиісті деңгейде қолдайды.

АҚ тиісті түрде қорғауды қамтамасыз етті және 2023 жылы осалдықтардың, қауіптер мен вирустардың белсенділігі мен енуіне жол бермеді. АҚ саясатқа тұрақты өзгерістер енгізу және ақпараттық қауіпсіздік ақпараттық жүйелерінде баптау арқылы Холдингтің периметрін ақпараттық шабуылдардан қорғауды тиісті түрде қамтамасыз етті және Холдингтің маңызды ақпараттық деректерінің жоғалуына жол бермеді.



BAITEREK

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

04

Корпоративтік басқару жүйесі	66	Ішкі аудит қызметі	93
Жалғыз акционер	70	Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын реттеу	95
Директорлар кеңесі.....	71	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	96
Корпоративтік хатшы.....	86	Сыртқы аудитор	98
Басқарма	88		
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін марапаттау жүйесі.....	92		

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Холдингтің бекітілген корпоративтік басқару Кодексі Холдинг ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қатынастарда тиімділікті, транспаренттілікті, есептілікті, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі процесінде ұстанатын қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығын көздейді.

Холдингті корпоративтік басқарудың негізгі қағидалары:

1. өкілеттіктерді шектеу қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Холдингті Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
4. Тұрақты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидалары.

Сонымен қатар, корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды өткізу, оның ішінде Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің ережелері мен қағидаларын оның қызметіне енгізу бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, корпоративтік басқару Кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау/

сақтамау туралы есепті дайындауды атап өткен жөн. Бұл тәжірибе Холдингтің еншілес ұйымдарында да енгізілді.

2023 жылғы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы Есептің қысқаша нұсқасы жылдық есепке қосымшада қамтылған. Есептің толық нұсқасы жыл сайын Холдингтің интернет-сайтында «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылады.

Бұл ретте Холдинг корпоративтік басқарудың халықаралық үрдістеріндегі, ұлттық заңнамадағы негізгі өзгерістерді тұрақты негізде қадағалайды және өз қызметінде корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізеді. Квазимемлекеттік компанияларды корпоративтік басқару саласында танылған халықаралық стандарт ретінде Холдингтің қызметіне бейімделген және Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген шеңберінде іске асырылатын мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару жөніндегі басшылық қағидаларын қолданады.

Холдинг корпоративтік басқаруды үнемі бағалайды: екі жылда бір рет ішкі бағалау және үш жылда бір рет тәуелсіз бағалау. Осылайша, 2023 жылғы желтоқсанда Холдингтің корпоративтік басқаруына тәуелсіз бағалау жүргізілді («КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС), оның нәтижелері бойынша Холдингке 98,8% рейтинг берілді (корпоративтік басқарудың 2020 жылғы Тәуелсіз бағалауының қорытындысы бойынша алдыңғы рейтинг 97% болды).

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЭЫДҰ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаларының түйінді ережелері мен ұсынымдары	Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің тиісті ережелері мен қағидалары
Мемлекеттің жеке секторға кіруінің және осы ақпаратты ашудың мемлекеттік қатысуының / орындылығының негіздемесі.	Холдинг экономиканы дамытуға және әртараптыңдыруға, инвестицияларды (оның ішінде ұлттық инвесторларды) тартуға, кластерлерді дамытуға және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу мақсатында құрылды.
Мемлекет меншік иесі ретінде мемлекет қатысатын кәсіпорындарға толық операциялық дербестікті қамтамасыз етеді және операциялық шешімдерді қабылдауға қатыспайды.	<p>Өкілеттіктерді шектеу қағидаты</p> <p>Мемлекеттік орган Холдингтің жалғыз акционері ретінде Холдингке толық операциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Холдингтің операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.</p>
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар өз қызметін жетекші жеке кәсіпорындар сияқты тиімділік, ашықтық және есеп берушілік дәрежесімен жүзеге асырады.	<p>Өкілеттіктерді шектеу қағидаты</p> <p>ЖА, ДК және Холдинг басқармасының құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғысында айқындалған.</p> <p>Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының экономикалық қызметі борыштық және үлестік қаржыға қатысты нарық шарттарына жауап беруі тиіс.</p> <p>Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз ететін Холдинг органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты шектеуді көздейді.</p>
Мемлекет қатысатын барлық жария және жария емес кәсіпорындар корпоративтік басқарудың ұлттық кодекстерін сақтауы тиіс.	<p>Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғысымен Жалғыз акционердің құқықтары бекітілген.</p> <p>ЖА «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жарғысының 9-бабының 51-тармағына сәйкес:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Холдингті басқаруға қатысу; 2. дивидендтер алу; 3. Холдингтің қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде ЖА немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Холдингтің қаржылық есептілігімен танысу; 4. орталық депозитарийден немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға; 5. ДК мәжілісін шақыруды талап ету; 6. заңда көзделген жағдайларда Холдингтің лауазымды адамдарының Холдингке келтірілген залалды өтеуі және Холдингтің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Холдингке қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге және (немесе) жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасасуға;

<p>ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаттарының түйінді ережелері мен ұсынымдары</p>	<p>Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары</p>
	<p>7. аудиторлық ұйымның өз есебінен Холдингке аудит жүргізуін талап ету;</p> <p>8. Холдинг органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;</p> <p>9. Холдингке оның қызметі туралы жазбаша сұраныспен жүгінуге және сұраныс Холдингке келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;</p> <p>10. Холдинг таратылғаннан кейін қалған мүлікке;</p> <p>11. Холдингтің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алу.</p>
<p>Мемлекет қатысатын кәсіпорындар заңнамада немесе өзара келісімдерде көзделген мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындауға және құрметтеуі тиіс.</p>	<p>Тұрақты даму қағидаты</p> <p>Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде Тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етудің маңыздылығын түсінеді.</p>
<p>Мемлекет қатысатын кәсіпорындар мемлекет үшін меншік иесі ретінде және жұртшылық үшін ерекше назар аудару салаларын қоса алғанда, корпоративтік ақпаратты ашудың жоғары сапалы халықаралық стандарттарына сәйкес кәсіпорын туралы елеулі қаржылық және қаржылық емес ақпаратты хабарлауға тиіс.</p>	<p>Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты</p> <p>Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады.</p>
<p>Мемлекет қатысатын кәсіпорындардың директорлар кеңестері стратегиялық басшылық және менеджмент қызметін бақылау функцияларын орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен объективтілікке ие болуы керек. Олар адал әрекет етіп өз әрекеттері үшін жауап беруі керек.</p>	<p>Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты</p> <p>Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелері сенімгерлік міндеттер мен қабылданған шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.</p> <p>Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты.</p>
<p>Мемлекет қатысатын кәсіпорындар қаржылық және операциялық тәуекелдерді, сондай-ақ адам құқықтарына, жұмыспен қамтуға, қоршаған ортаны қорғауға және салық салуға қатысты тәуекелдерді басқарудың тиімді саясаттары мен процедураларын әзірлеп, қадағалап отыруы керек.</p>	<p>Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты</p> <p>Холдингте Холдингтің өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-әрекеттердің, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылатын тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді қызмет ететін жүйесі жұмыс істейді.</p>

<p>ЭЫДҰ-ның мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі Басшы қағидаттарының түйінді ережелері мен ұсынымдары</p>	<p>Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары</p>
<p>Директорлар кеңесіне өз міндеттерін объективті түрде орындауға мүмкіндік бермейтін және Директорлар кеңесінің жұмыс процесіне саяси араласуды шектейтін мүдделер қақтығысын болдырмауға арналған тетіктерді пайдалану қажет.</p>	<p>Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты</p> <p>Холдинг қызметкерлері мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға, өзіне (немесе өзіне байланысты адамдарға) немесе басқаларға қатысты жағдайларға жол бермейді.</p> <p>Холдинг директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау үшін және Холдингтің Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеу үшін оны болдырмау және реттеу жөніндегі тетіктерді енгізеді.</p>

ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МОДЕЛІ

ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Холдингтің корпоративтік басқаруына жүргізілген тәуелсіз бағалау шеңберінде («КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС) 2023 жылы Холдинг корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы Холдингтің ішкі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізе отырып, Холдингтің корпоративтік басқаруын жетілдірудің 2024-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту, ашылатын ақпараттың айқындығын арттыру және т.б. жоспарлануда. Стандартты режимде Холдингтің корпоративтік басқаруын және Холдингтің

еншілес ұйымдарын жетілдіру жөніндегі іс шаралар жоспарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру, стратегиялық тәуекел-менеджмент, ішкі аудит, Тұрақты даму, қаржылық емес тәуекелдер және

қаржылық емес есептілік (ESG reporting) мәселелері бойынша Холдинг басқармасын оқытуды жүргізу және Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалау жалғастырылады.

Нұрлан Серікұлы Байбазаровты тағайындау туралы);

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі

құрамының кейбір мәселелері туралы (Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау, Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау бөлігінде шешімге өзгеріс енгізу туралы).

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Холдингтің жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады, ол заңнамамен және Холдингтің Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік капиталы 1 506 095 973 теңгені құрады:

- Жарияланған жай акциялар саны – 5 000 086 550 дана.
- Орналастырылған және төленген жай акциялар саны – 1 506 095 973 дана.
- Жарияланған, бірақ орналастырылмаған жай акциялар саны – 3 493 990 577 дана.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Дивидендтік саясат Холдингтің жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау, қызметтің рентабельділігін қамтамасыз ету, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, қызметті қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаттарына, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің дивидендтер мөлшерін, қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігін айқындау тетігінің ашықтығына негізделеді.

2023 жылы Холдинг 2022 жылдың қорытындысы бойынша 58,6 млрд теңге (2022 жыл ішінде – 33,1 млрд теңге) мөлшерінде дивидендтер жариялады және төледі. 2022 жылы бір жай акцияға дивиденд мөлшері 38,92 теңгені құрады (2022 жылы – 26,41 теңге).

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

Холдингтің Жалғыз акционері есепті жылы мынадай мәселелерді қарады:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы (Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау, оның мүшелерін сайлау және Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақылар мөлшерін айқындау туралы);
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер енгізу туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы (2022 жылға МҚҰ бекітуі);
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы Қанат Бисімбайұлы Шарлапаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және міндетін уақытша атқарушыны тағайындау туралы);
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау мәселелері бойынша шешімге өзгерістер енгізу туралы);
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Холдингтің қызметіне стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Холдингтің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және бақылау;

- Басқарма мүшелерін сайлау (қайта сайлау), сыйақы (басқарма төрағасын қоспағанда), сабақтастықты жоспарлау және олардың қызметін бақылау;

- Холдингтің даму жоспарында белгіленетін қызметтің негізгі көрсеткіштерін қою және мониторингілеу;

- корпоративтік басқару;

- Холдингте Корпоративтік басқару кодексінің және Холдингтің іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексі) ережелерін сақтау).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Директорлар кеңесінің мүшелері сенімгерлік міндеттер мен қабылданған шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.

Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Холдинг директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін

олар сайланған сәттен бастап және Холдинг қаражаты есебінен сақтандыруға міндетті. Осыған сәйкес 2023 жылғы 18 сәуірде Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру бойынша 2023 жылға арналған қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Холдингтің Директорлар кеңесі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он директордан тұрды, олардың үшеуі тәуелсіз болды.

Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жылғы 5 қаңтарда Жалғыз Акционердің шешімімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің №2 бұйрығымен, өкілеттік мерзімі 3 (үш жыл) болып айқындалды.



СМАЙЫЛОВ ЭЛИХАН АСХАНҰЛЫ

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі, Холдингтің
Директорлар кеңесінің төрағасы

1972 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, «Қолданбалы математика» мамандығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан менеджмент, Экономика және болжау институты, мемлекеттік басқару магистрі дәрежесі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2018 жылдан 2019 жылға дейін – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі.
2019 жылдан 2020 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.

2020 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары.

2022 жылғы 11 қаңтардан бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Басқа лауазымдары:

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



СКЛЯР РОМАН ВАСИЛЬЕВИЧ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,
Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі

1971 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Павлодар мемлекеттік университеті, «Инженер-құрылысшы» мамандығы;

Мәскеу заманауи бизнес институты, «Экономист» мамандығы (РФ);

Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты, «Заңгер» мамандығы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2018 жылдан бастап 2019 жылғы ақпанға дейін – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму, бірінші вице-министрі.

2019 жылғы ақпаннан қыркүйекке дейін – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі.

2019 жылғы қыркүйектен бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

2022 жылғы 11 қаңтар – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, 03.04.2023 жылдан бастап қайта тағайындалды.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ЖАМАУБАЕВ ЕРҰЛАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі,
Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі

1974 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Қаржы және несие» мамандығы;

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университеті жанындағы

Халықаралық бизнес-мектебі, «Қаржы және несие» мамандығы.

Халықаралық қаржы ұйымдарында және батыс елдерінің орталық (ұлттық) банктерінде келесі бағыттар бойынша біліктілікті арттыру (тағылымдамадан өту) курстарынан өтті: «Макроэкономикалық және қаржылық саясат», «Монетарлық саясаттың стратегиясы және оны Еуропалық орталық банкте жүргізу ерекшеліктері», «Макроэкономикалық басқару», «Қаржы нарығының құралдары», «Қаржылық тұрақтылық».

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2018 жылдан 2019 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.

2019 жылдан 2020 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы.

2020 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі.

2022 жылдан – Премьер-Министрдің орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ЕРҒАЛИЕВ ӘСЕТ АРМАНҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі

1986 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақстан менеджмент, Экономика және болжау институты (ҚМЭБИ);

Швециядағы Йонкопинг Халықаралық бизнес мектебі;

2009 жылы Йорк университетін, 2010 жылы Ұлыбританиядағы Ноттингем университетін экономика магистрі дәрежесімен бітірді.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2018 жылдан 2019 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика вице-министрі.

2019 жылғы наурыздан тамызға дейін – ҚР Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының орынбасары.

2019 жылдан 2021 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика бірінші вице-министрі.

2021 жылдан 2022 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика министрі.

2022 жылдан 2023 жылға дейін – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасы.

2023 жылғы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды.

Холдингтің жалғыз акционерінің 28.09.2023 жылғы шешімімен №216 бұйрықпен 2023 жылғы 5 қаңтардағы №2 бұйрыққа – Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы туралы өзгеріс енгізілді.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ҚУАНТЫРОВ ӘЛІБЕК СӘКЕНҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі

1983 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Томск мемлекеттік университеті, «Қаржы және несие» және «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» мамандықтары (РФ);
Мичиган Университеті, «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша қолданбалы экономика магистрі дәрежесі (АҚШ);
Президенттік 1.0. жастар кадр резервінің мүшесі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2019-2021 жылдары – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Елбасы кеңесі бөлім меңгерушісінің орынбасары.

2021 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.

2022 жылдан – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, 04.04.2023 жылдан бастап қайта тағайындалды.

Холдингтің жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ШАРЛАПАЕВ ҚАНАТ БИСІМБАЙҰЛЫ

Холдингтің Басқарма Төрағасы, Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі

1981 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Саратов әлеуметтік-экономикалық университеті, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы (РФ);
Cranfield School of Management, магистр, «Қаржы және басқару» мамандығы (Ұлыбритания).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2017 жылдан 2020 жылға дейін – «Сити» инвестициялық банкінің Ресей, Украина және Қазақстан бойынша бас қаржы директоры.

2020 жылдан 2022 жылға дейін – «Сити» инвестициялық банкінің (БАӨ) Африка, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропаның дамушы нарықтарындағы стратегия, жоспарлау және талдау жөніндегі өңірлік директоры.

2022 жылдан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы және директорлар кеңесінің мүшесі.

2023 жылғы 4 қыркүйек – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі.

Холдингтің жалғыз акционерінің 28.09.2023 жылғы шешімімен №216 бұйрықпен 2023 жылғы 5 қаңтардағы №2 бұйрыққа – Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы туралы өзгеріс енгізілді.

«Сити» инвестициялық банкіндегі Қаржы, басқару және талдау секторларында әртүрлі лауазымдарда 16 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



БАЙБАЗАРОВ НҰРПАН СЕРІКҰЛЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы, Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі

1975 жылы 10 қазанда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Банк ісін ұйымдастыру» мамандығы (ҚР).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

23 жылдық жұмыс өтілі бар, оның 7 жылы – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-да басшылық орындарда. 1997 жылдан 2003 жылға дейін ҚР Қаржы министрлігінде жұмыс істеді.

2016 жылдан бастап 2022 жылғы қарашаға дейін – «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және Басқарма Төрағасы.

2022 жылғы қарашадан 2023 жылғы қазанға дейін – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қазандағы шешімімен Холдингтің Басқарма Төрағасы лауазымына тағайындалды.

Холдингтің жалғыз акционерінің 11.10.2023 жылғы шешімімен №225 бұйрықпен 2023 жылғы 5 қаңтардағы №2 бұйрыққа – Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы туралы өзгерістер енгізілді.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



МАРИ-ЭЛЕН БЕРАР

Холдингтің тәуелсіз директоры

1947 жылы туған, Францияның азаматшасы

Білімі:

Ұлттық басқару мектебі (1970/1972 жылдар);
Саяси зерттеулер институты, Париж (1969 жыл);
Құқық магистрі дәрежесі, Париж университеті (1969 жыл).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

1972 жылдан 1976 жылға дейін – экономика және Қаржы министрлігінің қызметкері.

1976 жылдан 1978 жылға дейін – Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру министрі, Симона ВЕЙЛ ханымның кеңесшісі;

1978 жылдан 1979 жылға дейін – экономика және Қаржы министрлігінің қызметкері.

1979 жылдан 1981 жылға дейін – Премьер-Министр кеңесшісі Раймонд Барре мырзаның орынбасары.

1981 жылдан 1986 жылға дейін – директордың орынбасары, Экономика және қаржы министрлігі, Бюджет бөлімі.

1986 жылдан 1988 жылға дейін – Премьер-Министр Жак Ширак мырзаның кеңесшісі.

1988 жылдан 1989 жылға дейін – «Марсо Инвестментс», Француз жеке капитал менеджері, басқарушы директордың орынбасары.

1990 жылдан 2000 жылға дейін – «Кредит Коммерсиаль де Франс», Компанияның басшы құрамының мүшесі (жобалық қаржыландыру, экспорттық кредиттеу, қосылу және жұтылу, жекешелендіру).

2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – MNB SAS.

Шығыс Еуропа мен бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде арнайы кәсіби тәжірибесі бар.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ДЭНИЕЛ А. ВИТТ

Холдингінің тәуелсіз директоры

1961 жылы туған, АҚШ азаматы.

Білімі:

Витт мырза Батыс Мичиган университетінің (WMU) мемлекеттік басқару саласындағы ВВА (үздік) және қаржы саласындағы MBA дәрежесінің иегері. 2021 жылы «WMU үздік түлегі» сыйлығын жеңіп алды, бұл университеттің кәсіби қызметінде жоғары деңгейге жеткен түлектерге арналған ең жоғары марапаты.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Еркін нарықтарды ілгерілетуде 30 жылдық тәжірибесі бар және өтпелі экономикасы бар елдерде салық салу, сауда және инвестициялар үшін кедергілерді азайтуға ықпал етеді.

Ресей Федерациясымен (1991), Қазақстан Республикасымен (1993), Вьетнаммен (1996), Иракпен (2004), Ливиямен (2006) және Мьянмамен (2012) халықаралық салық салу және инвестициялау мәселелерін талқылаған алғашқы шетелдіктердің бірі, жаңадан ашылған шеғара нарықтарында танымал сарапшы.

Араб аймақтық салық форумының, Азия-Тынық мұхиты салық форумының, Еуразиялық фискалдық сарапшылар семинарының және Африка салық форумының тең құрылтайшысы, салықтық және инвестициялық климат реформаларын қарау үшін жүздеген мемлекеттік шенеуніктер мен заң шығарушыларды өнеркәсіп өкілдерімен, ғалымдармен және басқа сарапшылармен үнемі біріктіреді.

1993 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Халықаралық салықтар және инвестициялар орталығының (ITIC) Президенті.

1999 жылдан – Қазақ мемлекеттік басқару академиясының экономика профессоры.

2011 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Достық» («Дружба») орденімен марапатталды.

Холдингінің Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



МАНФРЕД ГРУНДКЕ

Холдингінің тәуелсіз директоры

1955 жылы туған, Германия азаматы.

Білімі:

Бингендегі Рейнланд-Пфальц жоғары кәсіптік мектебі, жалпы машина жасау мамандығы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

1982 жылдан 1984 жылға дейін – Кобленц қаласындағы Қорғаныс Өнеркәсібі жөніндегі Федералды агенттіктің қызметкері.

1984 жылдан 1989 жылға дейін – «Feinmechanische Werke Mainz GmbH» компаниясының жоба жетекшісі.

1989 жылдан 1998 жылға дейін – ауа ағындары жүйесін дамыту жөніндегі басшы, «Feinmechanische Werke Mainz GmbH» техникалық директоры.

1998 жылдан 2004 жылға дейін «Mannesmann Rexroth AG» Басқарма мүшесі, кейінірек «Bosch Rexroth AG», гидравлика саласына жауапты, 2001 жылдан бастап – автоматтандыру саласы үшін жауапты.

2004 жылдан 2008 жылға дейін – «Bosch Rexroth AG» компаниясының басқарма төрағасы, өнеркәсіптік автоматтандыруға және функционалдық өндіріске жауапты.

2008 жылдан 2022 жылға дейін – Өндіріс, сату, техникалық қамтамасыз ету және дамыту салаларына жауапты «Knauf Gruppe» компаниясының басқарушы серіктесі.

ГФР-да отбасылық бизнес басшыларының, соның ішінде басқа елдерге инвестициялау мәселелеріндегі ұстанымын қалыптастыратын негізгі және ықпалды менеджерлердің бірі.

Холдингінің жалғыз акционерінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.


«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ


Холдингінің Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің, тәуелсіз директорлардың өкілдерінен, атқарушы органның басшысынан тұрады, бұл Холдингінің мүддесі үшін шешімдер қабылдауды және оның алдына қойылған экономиканы

дамыту міндеттерін қамтамасыз етеді. Холдингінің Директорлар кеңесінің мүшелері айтарлықтай жұмыс тәжірибесіне, тиісті біліміне және мінсіз іскерлік беделіне ие.

КЕҢЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС ҰЗАҚТЫҒЫ, адам



МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАСЫ, адам



2023 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Холдингтің Жалғыз акционерінің 05.01.2023 жылғы (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің №2 бұйрығы) шешімімен өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл 10 (он) адамнан тұратын Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамы айқындалды.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі және 2023 жылғы 11 қазандағы шешімдерімен (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің №216 және №225 бұйрықтары):

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Сүлейменов Тимур Мұратұлының,

Қарабаев Марат Кәрімжанұлының және Шарлапаев Қанат Бисімбайұлының өкілеттіліктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ерғалиев Әсет Арманұлы, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы сайланды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланған: Байбазаров Нұрлан Серікұлы – Холдингтің Басқарма Төрағасы.

ЛАУАЗЫМҒА КІРІСПЕ

Холдингте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу саясаты қолданылады. Саясаттың талаптарына сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне Холдингтің лауазымды тұлғалары мен ұйымдық құрылымы, оның ішкі құжаттары, Жалғыз акционердің және Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпарат және Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар өзге де ақпарат ұсынылады. 2023 жылы Холдингтің Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Ә.А. Ерғалиевке, Қ.Б. Шарлапаевқа, Н.С. Байбазаровқа қатысты лауазымға кірісу рәсімі өткізілді.

Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің 45-тармағына сәйкес Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің 5-тарауының 21-тармағына сәйкес, Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Холдингтің

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАРТУ

Холдингтің корпоративтік басқару Кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Холдингтің Директорлар Кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды.

Басқарма Төрағасы, Тәуелсіз директорлар және өзге де жеке тұлғалар қатарынан қалыптастырылады.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде назарға алынады:

- басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- жұмыс өтілі;
- халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- іскерлік беделі;
- тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қатер төндіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе Холдингпен, оның басқармасымен немесе оның меншігімен қарым-қатынастардан бос болуға тиіс.

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Холдинг «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Холдинг Жарғысының, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару Кодексінің талаптарын басшылыққа алады.

ХОЛДИНГТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар Кеңесі құрамының ерекшелігін ескере отырып, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы корпоративтік басқару Кодексінің 6-тарауы 8-параграфының 64-тармағында Директорлар кеңесін, комитеттерді және Директорлар кеңесі мүшелерін жыл сайынғы бағалау Холдингтің Директорлар кеңесінің Төрағасы тиісті бағалау жүргізуге бастамашылық жасаған жағдайда бағаланады.

Директорлар Кеңесінің, оның Комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы корпоративтік басқару Кодексінің 6-тарауының 8-параграфымен, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы Ереженің 23-тарауымен регламенттелген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар Кеңесі құрамының ерекшелігін ескере отырып, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы корпоративтік басқару Кодексінің 6-тарауының 8-параграфының 67-тармағында Жалғыз акционер Директорлар кеңесін бағалауды дербес немесе тәуелсіз кеңесшіні тарта отырып жүргізе алады деп көзделген.

2023 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз кеңесшісін тарта отырып, Холдингтің Директорлар

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорлары **Мари-Элен Берар, Дэниел А. Витт және Манфред Грундке** 2023 жылғы 5 қаңтардан бастап өкілеттік мерзімі 3 жыл Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде Жалғыз акционермен сайланды.

кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілді. Бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтингі – 99%-ды құрады. Бағалау Директорлар кеңесі қызметінің әртүрлі аспектілерінің тиімділік критерийлерін қамтитын жеті қосалқы компонентті талдауды қамтыды:

- ДК-дегі рөлдердің тиімділігі (көзқарастың айқындылығы, стратегия, негізгі міндеттер мен құндылықтар, сыйақы және сабақтастық);
- ДК құрамы (Компанияның мақсаттарын іске асыру үшін ДК құрамының дағдыларының, тәжірибесінің, әртүрлілігі мен объективтілігінің оңтайлы үйлесімі);
- ДК динамикасы (мәжілістерде ашық және сындарлы талқылаулар жүргізу, тиісті ұйымшылдық және тиімді тайм-менеджмент);
- ДК жанындағы Комитеттер (ДК жанындағы Комитеттердің тиімділігі);
- ДК төрағасы (ДК көшбасшылығы және тиімді басшылығы);
- Корпоративтік хатшы (Корпоративтік хатшының құзыреті, қызметтің тиімділігі, материалдардың сапасы және ДК мәжілістеріне дайындық);
- Басқарманың тиімділігі (Басқарманың ДК-мен тиімді өзара іс-қимылы).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің 10 мәжілісі өткізілді, оның ішінде 5 мәжіліс күндізгі және 5 мәжіліс сырттай өткізілді. Жалпы Директорлар кеңесі 83 мәселені қарады.

Директорлар кеңесі қараған кейбір маңызды мәселелер:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі комитеттерінің Төрағалары мен мүшелерін сайлау, өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау туралы;

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2026 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын назарға алу туралы;
- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау нәтижелерін қарау туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің қарауына, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің өтініштері туралы, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының және оның лауазымды адамдарының

- 2022 жылғы әрекеттеріне және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат шығару туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы Инвестициялық саясат талаптарының орындалуы туралы ақпаратты қарау туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің қарауына «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені шығару туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024 жылға арналған жылдық бюджетін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы жылдық есебін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2020-2023 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген қаржы қаражатын пайдалануы туралы ақпаратты назарға алу туралы;

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелестік ортаға беру қағидаларын бекіту немесе «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына меншік құқығымен тікелей тиесілі активтерді сату туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспарының жобасын мақұлдау туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы Тұрақты даму туралы есебін қарау туралы;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылға арналған жылдық бюджетінің атқарылуы туралы есепті бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ МӘЖІЛІСТЕРГЕ ҚАТЫСУЫ

Директорлар кеңесі мүшесінің ТАӘ	Директорлар кеңесінің мәжілістері	%	Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
Смаилов А.А.	10/10	100%	05.01.2023–31.12.2023
Скляр Р.В.	8/10	80%	05.01.2023–31.12.2023
Сүлейменов Т.М.*	2/10	20%	05.01.2023–28.09.2023
Жамаубаев Е.К.	10/10	80%	05.01.2023–31.12.2023
Қарабаев М.К.*	3/10	30%	05.01.2023–28.09.2023
Қуантыров А.С.	8/10	80%	05.01.2023–31.12.2023
Ерғалиев Ә.А.**	3/10	30%	28.09.2023–31.12.2023
Шарлапаев Қ.Б.**	9/10	90%	05.01.2023–30.12.2023
Байбазаров Н.С.***	4/10	40%	11.10.2023–31.12.2023
Мари-Элен Берар	10/10	100%	05.01.2023–31.12.2023
Д.А. Витт	10/10	100%	05.01.2023–31.12.2023
М. Грундке	10/10	100%	05.01.2023–31.12.2023

* Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына – Холдингтің жалғыз акционерінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №216 шешіміне сәйкес өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

** 2023 жылғы 28 қыркүйекте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы – Холдингтің Жалғыз акционерінің №216 шешімі).

*** 2023 жылғы 11 қазанда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы – Холдингтің Жалғыз акционерінің №225 шешімі).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін аса маңызды мәселелер шеңбері бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Холдингте мынадай Комитеттер жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі Комитет;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет;
- Стратегиялық жоспарлау Комитеті.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын), ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі Комитеті мынадай құрамда жұмыс істеді:

- Дэниел А. Витт – Комитет Төрағасы (Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор);
- Мари-Элен Берар – Комитет мүшесі (Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор);
- Манфред Грундке – Комитет мүшесі (Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор).

2023 жылы Аудит жөніндегі Комитет 5 күндізгі және 2 сырттай мәжіліс өткізді, оның барысында 41 мәселе қаралды.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛҒЫ МӘЖІЛІСТЕРГЕ ҚАТЫСУЫ

Комитет мүшесі	Лауазымы	Мәжіліс	%	Комитет құрамында болу кезеңі
Дэниел А. Витт	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі Комитеттің Төрағасы	6/7	85,7	05.01.2023–31.12.2023
Мари-Элен Берар	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі	7/7	100	05.01.2023–31.12.2023
Манфред Грундке	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі	6/7	85,7	05.01.2023–31.12.2023

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ КЕЛЕСІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛелЕРДІ ҚАРАДЫ

ІШКІ АУДИТ:

- тоқсан сайынғы негізде ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдары бойынша түзету іс-әрекеттерінің орындалуын аудиторлық анықтау және мониторинг нәтижелері туралы ақпаратпен ішкі аудит қызметінің есептері алдын ала қаралып, мақұлданды;

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының ішкі аудит қызметінің 2024-2025 жылдарға арналған аудиторлық жоспары алдын ала мақұлданды.

СЫРТҚЫ АУДИТ:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС-мен кездесу өткізілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігіне аудит қызметін жүзеге асыратын сыртқы аудитордың орындалмаған ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде сыртқы аудитордың есебіне сәйкес, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы аудит қорытындысы бойынша 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде атқарылған жұмыстар туралы пысықталған есепті назарға алу ұсынылды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ:

- тоқсан сайынғы негізде Холдингтің тәуекелдері бойынша есептер алдын ала қаралып, мақұлданды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024 жылға арналған тәуекел-тәбеті мақұлданды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тәуекелдерді басқару саясаты алдын ала мақұлданып, бекітілді.

КОРПОРАТИВТІК ДАМУ:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының цифрландыру стратегиясын іске асыру бойынша 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының, 2021-2023 жылдарға арналған, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы

ақпараттық технологиялар жүйелерінің тиімділігі мәселелері бойынша оның еншілес ұйымдарымен өзара іс-қимылы бөлігінде орындалу барысы туралы есеп қаралды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2021-2022 жылдарға арналған «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерін назарға алу мақұлданды және ұсынылды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің 2022 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін және/немесе бағынысты органдардың және/немесе қызметтердің бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің есебі алдын ала қаралып, мақұлданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша қызметі тиімді деп танылды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитеттің қызметі Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі саласындағы мәселелерді терең пысықтау және мониторингілеу, сондай-ақ, Холдингтің Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

2023 жылы кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет 5 күндігі және 2 сырттай мәжіліс өткізді, оның барысында 24 мәселе қаралды.

КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ МӘЖІЛІСТЕРДЕГІ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСУЫ

Комитет мүшесі	Лауазымы	Мәжілістер	%	Комитет құрамында болу кезеңі
Мари-Элен Берар	тәуелсіз директор, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитеттің Төрағасы	7/7	100	05.01.2023–31.12.2023
Дэниел А. Витт	тәуелсіз директор, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитеттің мүшесі	6/7	85,7	05.01.2023–31.12.2023
Манфред Грундке	тәуелсіз директор, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитеттің мүшесі	6/7	85,7	05.01.2023–31.12.2023

КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ КЕЛЕСІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАСТЫРДЫ:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесін сайлау бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар берілді;
 - Қазақстандағы басқа квазимемлекеттік компаниялар мен қаржы ұйымдары арасында топ-менеджмент сыйақысын салыстырмалы талдау назарға алынды;
 - «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін айқындау бойынша ұсынымдар берілді;
 - 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметі алдын ала қаралып, қанағаттанарлық деп танылды;
 - «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2022 жылғы қызметі туралы есеп алдын ала қаралып, мақұлданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша қызметі тиімді деп танылды;
 - «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.
- акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтыру енгізу мәселесі бойынша ұсыныстар берілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мәселесі бойынша ұсыныстар берілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының кейбір мәселелері туралы ұсыныстар берілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін және/немесе бағынысты органдардың және/немесе қызметтердің бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша ұсыныстар берілді;

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің қызметі Холдингтің Директорлар кеңесіне Холдинг қызметінің басым бағыттарын және оны дамыту стратегиясын әзірлеу мәселелері бойынша, оның ішінде Холдинг қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі

мәселелерді орта және ұзақ мерзімді перспективада әзірлеуге және ұсынуға бағытталған.

2023 жылы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті 4 күндізгі және 2 сырттай мәжіліс өткізді, оның барысында 21 мәселе қаралды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ МӘЖІЛІСТЕРГЕ ҚАТЫСУЫ

Комитет мүшесі	Лауазымы	Мәжілістер	%	Комитет құрамында болу кезеңі
Манфред Грундке	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Төрағасы	6/6	100	05.01.2023–31.12.2023
Мари-Элен Берар	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі	6/6	100	05.01.2023–31.12.2023
Дэниел А. Витт	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі	5/6	83,3	05.01.2023–31.12.2023
Қуантыров Әлібек Сәкенұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі	5/6	62,5	05.01.2023–31.12.2023
Шарлапаев, Қанат Бисімбайұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы	3/6*	50	05.01.2023–27.09.2023

* Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттілігінің тоқтатылуына байланысты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы (ҚР ҰЭМ 28.09.2024 ж., №216 бұйрығы) Қ.Б. Шарлапаев комитет отырыстарына қатысқан жоқ.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ КЕЛЕСІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕРДІ ҚАРАСТЫРДЫ:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есеп қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспарының жобасы алдын ала қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2020-2023 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген қаржы қаражатын пайдалануы туралы ақпарат қаралды;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылға арналған жылдық бюджетінің атқарылуы туралы есептің орындалуы жөніндегі есеп алдын ала қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019-2023 жылдарға арналған 2022 жылға іс-шаралар жоспарының іске асырылуын бағалау алдын ала қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы халықаралық ынтымақтастығы туралы ақпарат қаралды;
- 2022 жылғы Инвестициялық саясат талабының орындалуы туралы ақпарат қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының агроөнеркәсіптік кешен жобаларына көрсететін қаржылық қолдау шеңберінде клиенттердің қанағаттанушылығын зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық ақпарат қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021-2023 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын іске асыру бойынша 2022 жылғы есеп қаралды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы Тұрақты даму туралы есебін қарау мәселесі бойынша ұсыныстар берілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Тұрақты даму саласындағы саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша ұсыныстар берілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024 жылға арналған жылдық бюджеті алдын ала мақұлданды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2026 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясы алдын ала қаралып, мақұлданды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің не Холдинг басқармасының мүшесі болып табылмайтын, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі тағайындайтын және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп беретін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкері.

Корпоративтік хатшының құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Холдингтің Жарғысында, Холдингтің Корпоративтік хатшысы туралы Ережеде және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарында айқындалады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы Ережеге сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік

хатшысының міндеттері Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарына – Холдингтің қызметкері болып табылмайтын және еңбек қатынастары қолданылмайтын және сыйақы төленбейтін Үкімет аппараты басшысына жүктелуі мүмкін. Бұл ретте Премьер-Министрдің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы Холдингті басқаруға қатыспайды.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 ақпандағы №02/22 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушы болып Премьер-Министрдің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы Қойшыбаев Ғалымжан Тельманұлы тағайындалды.

Корпоративтік хатшыға жүктелген функцияларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету Холдингтің Корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі міндеті болып табылады. Қызметті Корпоративтік хатшының орынбасары – Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы басқарады. Корпоративтік хатшы қызметі Холдингтің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және тікелей Корпоративтік хатшыға бағынады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

- Холдинг органдары мен лауазымды адамдарының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін іске асыруға және қорғауға кепілдік беретін корпоративтік басқару қағидалары мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімдерін дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- Холдингтің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;

- Холдинг туралы қажетті ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды қамтамасыз ету;

- Холдинг органдары арасындағы нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.



ҚОЙШЫБАЕВ ҒАЛЫМЖАН ТЕЛЬМАНҰЛЫ

Премьер-Министрдің орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы¹⁶

1968 жылы 12 сәуірде дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдаған.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2012-2016 жылдары – Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Эстония Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі;
- 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарды;
- 2019 жылғы 26 наурызда Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы болып тағайындалды;
- 2019 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы болып тағайындалды;
- 2021 жылғы 18 қаңтарда ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы лауазымына қайта тағайындалды;
- 2022 жылғы 11 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы болып қайта тағайындалды.
- 2023 жылғы 4 қаңтарда Мемлекет басшысының Жарлығымен Премьер-Министрдің орынбасары – ҚР Үкіметі Аппаратының Басшысы болып тағайындалды.
- 2023 жылғы 3 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен Премьер-Министрдің орынбасары – ҚР Үкіметі Аппаратының Басшысы болып қайта тағайындалды.
- 2024 жылғы 6 ақпанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Премьер-Министрдің орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы болып тағайындалды.

¹⁶ 2023 жылғы 3 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен Премьер-Министрдің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы болып қайта тағайындалды.

БАСҚАРМА

Басқарма Холдингтің алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Холдингтің және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етеді және соңғысына және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Холдингтің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Холдинг қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңнамада және Холдинг Жарғысында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма Холдингтің Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша алдын ала шешімдер қабылдайды.

Басқарма Төрағасы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдингтің Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес жалпы басшылықты жүзеге асырады. Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Холдинг басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Басқарма Төрағасы Жалғыз Акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі критерийі – Холдингтің директорлар кеңесі бекіткен ҚНҚ қойған жетістіктерге қол жеткізу болып табылады. Басқарма мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ бөлігінде ұсыныстарды басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг басқармасына бес адам кірді.



БАЙБАЗАРОВ НҰРЛАН СЕРІКҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

1975 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Қаржы және несие» мамандығы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2016 жылғы шілдеден 2022 жылғы қарашаға дейін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрағасы болып жұмыс істеді.

2022 жылғы қарашадан 2023 жылғы қазанға дейін – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы.

2023 жылдан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі.

Басқа лауазымдары:

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



АЙДАПКЕЛОВ НҰРБОЛАТ СЕРҒАЛИҰЛЫ

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

1979 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық-заң университеті, «Құқықтану» мамандығы, «Заңгер» біліктілігі берілді;

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2016 жылдан 2020 жылға дейін – ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің Төрағасы.

2020 жылдан 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының басшысы.

2022 жылдан – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.

Басқа лауазымдары:

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ХАМИТОВ ЕРСАЙЫН ЕРБОЛАТҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

1983 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, «Экономист-қаржыгер» мамандығы;

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Executive Master of Business Administration (EMBA) мамандығы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2016 жылдан 2022 жылға дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2022 жылдан – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

Басқа лауазымдары:

«Отбасы банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстандық Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Berge Bank» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ҒАЛЫМ ҮСЕН АСҚАРУҒЫ

Басқарма Төрағасының орынбасары

1983 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Гарвард университеті, Кеннеди мемлекеттік басқару мектебі (Массачусетс, АҚШ), Мемлекеттік басқару магистрі;
Осака университетінің экономика факультеті (Осака, Жапония), «Экономика» мамандығы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2019 жылдың қаңтар-мамыр – «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының бас сарапшысы.

2019 жылғы мамырдан 2020 жылғы тамызға дейін – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру басқармасының басшысы, мемлекеттік қызметтерді талдау және дамыту департаментінің директоры.

2020 жылдың тамызынан 2021 жылдың мамырына дейін – «BI Innovations» ЖШС (Астана) корпоративтік шешімдерді цифрландыру департаментінің директоры.

2023 жылдан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



СОН ВЯЧЕСЛАВ ВЛАДИМИРОВИЧ

Басқарма Төрағасының орынбасары

1982 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң университеті, «Құқықтану» мамандығы;
Заманауи гуманитарлық университеті, «Лингвист» мамандығы;
Лондон университеті, «Коммерциялық және корпоративтік құқық» мамандығы, құқық магистрі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

2017 жылғы қаңтардан 2023 жылғы қарашаға дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.

2023 жылдың қараша айынан – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

Басқа лауазымдары:

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

2023 ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2023 жылы Басқарма мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды:

- Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы;
- Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы.

2023 ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2023 жыл ішінде Холдинг басқармасы 56 мәжіліс өткізді, оның 37-сі күндізгі және 19-ы сырттай. Басқарма қараған ең маңызды мәселелер:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің қарауына «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені бекіту және шығару туралы.
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы жылдық

есебін бекіту туралы» мәселені «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына мақұлдау және шығару туралы.

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының қарауына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспарының жобасын мақұлдау туралы» мәселені мақұлдау және енгізу туралы.
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2026 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын бекіту туралы.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ МӘЖІЛІСТЕРГЕ ҚАТЫСУЫ¹⁷

Басқарма мүшесі	Мәжілістерге қатысу	%	Басқарма құрамында болу кезеңі
Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы	33/56	59	01.01.2023–15.09.2023
Байбазаров Нұрлан Серікұлы	13/56	23	10.10.2023–31.12.2023
Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы	43/56	77	01.01.2023–31.12.2023
Хамитов Ерсайын Ерболатұлы	48/56	86	01.01.2023–31.12.2023
Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	37/56	66	01.01.2023–05.12.2023
Ғалым Үсен Асқарұлы	19/56	34	29.08.2023–31.12.2023
Сон Вячеслав Владимирович	5/56	9	23.11.2023–31.12.2023

ХОЛДИНГ БАСҚАРМАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін Холдинг Басқармасы жанынан консультативтік-кеңесші органдар Комитеттер жұмыс істейді.

Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет

Холдинг Тобы бойынша бизнес-жоспарлау және бюджеттеу процесін үйлестіретін Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет 2023 жылы 25 мәжіліс өткізді. Комитет бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарады және Холдинг бюджетінің қаражатын қайта бөлу жөнінде ұсыныстар шығарды, Холдингтің іс-шаралар

жоспарларының, Холдингтің жылдық бюджетінің жобаларын, Холдингтің 2022 жылға ЕҰ іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті, ЕҰ даму жоспарларын және оларды түзетулерді алдын ала қарап, Басқармаға ұсыныстар берді.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комитет қызметінің мақсаты активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, тәуекелдерді оңтайландыру (қаржылық, операциялық, стратегиялық, құқықтық) және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және ЕҰ активтері

¹⁷ Қатысуды көрсету кезінде «ҚБП» деген белгісі бар мәселелер қаралған мәжілістер есепке алынбаған, өйткені хаттамалар кеңсеге берілген және осы мәжілістер бойынша ақпарат жоқ.

мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

2023 жылы Активтер мен пассивтерді басқару комитеті 37 мәжіліс өткізді. Комитет Холдинг Тобы компанияларының қаржылық тәуекелдерін басқару, Холдинг Тобының контрагенттерін қаржылық талдау, сондай-ақ, шоғырландырылған басқару есептілігі мәселелерін қарады, активтер мен міндеттемелерді басқару кезінде тиімділікті арттыру бөлігінде еншілес ұйымдарға ұсыныстар берді.

Стратегия және корпоративтік даму комитеті

Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының стратегиясы мен корпоративтік дамуы, даму стратегиясын іске асырудың тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметінде Тұрақты дамуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу үшін

құрылған алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2023 жылы Стратегия және корпоративтік даму комитеті 22 мәжіліс өткізді. Комитет 2023 жылдың 1-4 тоқсанына арналған Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы корпоративтік ҚНК мәселелерін, 2022 жылға еншілес ұйымдардың Басқарма мүшелерінің ҚНК орындалуы туралы есептерді, 2023 жылға еншілес ұйымдардың Басқарма мүшелерінің ҚНК карталарын түзетулерді, 2023 жылға еншілес ұйымдардың Басқарма мүшелерінің ҚНК жоспарлы карталарын, Холдингтің еншілес ұйымдарының даму стратегияларын іске асыру жөніндегі есептерді, еншілес ұйымдардың 2022 жылға арналған Холдингтің Тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспары, 2024-2026 жылдарға арналған Холдингтің Тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспары және басқаларды қарастырды.

нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін таза шоғырландырылған пайданың болуымен жүзеге асырылады. Бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық қызметақыдан аспауға тиіс.

2023 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің атқарушы органның құрамында болған кезеңінде, сондай-ақ Холдинг олардың пайдасына жүргізген тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 442 068 736 (төрт жүз қырық екі

миллион алпыс сегіз мың жеті жүз отыз алты) теңге 42 (қырық екі) тиынды құрады. Бұл сома салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ұсталғанға дейін көрсетілген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері жалақының сомасын, 2022 жылдың қорытындысы бойынша төленген сыйақыны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесіне арналған сыйлықақыны қамтиды.

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ МЕН ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР – ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ СЫЙАҚЫСЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ МӨЛШЕРІ

	2021	2022	2023
Басқарма мүшелері	265 866 406,28	278 097 617,22	227 101 069,75
Директорлар кеңесі	391 973 333,31	418 189 166,67	214 967 666,67

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН МАРАПАТТАУ ЖҮЙЕСІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіппен, тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне тәуелсіз директорларды қоса алғанда, олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстарды өтеу және сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері мен шарттары Холдингтің Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директорлармен Холдингтің атынан Холдингтің Директорлар кеңесі туралы Ережеге қосымшада көзделген редакцияда шарт жасасады, онда тәуелсіз директорларға сыйақылар мен өтемақылар төлеу мөлшері мен шарттары баяндалады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесі мен

оның Комитеттерінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай мәжілістерінің жартысына немесе жартысынан азына қатысқан жағдайда, сырқаттануы немесе негізгі жұмыс орны бойынша демалыста болуы себебінен тәуелсіз директор болмаған жағдайларды қоспағанда, сыйақы азаяды.

2023 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты сыйақы тек тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленді.

Холдингтің Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларымен регламенттелген. Басқарма мүшелеріне Директорлар кеңесінің шешімі бойынша лауазымдық жалақы белгіленеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 қаулысына сәйкес Басқарма мүшелеріне сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін стратегиялық ҚНК-ға қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты есепті жылдың қорытындылары бойынша, сондай-ақ, аудиттелген қаржылық есептілік негізінде компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) миссиясы тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсыныстар беру және білім алмасу арқылы ұйымның құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Аудит жөніндегі Комитетке

тікелей бағынатын және өз жұмысы туралы оларға есеп беретін Холдингтің органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Холдингтің Жарғысы мен корпоративтік басқару Кодексінің нормаларына, ІАҚ туралы Ережеге және ІАҚ Холдингінде ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру кезінде жаһандық ішкі аудит институты ұсынған ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін басшылыққа алады.

ІАҚ қызметінің Этика кодексіне және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкестігі 2023 жылы кезекті сыртқы тәуелсіз бағалаумен расталды (99%). Мемлекеттік сектор үшін ішкі аудиттің жетілу моделіне сәйкес жетілу деңгейі жоғары деңгейде оңтайландырумен бағаланады.

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ІАҚ ҚҰРАМЫ

ІАҚ басшысы – Науанова Д.А., MBA for the Global Energy Industry (with merit) (Warwick Business School), сертификатталған ішкі аудитор (CIA), тәуекел-менеджментін басқаруды бағалау бойынша сертификатталған маман (CRMA), алаяқтықты тергеу бойынша сертификатталған сарапшы (CFE).

Ішкі аудитор – Малдыбекова Д.Д., MSc in Logistics and Supply Chain Management (Heriot-Watt University), сертификатталған ішкі аудитор (CIA), алаяқтықты тергеу бойынша сертификатталған сарапшы (CFE), корпоративтік АТ басқару саласындағы сертификат (COBIT).

Ішкі аудитор – Тленчина А.У., MBA in Executive Management (Kingston University), Bachelor of Science with Honours in Economics and Accountancy (The City University London), сертификатталған ішкі аудитор (CIA).

Ақпараттық технологиялар аудиторы – Орамалов А.М., Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті «Есептеу техникасы мен желілерін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша ақпараттық жүйелердің сертификатталған аудиторы (CISA), ақпараттық қауіпсіздіктің сертификатталған менеджері (CISM).

2023 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

Холдингтің директорлар Кеңесі бекіткен ІАҚ аудиторлық жоспары жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалар мен консультациялық қызметтерді ескере отырып, 114%-ке орындалды.

2023 жылы Холдингтің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін кешенді бағалау нәтижелері бойынша жүйелердің негізгі элементтері – үздік тәжірибеге сәйкес келеді және жеткілікті тиімді.

2023 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша Холдингке бизнес-процестердің дизайнын одан әрі жетілдіруге, тәуекелдерді барынша азайтуға және ішкі бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған барлығы 140 ұсыныс берілді, оның 139-ы орындауға қабылданды.

Орташа алғанда, Холдингтің 2023 жылғы есепті кезеңдерде ІАҚ ұсынымдарын орындау дәрежесі 90%-ды құрады.

Қосымша ІАҚ Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің жоспарлы аудиттері шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жекелеген еншілес ұйымдарына ұсыныстар берілді.

ІАҚ тоқсан сайынғы есептері Аудит жөніндегі комитеттің және Холдингтің Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қаралды.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген ІАҚ аудиторлық жоспарымен 2024 жылы әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерінің сақталуын және Холдингтің атқарушы органы мүшелерінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мөндерінің дұрыстығын жыл сайынғы міндетті тексерулермен қатар, Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының даму стратегияларын қалыптастыру, іске асыру және мониторингілеу процестерінің, ауыл шаруашылығы активтерін басқару және жобалау-инвестициялық қызмет процестерінің, сатып алу процестерінің және құжат айналымын басқарудың аудиттері көзделген.

Сондай-ақ, Холдингтің және еншілес ұйымдардың ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің аудиттері жоспарланған.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Холдингтегі корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекітті. Саясат қақтығыстарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Холдинг органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-қимылдарын регламенттейді.

Холдингтің Лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын корпоративтік этика қағидаттары мен нормалары Холдингтің

Директорлар кеңесі бекіткен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этикалық кодексінде бекітілген.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 қазандағы №10/19 шешімімен Холдингтің Іскерлік этика кодексіне меритократия қағидаттарын сақтауға, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, корпоративтік қақтығыстарды реттеуде Омбудсмен институтын нығайтуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Холдингтің Іскерлік этика кодексінде белгіленген негізгі құндылықтар жауапкершілік, кәсібилік, команда, адалдық және әлеуметтік жауапкершілік болып табылады.

Іскерлік этика кодексін сақтау атқаратын лауазымына қарамастан Холдингтің барлық қызметкерлері үшін міндетті.

Холдинг қызметкерлері жыл сайын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексінің нормаларын білуге тестілеуді сәтті тапсырады.

ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Холдингтің Іскерлік этика кодексінің ережелерін сақтамау туралы мәліметтер жинауды, оны бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасауды, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысуды Холдингтің Омбудсмені жүзеге асырады.

Іскерлік этика кодексінің ережелерін бұзу жағдайлары туындаған кезде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері Омбудсменге жазбаша да, ауызша да жүгінуге құқылы. Омбудсмен өз кезегінде қызметкерлердің, лауазымды адамдардың, сондай-ақ іскер әріптестер мен мүдделі тұлғалардың Іскерлік этика кодексінің ережелерін сақтамау мәселелері бойынша өтініштерінің есебін жүргізеді. Омбудсмен бес жұмыс күні ішінде Холдинг қызметкерлеріне Іскерлік этика кодексінің ережелеріне түсініктеме беруге, олар жүгінген жағдайда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексін бұзу фактісі бойынша жүгінген қызметкердің, лауазымды адамның құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы бөлігінде Омбудсмен корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатына

сәйкес корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен өз іс-әрекеттерін үйлестіреді.

Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің ережелеріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2023 жылғы қызметі туралы есепті кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет және Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті қарады және мақұлдады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 шілдедегі шешімімен (№05/22 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсмені болып 2 (екі) жыл өкілеттік мерзімімен Ардақ Қайсарұлы Жұмағалиев тағайындалды.

Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және Омбудсмен қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету мақсатында Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарын өзгерту және өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің 2020 жылғы 22 маусымдағы 06/20 шешімімен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Омбудсмені туралы Ереже бекітілді.

Омбудсмен туралы Ережеде Холдингтің ұйымдық құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесіндегі Холдинг Омбудсменінің құқықтық мәртебесі, өкілеттіктерді тағайындау және тоқтату тәртібі, Омбудсмен қызметінің рөлі, міндеттері мен функциялары, құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі және өзге де мәселелері егжей-тегжейлі регламенттелген.

2023 жылы Омбудсменге өтініштер түскен жоқ.

Сонымен қатар, лауазымды тұлғалармен және Холдинг қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да Корпоративтік басқару кодексінің Ережелерін сақтау және оның еншілес ұйымдарымен өзара қарым-қатынастар бойынша міндеттемелер енгізілген.

Сайланған Омбудсменнің қызметі туралы Холдингтің барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына кеңінен хабарлау үшін электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Омбудсменнің қызметі туралы, қызметкерлердің кері байланысты көрсете отырып, Холдинг Омбудсменіне жүгіну құқығы/мүмкіндігі туралы толық ақпарат жіберілді.

Бұдан басқа, Холдинг Тобының қызметкерлері мен лауазымды адамдарының ыңғайлылығы үшін оларға байланыс арналары берілді, олардың көмегімен өтініш білдірген қызметкердің/еңбек дауына қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетілген хабарламалар құпиялылықты қамтамасыз ететін кез келген тәсілдер бойынша Омбудсменге берілуі мүмкін:

1. Ombudsman@baiterek.gov.kz электрондық пошта мекенжайына;
2. 8 7172 270 402 телефон нөміріне.

Омбудсменге өтініш беру тетігі және ол туралы мәліметтер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік интернет-сайтында орналастырылған.

Сонымен қатар, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да кейіннен шаралар қабылдау, оның ішінде материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу мақсатында сыбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілері бойынша қызметтік тергеулер/тексерулер жүргізу көзделген.

Холдингте мүдделер қақтығысын анықтау, реттеу және болғызбау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ үлестес тұлғаларының және оның лауазымды тұлғаларының тізілімі тұрақты негізде жүргізіледі, ол жақын туыстарының бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін азайтады, сондай-ақ, сатып алу саласындағы мүдделер қақтығысының тәуекелдерін азайтады.

Холдингте сондай-ақ контрагенттердің сенімділігін тексеру институты жұмыс істейді, оның шеңберінде 2023 жылы Холдингтің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінім берген 47 контрагент, сондай-ақ демеушілік көмек алуға өтінім берген контрагенттер тексерілді. Бұл тетік парасатты емес және жосықсыз контрагенттермен өзара әрекеттесу мүмкіндігін болдырмауға мүмкіндік береді.

Холдинг Тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін ақпараттандыруға және олардың хабардарлығын арттыруға ерекше назар аударылады. Жылына кемінде бір рет Холдинг пен еншілес ұйымдардың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту және кеңестер өткізіледі. Холдингтің еңбек тәртібі Қағидаларына сәйкес, жаңадан қабылданған барлық қызметкерлер міндетті түрде Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысады.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Заңнама нормаларының ықтимал бұзылуы туралы ақпаратты жедел алу мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да кері байланыс арналары (жедел желі, электрондық және пошталық байланыс арналары) жолға қойылған және жұмыс істейді, оларға жеке және заңды тұлғалар жүгініп, Холдингте сыбайлас жемқорлықтың болуы мүмкін немесе орын алған фактілері туралы хабарланады.

2023 жылы Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметінің қарауына жеке және заңды тұлғалардан 48 өтініш пен хабарлама келіп түсті.

Бұдан басқа, әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын білуге тестілеуден өтуге міндетті. 2023 жылы барлық үміткерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білу деңгейіне тестілеуден өтті. Аталған талап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да елімізде қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын білетін үміткерлерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Сондай ақ, Холдингте ҚР заңнамасының талаптарын бұзудың қауіпті факторларын анықтау мақсатында парасаттылыққа үміткерлерді тексеру жүзеге асырылады.

Холдинг 2023 жылдан бастап Холдингтің барлық қызметкерлерінің кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшу бойынша жұмыс жүргізді. Қорытындысы бойынша барлық қызметкерлер активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырды.

Холдингте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар Холдинг қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді, бұған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның қызметкерлерін 2023 жылы осы құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілікке тарту фактілерінің жоқтығы дәлел.

2024 жылы Холдинг және оның еншілес ұйымдары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейтуге, сондай-ақ, Холдингте оны қатаң қабылдау ахуалын қалыптастыруға бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жедел желі ұйымдағы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Сондықтан «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдағы уақытта да ақпарат берушілермен өзара іс-қимылдың қолжетімді құралдарын қолдануды жоспарлап отыр.

Холдинг сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың ықтимал және нақты фактілері туралы хабарлайтын адамдарды қорғау бойынша қажетті шараларды жүзеге асырады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметі жұмыс істейді. Мұндай қызметті құру бақылаушы компаенс саласындағы Холдингтің қызметін қисынды жетілдіруге айналды, сондай-ақ компания қызметіндегі кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайту жөніндегі міндеттің басымдылығын тағы да атап көрсетеді.

Бұл «Бәйтерек» ҰБХ АҚ-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы барлық заманауи нормативтік талаптарды тиімдірек ұстануға мүмкіндік берді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Іскерлік этика кодексі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алуды жүргізу қағидалары және басқа да нормативтік құжаттар бекітілді және қолданылады.

Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімімен Холдингтің 2023 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-бағдарламасы бекітілді, оның шеңберінде Холдингтегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылға

бағытталған іс-шаралар көзделген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-бағдарламаны орындау шеңберінде 2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

Осылайша, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрақты негізде ақпараттың кең спектрін пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді: бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, тексеруші органдар мен Холдингтің ішкі аудит қызметінің есептері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері.

2023 жылы ықтимал сыбайлас жемқорлық саңылауларын болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау шеңберінде Холдингтің сатып алу саласындағы бақылау мәселелері қаралды. Заңнаманы бұзушылықтар анықталған жоқ. Қорытындысы бойынша 7 ұсыныс шығарылды.

СЫРТҚЫ АУДИТОР

ҚР заңнамасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Холдингтің 2022-2023 жылдарға арналған сыртқы аудиторы «КПМГ Аудит» ЖШС болып табылады. Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да сыртқы Аудитті ұйымдастыру саясатына сәйкес, сондай-ақ сыртқы аудитордың халықаралық практикасы негізінде әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті (аудит үшін негізгі жауапты) ротациялау қағидатын ұстанады.

2023 жылға арналған аудиторлық қызметтердің құны аудиторлық қызметтерді ұсыну жөніндегі шарттың талаптарына сәйкес ҚҚС-пен 100 800 мың теңгені құрады.

Сыртқы аудитордан аудиторлық емес қызметтерді алған жағдайда Холдинг барлық қызметтерді сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қақтығысының (сыртқы аудитордың мүдделілігі оның қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай) туындау мүмкіндігі (тәуекелі) тұрғысынан қарайды. 2023 жыл ішінде «КПМГ Аудит» ЖШС аудиторлық ұйымы қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес консультациялық қызметтер көрсеткен жоқ.





BAITEREK



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі
бақылау жүйелерінің компоненттері 102
Негізгі тәуекелдері 104

05

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

Тәуекелдер – менеджменті басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және дамыған корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдингтің тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі – оның ұйымның ерекшелігіне, оның қызметінің негізгі принциптеріне, бизнес-процестерге бағдарлануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне белсенділігі болып табылады.

Холдингте тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, онда тұтастық, ашықтық, құрылымдылық, ақпараттандыру, экономикалық орындылық, үздіксіздік және жетілдіру, кезеңділік сияқты тәуекелдерді басқару процесінің негізгі принциптері бекітілген.

Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты – мүмкіндіктерді барынша пайдалану мен шығындардың алдын алу арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу болып табылады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да тәуекелдерді басқару Холдингтің мынадай органдары мен бөлімшелерін: Жалғыз акционерді, Директорлар кеңесін, Басқарманы, Тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшені және өзге де құрылымдық бөлімшелерді, сондай-ақ, ішкі аудит қызметін тарта отырып, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады.

Жалғыз акционер корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайды.


Директорлар кеңесі корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары Холдингтің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қою, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да тәуекелдерді басқаруды регламенттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау болып табылады. Директорлар Кеңесі жанынан Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бөлігінде ұсыныстар беру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылатын аудит жөніндегі Комитет құрылды.

Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттардың орындалуын және орындалуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты.

Басқарма жанындағы тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында активтер мен пассивтерді ертаратандыру, тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу негізгі функциялары болып табылатын активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі Комитет жұмыс істейді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алға қойған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған маңызды құрамдас бөлік тиімді жұмыс істейтін **ішкі бақылау жүйесі** болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Холдингтің тәуекелдерге дереу ден қоюға, Холдингтің негізгі және қосалқы бизнес-процестері мен күнделікті операцияларын бақылауды жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды, сондай-ақ тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесіне қатысушыларды жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы дереу хабардар етуді жүзеге асыруды көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін ішкі бақылау шеңберінде тартуды және тұрақты өзара іс-қимылды талап етеді.

Бұл жүйе белгілі қағидаттарды, ережелер мен үздік тәжірибелерді ескере отырып ұйымдастырылған және төмендегі үлгіде ұсынылған.



Бақылау процедуралары құжаттық болып табылады, Холдингтің мақсаттарының, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ Холдингтің

Лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдердің және ықтимал заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және алдын алу жөніндегі іс-шаралар мен іс-қимылдардың тіркелген жүйесі.

Холдингтегі тәуекелдерді басқару – бұл келесі компоненттерден тұратын тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторингтеу.

Есепті жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да тәуекелдерді басқару бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

- Холдингтегі тәуекелдер мен бақылауларды анықтау процесінің алдындағы барлық бизнес-процестерге кешенді талдау жүргізілді. Холдингтегі бизнес-процестерді айқындау екі негізгі тәсілге негізделді: бизнес-процестерді сипаттау және реттеу. Осы тәсілдерді кезең-кезеңімен пайдалану белгілі бір бизнес-процестің мәнін жан-жақты анықтауға, сондай-ақ кейіннен оның үздіксіз мониторингін қамтамасыз етуге бағытталған.
- 2024 жылға арналған бизнес-процестер, тәуекелдер және бақылаулар матрицасы бекітілді, ол Холдингтің негізгі бизнес-процестерін талдаудан тұратын және олардың тәуекелдерге ұшырауын бағалауға және осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін қалыптастыруға бағытталған ішкі тәуекелдерді бақылау және басқару жүйесінің құралы болып табылады.
- Холдинг пен оның басшылары бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын болатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде нәтижелердегі өзгерістер мүмкіндігін

білдіретін түрлі компоненттер мен метрикалар бойынша тәуекел-тәбеті бекітілді.

- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды оңтайландыру және өзектендіру жүргізілді.

2023 жылы Директорлар кеңесі мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы тоқсан сайын Холдинг Тобының негізгі тәуекелдерін сипаттай отырып, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қарады, тәуекелдердің негізгі индикаторларына, тәуекелдер тізілімі мен картасына, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларына мониторинг және өзектендіру жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, 2023 жылы Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты геосаяси оқиғаларға және соның салдарынан мұнай бағасының құбылмалылығына, валюта бағамдарына байланысты, Холдинг тоқсан сайын гипотетикалық сценарийлер бойынша талдау мен стресс-тестілеуді жүзеге асырды және Холдингтің Директорлар кеңесін сыртқы конъюнктураның Холдинг Тобының қаржылық және тәуекел-көрсеткіштеріне ықтимал теріс әсері бөлігінде өзекті жағдай туралы хабардар етті.

2023 жылы Холдинг қызметкерлері үшін тәуекел-мәдениетті дамыту мақсатында Холдингке тән тәуекелдерді және оның түрлерін тиімді сәйкестендіру, COSO және ISO-31000 стандарттарына сәйкес келетін тәуекел-менеджмент принциптерін анықтау және түсіну мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдына 2024 жылы және орта мерзімді перспективада мынадай міндеттер қояды:

- Холдинг Тобында тәуекел мәдениетін жетілдіру және оны корпоративтік басқару жүйесіне одан әрі интеграциялау;

- Холдинг тобындағы ТБЖ бойынша әдіснаманы оңтайландыру және өзектендіру;

- Холдингтегі тәуекелдер мен бақылаулардың бизнес-процестерінің тиімділігін арттыру;

- ТБЖ процестерін келесі бағыттарда автоматтандыру: Холдинг Тобының тәуекелдері бойынша есептерді алу және шоғырландыру, контрагентке лимиттерді есептеу және мониторингілеу және т. б.;

- бизнес-процестерге ESG-факторларын енгізу және Холдинг Тобы бойынша тәуекелдерді бағалау, оның ішінде интегратор рөлін атқара отырып, Тұрақты даму мәнмәтінінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Кредиттік тәуекелге ұшырауды басқару құралдары жеке қаржы активі және/немесе қаржы активтері қоржыны шеңберінде қаралады және екі санатқа бөлінеді:

1. кредит тәуекелдерінің себептерін болдырмауға арналған құралдар;
2. кредиттік тәуекелдердің басталу салдарын басқару құралдары.

Жеке қаржылық актив шеңберінде кредиттік тәуекелдің пайда болу себептерін болдырмауға арналған құралдарға қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бағалау және бақылау кіреді.

Қаржы активтері қоржындары кредиттік тәуекелдерінің туындау себептерін болдырмауға арналған құралдар қаржы активтері қоржындарын сандық бағалау және кредиттік және инвестициялық шешімдер қабылдау процесін жақсарту болып табылады. Кредиттік шешім қабылдау процесін жақсарту мыналарды қамтиды:

1. ұйымдық құрылымды жетілдіру;
2. әртүрлі қаржы құралдарына несие беру және инвестициялау процесін бақылау;
3. пайдаланылатын ақпараттық технологияларды жетілдіру.

Холдинг пен оның еншілес ұйымдары кредиттік тәуекелге ерекше назар аударады. Кредиттік тәуекел деңгейін айқындау және тәуекелді азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру контрагенттің кредитке қабілеттілігін айқындаудың және бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына ең жоғары лимиттерді белгілеудің әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, тұрақты негізде жүзеге асырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде Холдинг халықаралық рейтингтік агенттіктер берген контрагенттердің ең төменгі кредиттік рейтингтерін пайдаланады, сондай-ақ қолжетімді қаржылық есептілік және дербес жүргізілген талдау нәтижелері негізінде қаржылық жағдайды бағалауды жүргізеді. Тәуекелдің осы түріне мониторинг пен бақылауды шоғырландырылған негізде Холдингтің уәкілетті органы жүзеге асырады.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Холдинг негізгі тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру процесінде сыртқы кеңесшіні тарта отырып әзірленген тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің моделі шеңберінде бірыңғай стандартты ұстанады. Модель тәуекелдің негізгі түрлерін бағалауды (өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, несиелік тәуекел, операциялық тәуекел, іскерлік тәуекел және жылжымайтын мүлік тәуекелі) және оларды біріктіруді және қалыпты және күйзеліс жағдаяттарында есептелген тәуекелдердің жиынтық мөлшерін жабу үшін қолда бар қаржылық ресурстардың жеткіліктілігін бағалауды қамтиды. Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің әдістемесі сондай-ақ, Холдинг қызметінің миссиясы мен стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуге тән стратегиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді көздейді және қойылған

стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының негізгі тәуекелдері Холдинг Тобындағы барлық бизнес-процестерге тән тәуекелдерге сауалнама жүргізу процесінде анықталады және маңыздылық дәрежесін ескере отырып, тәуекелдер картасында графикалық түрде көрсетіледі. Негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар тәуекелдер тізіліміне сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады. Тәуекелдер картасы, тәуекелдер тізілімі, негізгі тәуекелдер жөніндегі іс-шаралар жоспары және іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарайды және бекітеді.

КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛІ

Контрагенттің Холдинг тобының қаржы құралы бойынша өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі кредиттік тәуекел болып табылады және Холдинг тобы үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне әсер ету ықтималдығы жоғары дәрежеде аса маңызды болып саналады. Маңыздылығының жоғары дәрежесін ескере отырып, бұл тәуекел 2023 жылы Холдингтің тәуекел картасына сәйкес қызыл тәуекел аймағында орналасқан.

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің мақсаты – оның алдын алу, қарыз алушының өзінің қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығын азайту болып табылады.

ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі Холдинг тобы үшін елеулі тәуекелдердің бірі болып саналады және активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің бір-біріне сәйкес келмеуінен туындайды, бұл өз кезегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өзінің теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін қолайлы баға бойынша жеткілікті өтімді қаражатпен қамтамасыз етілуіне әсер етеді.

Холдинг өтімділікті басқаруды барлық міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің басталуына қарай орындау үшін қажетті ақшалай қаражаттың тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Өтімділікті басқару Холдингтің рәсімдері мыналардан тұрады:

- ақша ағындарын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;

- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;

- қарыз қаражаттарының шоғырлануы мен құрылымын басқару;

- қарызды қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеу;

- кассалық өтімділік бұзылған жағдайда қорғаныс шарасы ретінде еркін сатылатын өтімділігі жоғары активтер қоржынына қызмет көрсету;

- өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;

- Холдинг Тобының өтімділігінің теңгерімдік көрсеткіштерінің белгіленген нормативтері мен лимиттеріне сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Холдинг нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшырайтын валюталық, пайыздық және өзге де қаржы құралдары бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды.

Нарықтық тәуекелдерге ұшырауды басқару жүйелерінің мақсаты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өзіне қабылдайтын жиынтық тәуекелді өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес деңгейде ұстап тұру болып табылады. Күтпеген қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырауды барынша азайту негізінде Холдингтің активтері мен капиталының барынша сақталуын қамтамасыз ету басым болып табылады.

Нарықтық тәуекелдерді басқару процесі келесі дәйекті қадамдарды орындауды қамтиды:

- басқаруды жоспарлау – нарықтық тәуекелдерге ұшырауды тиімді басқаруды жүзеге асырудың тиісті тәсілдерін анықтау;

- сәйкестендіру – Холдингтің қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырау түрлерін анықтау және құжаттау;
- сапалы бағалау – Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында нарықтық тәуекелдерді сапалы талдау, олардың пайда болу себептерін анықтау;
- сандық бағалау – нарықтық тәуекелдерді іске асыру салдарының пайда болу ықтималдығы мен әсерін сандық талдау;
- әрекет етуді жоспарлау – нарықтық тәуекелдерді іске асырудың теріс салдарын әлсірету бойынша рәсімдер мен әдістерді айқындау;
- әсерлілік мониторингі және бақылау – нарықтық тәуекелдер мониторингі және оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау; нарықтық тәуекелдерге ұшырауды азайту бойынша қабылданған іс-қимылдардың тиімділігін бағалау.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ


Холдинг ішкі процестердің жеткіліксіздігі немесе қате болуы, жүйелердің жұмыс істеуі, жұмысшылардың әрекеттері нәтижесінде шығындарға, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың іске асырылуы себебінен туындайтын шығындарға әкелетін операциялық тәуекелге ұшырайды.

Операциялық тәуекелді басқарудың мақсаты операциялық шығындарды азайту, шығындарды ұтымды ету, сондай-ақ уақытты азайту және бақылаудан тыс оқиғаларға жауап берудің барабарлығын арттыру арқылы Холдингтің операциялық тиімділігін оңтайландыру болып табылады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ операциялық тәуекелді келесі құралдар арқылы басқарады:

- әрбір оқиға бойынша операциялық тәуекелдерді басқарумен ұсынымдар әзірлейтін жауапты құрылымдық бөлімшені тарта отырып, іске асырылған және ықтимал тәуекелдердің дерекқорын толтыру арқылы операциялық тәуекелдер санатына жататын оқиғаларды жіктеу;
- операциялық тәуекелдерді іске асыруға байланысты нақты шығындарды салыстыра отырып, операциялық тәуекелге капиталдың сақтық қорын есептеу;
- операциялық тәуекелдер бойынша есептілік мониторингі;
- қызметтің үздіксіздігін басқаруды тиісті деңгейде қамтамасыз ету.

Операциялық тәуекел деңгейін мониторингтеу нәтижелері тиісті алқалы органдарға жеткізіледі.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

06

Тұрақты дамуды басқару жүйесі	110	Жауапты инвестициялау	133
Холдингтің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі	113	Экономикалық нәтижелілік	135
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл .	115	Сатып алу қызметі	135
Ақпараттық саясат	120	Қоршаған ортаны қорғау	136
Персоналды басқару	122	Демеушілік және қайырымдылық көмек	139

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі қаржы институты бола отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өзінің қоршаған ортаға ықпалының маңыздылығын түсінеді (кең мағынада) және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға ұмтылады.

Холдинг өз қызметі шеңберінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттардың келісілуін қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;
- өңдеу өнеркәсібінің өсуі;
- шикізаттық емес салалар экспортының өсуін ұлғайту;
- еңбек өнімділігін арттыру;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау және т.б.

Холдинг өз қызметінде Холдингтің корпоративтік басқару кодексінде бекітілген Тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, әдептілік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу

Жауапты қаржыландыруды дамыту

Жауапты сатып алуларға жәрдемдесу

Бірыңғай кадр саясатын қалыптастыру

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және ЕҰ қызметіндегі ашықтықты арттыру

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өз қызметінде адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы БҰҰ-ның жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады. Холдингтің Тұрақты даму саласындағы саясатында мақсаттар, міндеттер, қағидаттар толығырақ бекітілген.

Осыған байланысты, 2023 жылы Холдинг адам құқықтары жөніндегі саясатты бекітті, оның шеңберінде қауымдастықтар мен ұжымдық келіссөздер бостандығы, сондай-ақ қызметкерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері сияқты Тұрақты даму аспектілері жазылды. Саясатты әзірлеу және бекіту Холдингтің этикалық қағидаттарға берік ұстанымын көрсетеді, Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік талаптары мен халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ беделді тәуекелдерді азайтады. Сонымен қатар, бұл оң корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді және Тұрақты дамудың жаһандық мақсаттарына сәйкес келеді.

Холдингте ESG-қағидаттарын енгізуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте Холдинг осы саладағы әлемдік үрдістерді және ұлттық басымдықтарды, олардың ішінде төмен көміртекті экономикаға көшу және декарбонизация, сондай-ақ ESG-қағидаттарына жауап беретін тұрақты қаржыландыру құралдарын дамытуды ұстанады. Бұдан басқа, айқындықты арттыруға, бірыңғай кадр саясатын қалыптастыруға және жауапты сатып алуларға тиісті көңіл бөлінеді.

2023 жылы Холдинг Sustainable Fitch халықаралық агенттігінен ESG-рейтинг алды. Бұл ҚНҚ-ның нысаналы мәні базалық мәнмен салыстырғанда 2023 жылға қарай бағалауды 2 тармаққа арттыруды көздейді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Холдингтегі Тұрақты дамуды басқару корпоративтік басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Холдингтің Директорлар кеңесі Тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық нұсқаулық пен бақылауды жүзеге асырады.

Холдингтің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құзыретіне Тұрақты даму мәселелерін қарау алдын ала тапсырылған.

Холдинг Басқармасы Тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ, Тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді. Басқарма сондай-ақ, Директорлар кеңесінің қарауына есепті жылдан кейінгі жылдың үшінші тоқсанында жыл сайынғы негізде Тұрақты даму туралы есепті ұсынады.

Холдингтің Басқарма мүшелерінің ҚНҚ корпоративтік карталарына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі ҚНҚ кіреді, бұл ретте Холдингтің Тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша есеп деректер көзі болып табылады.

Холдингтің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттері шеңберінде Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және ҚНҚ-ға қол жеткізу үшін жеке жауапты болады.

2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ХОЛДИНГТІҢ 2022-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Холдингтің экологиялық және әлеуметтік саясатының ережелерін іске асыру шеңберінде Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – ЕҰ) инвестициялық қызметіне ESG-қағидаттарын енгізу туралы есеп дайындалды. Есеп жоғарыда аталған қағидаттарды әрбір еншілес ұйымның қызметіне енгізу туралы толық ақпаратты қамтиды.

2023 жылы келесі іс-шаралар іске асырылды:

- Холдингтің ЕҰ (оның ішінде әлеуметтік) жасыл жобаларының бірыңғай базасы қалыптастырылды;

Холдингтің Тұрақты даму мәселелерін үйлестіретін негізгі Департамент келесі жұмыстарды орындайтын Стратегия және корпоративтік даму департаменті болып табылады:

- орнықты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады;
- орнықты даму саласындағы Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
- Тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының және ҚНҚ-ның орындалуы бойынша есепті дайындауды жүзеге асырады;
- GRI Standards халықаралық стандарттарына сәйкес Тұрақты даму туралы бөлімді және Тұрақты даму саласындағы есепті қоса отырып, Холдингтің жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;
- Тұрақты даму мәселелері бойынша Холдингтің ЕҰ және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу және өз міндеттерін орындау кезінде Тұрақты даму қағидаттарын ұстанады және барлық қызметкерлердің жұмылуына ықпал етеді.

- Холдингтің экологиялық және әлеуметтік саясаты езеңтендірілді;
- Еуразиялық даму банкімен (ЕАДБ) бірлесіп Холдингті ЕҰ мүдделі қызметкерлерімен «Валюта нарығын, бағалы қағаздар нарығын, ESG дамыту мен Тұрақты даму жобаларын, 2024 жылға арналған болжамды талқылау» тақырыбында құзыреттер орталығы өткізілді;

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің 2022 жылғы Тұрақты даму туралы есебіне енгізілген БҰҰ-ның «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі қағидаттар

/ Women Empowerment Principles (WEP)» бастамасын іске асыру туралы есеп дайындалды.

2023 жылы «Жасыл кеңсе» элементтерін енгізу бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды, атап айтқанда:

- 938 кг макулатура (526 кг картон және 412 кг қағаз) қайта өңдеуге берілді.
- 500 дана экологиялық материалдардан жасалған қаламдарды сатып алу жүзеге асырылды.
- Негізгі халықаралық және Дүниежүзілік экологиялық күндер ұсынылған Холдинг қызметкерлерінің экологиялық санасын арттыру бойынша үгіт-насихат экологиялық күнтізбесі әзірленді.
- Бизнес-орталықтың бірінші қабатында өз заттарын әкеліп, қайырымдылық қорлары мен аз қамтылған отбасыларға одан әрі өткізуге арналған заттар жәшігі орнатылған.
- Алюминий құтылар мен пластикалық бөтелкелерді қабылдау үшін фандомат орнатылды.
- Әрі қарай үйсіз жануарларға арналған баспанаға өткізуге арналған азық қорабы орнатылды.
- Қызметкерлер арасында экологиялық науқандар өткізілді: сенбілік, көліксіз күн.
- ҚР СТ ISO 14001-2016 (ISO 14001:2015) «Экологиялық менеджмент жүйелері» және ҚР СТ ISO 45001-2019 (ISO 45001:2018) «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйелері» сертификаттары алынды.

Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы толық ақпаратты «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2023 жылғы Тұрақты даму туралы есебінен табуға болады.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы Холдинг Тұрақты даму бойынша бірқатар іс-шараларды жоспарлады, оның ішінде:

- Холдингтің экологиялық және әлеуметтік саясатында және жасыл жобалар таксономиясында айқындалған жасыл жобаларды іске асырудың негізгі бағыттарына, секторлар (энергетика, АӨК, тұрғын үй блогын және т.б. қоса алғанда), қаржыландыру көлемі, экологиялық және әлеуметтік әсерлер бойынша бөліністе Холдингтің

ЕҰ (оның ішінде әлеуметтік) жасыл жобаларының бірыңғай базасын өзектендіру;

- жобалау қызметі шеңберінде парниктік газдар шығарындыларын бағалау жөніндегі Жұмыс тобын құру қажеттілігін қарау;
- Тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингті қолдау жөніндегі жұмыс;
- ESG саласында скоринг өткізу мүмкіндігін қарау және/немесе Холдингтің ЕТҰ үшін ESG-рейтингін иемдену;
- Холдингтің және оның ЕТҰ-ның CO2 шығарындыларын есептеу әдістемесін әзірлеуі (Score 1, 2, 3-әсерлері);
- қызметкерлердің экологиялық санасын арттыру бойынша үгіт-насихат іс-шараларын өткізу: конкурстар, тимбилдинг, бизнес-таңғы ас, экологиялық науқандар, сондай-ақ ақпараттық стендтер/плакаттар/бейнероликтер әзірлеу;
- экологиялық менеджмент және еңбекті қорғау және қауіпсіздік сертификаттарын растау (ҚР СТ ISO 45001-2019, ҚР СТ ISO 14001) және Холдинг қызметкерлері үшін осы стандарттардың талаптары бойынша оқыту жүргізу;
- берілген макулатураның есебін жүргізу және экологиялық материалдардан жасалған кеңсе тауарларын сатып алу;
- Тұрақты даму, ESG, ESG-скрининг, жасыл қаржыландыру, «жасыл кеңсе» (онлайн-форматты қоса алғанда) тақырыбы бойынша оқыту;
- АХҚО / KASE мамандарын шақыра отырып, жасыл қаржыландыруды дамыту / тұрақты даму облигацияларын (жасыл, әлеуметтік) шығару бойынша ЕҰ қатысуымен құзыреттер орталығын өткізу;
- Тұрақты даму жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді қоса алғанда, Холдинг Тобымен бизнес-процестерге ESG-факторларды енгізу бойынша тәжірибе алмасу;
- Холдингтің ЕТҰ корпоративтік интернет-сайттарында тиісті толық және өзекті ақпаратпен Тұрақты даму жөніндегі бөлімнің болуын қамтамасыз ету; және басқалары.

ХОЛДИНГТІҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Холдинг басшылығы 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған кедейлікті жоюға, ғаламшар ресурстарын сақтауға және жалпыға бірдей әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты дамудың 17 мақсатын (бұдан әрі – ТДМ) қолдайды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ТДМ-ға қол жеткізуге жәрдемдесу қызметті жүргізуге жауапты тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, жобалық қоржынды қалыптастыру кезінде Холдинг ТДМ сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаларға басымдық береді, оның ішінде:

- Жан-жақты және тұрақты индустрияландыруға;
- қалалар мен елді мекендердің ашықтығына, қауіпсіздігіне, өміршеңдігі және экологиялық орнықтылығына;
- Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын өртаратандыруға. Есепті жылы Холдинг Қазақстанда ТДМ ілгерілету бойынша БҰҰ ұйымдастырған дөңгелек үстелдер мен семинарларға, панельдік пікірталастарға қатысты.

ХОЛДИНГТІҢ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МІНДЕТТЕРІ¹⁸

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары	Холдингтің қызметі
 <p>2 АШТЫҚТЫ ЖОЮ</p>	<p>ТДМ 2. Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал ету</p> <p>Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолжетімді қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету арқылы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту.</p>
 <p>3 ЖАСЫЛ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ</p>	<p>ТДМ 3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету</p> <p>Қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау.</p>
 <p>4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ</p>	<p>ТДМ 4. Жан-жақты және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыру</p> <p>Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру; • ішкі оқыту бағдарламаларын іске асыру; • қайырымдылық білім беру жобаларын қолдау.
 <p>5 ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК</p>	<p>ТДМ 5. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту</p> <ul style="list-style-type: none"> • тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау; • қызметті бағалаудың және сыйақының тең жүйесін қамтамасыз ету; • әйелдер кәсіпкерлігі жобаларын қолдау.
 <p>7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</p>	<p>ТДМ 7. Барлығына арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету</p> <p>Холдинг институттары АХҚО АИХ қор биржасының алаңында жасыл облигацияларды орналастыруды жүргізді.</p>

¹⁸ Холдингтің 2023 жылдың қорытындысы бойынша БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпарат Холдингтің 2023 жылғы тұрақты дамуы туралы есебінде толығырақ берілген.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары	Холдингтің қызметі
 <p>8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</p>	<p>ТДМ 8. Тұрақты, толық қамтылған және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмысқа жәрдемдесу</p> <ul style="list-style-type: none"> Холдингтің қаржы құралдарын ұсыну арқылы ірі бизнесті қолдау және ШОБ дамыту; қызметтердің клиентке бағдарлануын арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру.
 <p>9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</p>	<p>ТДМ 9. Берік инфрақұрылым құру, жан-жақты және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу</p> <ul style="list-style-type: none"> өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобаларды қолдау; қазақстандық шикізаттық емес тауар өндірушілерін және қызмет көрсетушілерді сыртқы нарықтарда ілгерілету және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту; тұрғын үй құрылысын қолдау; технологиялық кәсіпкерлікті және private equity инфрақұрылымын дамыту.
 <p>10 ТЕНІСЕТІКТІ ҚЫСҚАРТУ</p>	<p>ТДМ 10. Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздік деңгейінің төмендету</p> <ul style="list-style-type: none"> жастарға, жаңадан бастаушы кәсіпкерлерге арналған өнімдерді әзірлеу; халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған өнімдерді әзірлеу; мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау және белсенді өмірге қосу (Холдинг штатында мүгедектігі бар қызметкерлер бар).
 <p>11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</p>	<p>ТДМ 11. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және орнықтылығын қамтамасыз ету</p> <ul style="list-style-type: none"> ірі инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды қолдау; ШОБ кешенді қолдау.
 <p>12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ВИДИРС</p>	<p>ТДМ 12. Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету</p> <ul style="list-style-type: none"> жасыл жобаларды қолдау; Холдинг кеңсесінде ресурс үнемдеу технологияларын қолдану; ресурстарды жауапты тұтыну.
 <p>13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІН КҮРЕС</p>	<p>ТДМ 13. Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы шұғыл шаралар қабылдау</p> <p>Холдинг институттары экологиялық таза өндірістер мен ресурс үнемдейтін жобаларды қаржыландыруға ұмтылады (ҚДБ-ның кредиттік портфелінде жаңартылатын энергия көздеріне және климаттың өзгеруін митигациялауға ықпал ететін энергия тиімділігін жақсартуға байланысты 7 жоба бар).</p>
 <p>15 ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЛЕРІ САҚТАУ</p>	<p>ТДМ 15. Құрлық экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің деградация процесін тоқтату және кері қайтару және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату</p> <p>Холдинг институттары жыл сайын қоршаған ортаның экологиялық әл-ауқатын қолдау және жақсарту бойынша іс-шаралар өткізеді (ағаш отырғызу, іргелес аумақты көгалдандыру және т.б.).</p>
 <p>16 БЕЙІТШІЛІК, АДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР</p>	<p>ТДМ 16. Орнықты даму мүддесі үшін бейбіт және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығына сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және кеңінен қатысуға негізделген мекемелер құру</p> <ul style="list-style-type: none"> елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру; Холдингтің мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге/өзектендіруге қатысу.
 <p>17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРИКЕСТІК</p>	<p>ТДМ 17. Тұрақты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және тұрақты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру</p> <ul style="list-style-type: none"> тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық институттармен және қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық; Қазақстанда ТДМ ілгерілету жөніндегі конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысу.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Холдинг барлық мүдделі тараптармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға көп көңіл бөледі.

Тұрақты дамудың табысты және тиімді саясатын жүргізу үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісті көңіл бөледі. Мүдделі тараптарды айқындау кезінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары осы саладағы халықаралық стандарттарды пайдаланады. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Холдингтің мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Холдингтің стейкхолдерлерінің картасы әзірленді, ол әрбір стейкхолдермен жұмыс істеудің барабар стратегиясын құру үшін Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуализациялауға мүмкіндік береді.

Холдингтің мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алуды, Холдинг қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде және мүдделі тараптарды Елеулі тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шегараларын талқылауға тартуды көздейтін тарту қағидатына негізделген.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесудің негізгі формалары мыналар:

1. Сауалнамалар, фокус-топтар, мүдделі тараптармен кездесулер, көпшілік кездесулер, семинарлар, байланыс құралдары арқылы кері байланыс беру, консультативтік кеңестер;
2. Әлеуметтік әріптестік қағидаттарына негізделген ұжымдық келіссөздер;
3. Көпжақты форумдар, консультациялық панельдер, консенсусқа қол жеткізу процесі, бірлескен шешім қабылдау процесі, фокус-топтар, кері байланыс беру схемалары;
4. Бірлескен жобалар, бірлескен кәсіпорындар, әріптестік, мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары;
5. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке интеграциялау.

Стейкхолдерлердің ынталануы келесі үш қағидаға сәйкес жүзеге асырылады:

1. **Маңыздылығы.** Холдинг өзінің мүдделі тараптарын нақты анықтайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері маңызды екенін түсінеді.
2. **Толықтық.** Өз қызметі барысында Холдинг мүдделі тараптардың алаңдаушылығына назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен күтілетін қызмет нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерін түсінеді.
3. **Жауап беру.** Холдинг мүдделі тараптардың барлық маңызды сұрақтарына дәйекті түрде жауап береді.

Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты басқаруды ұйымдастыру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өз қызметін мынадай негізгі қағидаттарға бағыттайды:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- мақсатты аудиторияны өз қызметі туралы белсенді түрде хабардар етуге тырысады;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді іске асыру бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтерді ұсыну бойынша сыртқы үміткерлер арасында конкурстық іріктеу), сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалануды қамтамасыз етеді;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;
- тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТОПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ¹⁹

Стейкхолдер	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Жалғыз акционер	Холдингтің жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау, стратегиялық мақсаттарға/көрсеткіштерге қол жеткізу	Жарғы, Холдингтің корпоративтік басқару кодексі, ресми сұраулар	<ul style="list-style-type: none"> Қызметтің негізгі бағыттарын, сондай-ақ Жалғыз акционердің құзыретіне жататын мәселелерді келісу; Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингтің Жарғысына сәйкес негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғысының, Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат беру.
Басқару органы	Органның құзыретіне жататын Холдинг қызметіне жалпы басшылық жасау	Жарғы, Холдингтің ішкі құжаттары	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда Холдингтің Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, негізгі қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау; Холдинг қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру.
Менеджмент	Холдингтің ағымдағы қызметіне басшылық жасау, Холдингтің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау	Жарғы, Холдингтің ішкі құжаттары	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау; Даму жоспарын және Холдингтің қызметіне қатысты басқа да мәселелерді дайындау және іске асыру; Холдингтің жедел қызметіне басшылық жасау.
Персонал	Мансаптық өсу, жоғары жалақы, әлеуметтік қамсыздандыру (медициналық сақтандыру, жыл сайынғы ақылы демалыс), кәсіби даму	Еңбек кодексі, еңбек шарттары (азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар)	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлерді электрондық пошта арқылы бос орындар мен корпоратившілік конкурстар туралы хабардар ету; Жыл сайынғы демалыс кестесін құру; Қызметкерлер үшін мәдени корпоративтік іс-шараларды (тимбилдинг және т. б.) қалыптастыру және өткізу; Қызметкерлерді оқытуды және/немесе олардың дағдылары мен құзыретін арттыруды жүргізуде сүйемелдеу; Еңбек дауларын шешу үшін келісу комиссиясының болуы; Холдингтің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау;

Стейкхолдер	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Мемлекеттік органдар	Салық түсімдері, экономикалық өсу, халықты жұмыспен қамту / жаңа жұмыс орындарын құру, әлеуметтік мәселелерді шешу	Заңдар, әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік реттеу, ресми сұраулар	<ul style="list-style-type: none"> Білікті және ынталы кадрларды дамытуға бағытталған ашық, айқын кадр саясатын жүргізу; Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру, олардың нәтижелерін әділ және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсуді қамтамасыз ету. Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу; Іскерлік хат алмасу және / немесе сұрауларға жауап дайындау; Есептілікті ұсыну (қаржылық, қаржылық емес).
Клиенттер, тұтынушылар	Әлеуметтік мүдделер / коммерциялық мүдделер	Шарттар	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік сайтта Холдинг және оның қызметі туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру; Іскерлік хат алмасу, (әлеуетті) клиенттермен кездесулер өткізу; Холдингтің және еншілес ұйымдардың қаржылық/қаржылық емес өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың құтулеріне сәйкестігін қамтамасыз ету; Шарттар жасасу, орындалуын бақылау.
Еншілес ұйымдар	Акционерлердің/ қатысушылардың мүдделерін сақтау	Холдингтің Жарғысы, Холдингтің ішкі құжаттары, еншілес ұйымдардың жарғылары	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің еншілес ұйымның акционері / қатысушысы ретіндегі өз құқықтарын іске асыруы; Хат алмасу және еншілес ұйымдарға сұрау салуларды жіберу; Холдинг жіберген тапсырмалардың орындалуын бақылау.
Қоғамдық кеңес	Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру	Қоғамдық кеңес туралы Ереже	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің даму жоспары мен іс-шаралар жоспарының жобаларын, сондай-ақ оларды іске асыру жөніндегі есептерді талқылау; Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін талқылау; Холдинг қызметінің бағыттары бойынша комиссиялар шеңберіндегі өзара іс-қимыл.
Аудиторлар, консалтингтік компаниялар	Консалтингтік қызметтер және қаржылық аудит бойынша қызметтер көрсету	Шарттар	<ul style="list-style-type: none"> Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу.

¹⁹ 2023 жылы Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл бойынша іске асырылған іс-шаралар туралы толығырақ ақпарат Холдингтің 2023 жылғы Тұрақты даму туралы есебінде ұсынылған.

Стейкхолдер	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Жеткізушілер	Коммерциялық мүдделер, мәлімделген талаптарға сәйкес тауарлармен қамтамасыз ету, жұмыстарды жүзеге асыру және қызметтер көрсету	Шарттар, келісімшарттар	<ul style="list-style-type: none"> Сатып алуларға қатысу; Кездесулер өткізу, іскерлік хат алмасу; Шарттар жасасу; Шарттық міндеттемелердің тиісінше орындалуын бақылау.
Инвесторлар	Салынған инвестициялардың рентабельділігі, қаражаттарды қайтару	Меморандумдар, шарттар	<ul style="list-style-type: none"> Іскерлік хат алмасу, (әлеуетті) инвесторлармен кездесу өткізу; Жобаларды және негізгі қызметті іске асыру үшін инвестициялар тарту.
Қаржылық институттар	Депозиттік шоттарда бос ақша қаражаттарын орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету	Шарттар, қызметкерлердің біліктілігі және кәсібилігі	<ul style="list-style-type: none"> Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау; Қаржылық көрсеткіштерді жақсарту.
Серіктестер	Коммерциялық мүдделер, өзара тиімді ынтымақтастық	Өзара түсіністік туралы шарттар, келісімдер, меморандумдар	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді ынтымақтастық, бизнес және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру; Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
Қоғамдық ұйымдар	Қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру	Өзара түсіністік туралы шарттар, келісімдер, меморандумдар	<ul style="list-style-type: none"> Қайырымдылық пен демеушілікті жүзеге асыру; Жалпы мәселелер бойынша өзара келісім; Қауымдастықтармен және/немесе бірлестіктермен бірлескен іс-шаралар өткізу (кездесулер, қайырымдылық кештері және т.б.).
Бұқаралық ақпарат құралдары	Сындарлы ынтымақтастық	Холдингтің қызметі туралы жарияланымдар мен ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Баспасөз конференцияларын өткізу, баспасөз релиздерін ұсыну және сұхбаттарды ұйымдастыру; Журналистердің сұранысы бойынша ақпарат беру – БАҚ.

Стейкхолдер	Мүдделер/ уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Халық	Холдинг қызметінің ашықтығы, қосымша жұмыс орындарын құру, аймақтың дамуы	Қоғамдық пікір, жоғары тұрған және реттеуші органдарға, БАҚ-қа жүгінулер.	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің корпоративтік сайтында өзекті жария ақпаратты орналастыру, оның ішінде өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау; Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің ашықтығы және тұрақты даму қағидаларына практикалық міндеттемені көрсету, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу; Жеке тұлғалардың жүгінулеріне уақтылы ден қою; Беделді аудит, қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу, PR-стратегияны іске асыру.
Халықаралық ұйымдар	Бірлескен халықаралық жобаларды іске асыру, өзара тиімді коммерциялық мүдделер	Халықаралық рейтинг беру, шарттар мен келісімдер	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер жасасу; Кездесулер өткізу, іскерлік хат алмасу; Бағытына қарай Холдинг қызметін жетілдіру мәселелерін талқылау (бизнес-процесс, автоматтандыру, корпоративтік даму).
Бәсекелестер	Нарықтағы қатысу үлесін арттыру	Неғұрлым дамыған және жаңа технологияларды қолдану, активтердің өсуі, баға бәсекелестігі; белсенді жарнама саясаты, нарықты маркетингтік зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> Маркетингтік зерттеулер жүргізу; нарықты мониторингілеу және талдау; Корпоративтік басқару кодексіне, Холдингтің Іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік қағидатын ұстану.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Холдингтің және ЕҰ ақпараттық жұмысы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 17 наурыздағы шешімімен бекітілген Холдингтің 2021-2023 жылдарға арналған PR-стратегиясы шеңберінде жүргізіледі (№13/21 хаттама).

Ақпаратты ашуды «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ақпаратты келесі тәсілдермен тарату арқылы жүзеге асырады:

- ақпаратты алушыларға заңнамада, Холдинг Жарғысында, ақпаратты ашу Саясатында, жоғарыда көрсетілген ақпаратты БАҚ-та, Холдингтің интернет-ресурсында және оның әлеуметтік желілердегі ресми тіркеулік жазбаларында және Холдингтің басқа да ішкі құжаттарында орналастыру қағидаларында көзделген тәртіппен ақпаратқа (құжаттарға) қол жеткізуді ұсыну;
- БАҚ-та орналастыру;
- Интернет желісінде, Холдингтің веб-сайтында: www.baiterek.gov.kz мекенжайы бойынша және Холдингтің Facebook, Instagram, Twitter, YouTube, Telegram-дағы ресми аккаунттарында орналастыру;
- Холдингтің ішкі ресурстарында орналастыру;
- ақпарат алушылармен баспасөз конференциялары мен кездесулер өткізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің құжаттарында көзделген өзге де тәсілдер.

Холдинг жылдық Медиа жоспар әзірлейді, оны Басқарма бекітеді. Бұдан басқа, ай сайын Холдингтің Басқарма Төрағасы бекітетін Холдингтің Компаниялар тобының іс-шараларының Медиа-жоспары дайындалады, кейіннен оның орындалуы туралы есеп беріледі.

2023 жылы:

- БАҚ үшін 149 ақпараттық жағдай жасалды;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде 144 пресс-релиз, 16 сұхбат жарияланды, БАҚ-та 521 жарияланым жасалды, оның ішінде Холдинг стейкхолдерлерінің табыс тарихы көрсетілген мақалалар жарияланды (түрлі бағдарламалар бойынша Холдингтің қолдауына ие болған

кәсіпкерлер, қолжетімді тұрғын үй алушылар, экспорттаушылар, агроөнеркәсіптік кешен субъектілері);

- Atameken business телеарнасында 2 тақырыптық репортаж, «Хабар 24» телеарнасында 7 жаңалықтар сюжеті ұйымдастырылды;
- Egov.kz электрондық үкімет алаңында интернет-конференция өткізілді;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде 5 тақырыптық инфографика әзірленді.

Facebook, Instagram, Twitter, YouTube, Telegram әлеуметтік желілерінде Холдингтің парақшалары белсенді жұмыс істейді, онда 2023 жылы 1578 жаңалықтар жарияланымдар, оның ішінде мақалалар, сұхбаттар, инфографикалар, бейнероликтер және т.б. жарияланды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жазылушылардың жалпы саны 36 868 құрады (Facebook – 17 374, Instagram – 12 427, Twitter – 162, YouTube – 4 241, Telegram – 2 036, Threads – 628).

Аудиторияны барынша қамту, сондай-ақ Холдингтің жұмысын түсіндіру мақсатында Холдингтің еншілес ұйымдарының баспасөз қызметтері жүргізіліп жатқан бастамалар, қаржылық бағдарламаларды іске асыру және т.б. туралы халықты хабардар ету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізді.

Сонымен қатар, ай сайынғы негізде еншілес ұйымдардың баспасөз қызметтерінің барлық өкілдерінің қатысуымен кеңестер ұйымдастырылды, онда бірлескен жариялау, кооперация, PR-наукандарды іске асыру мәселелері және ықтимал сыни сәттер талқыланды. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сыни материалдарға немесе мәлімдемелерге шұғыл ден қою бойынша нүктелік жиындар (бейне-конференц-байланыс арқылы жеделдік үшін) тұрақты негізде өткізілді.

2023 жылы еншілес ұйымдар қызметті жариялау бойынша жұмыс жүргізді. Бұқаралық ақпарат құралдарында 2404 жарияланым, әлеуметтік желілерде 4258 хабарлама және еншілес ұйымдардың ресми сайттарында 1106 жаңалықтар жарияланды.

ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН СЕНІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ


Негізгі мақсаты – Холдингтің қызметі туралы нысаналы топтардың хабардарлығы мен хабардар болу деңгейін айқындау болып табылатын Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалау бойынша зерттеуді 2023 жылы «KAZCORP» ЖШС жүргізді.

Нәтижесінде:

- Холдингтің қызметіне барлық нысаналы топтардың (Жалғыз акционер, еншілес ұйымдар, клиенттер, қоғам, клиенттер) интегралды сенім индексі 2023 жылы 87,68%-ды құрады (2022 жыл – 87,16%);
- Холдингтің қызметі туралы нысаналы топтардың хабардар болу индексі 92,3%-ды құрады.

Соңғы үш жылда жүргізілген зерттеулердің нәтижелері Холдингтің нысаналы топтардың Холдинг қызметіне деген сенімінің жоғары көрсеткіштері сақталатынын айғақтайды.

ХОЛДИНГТІҢ СЕНІМ ИНДЕКСІ, %



Холдинг қызметіне деген сенім деңгейін арттыру мақсатында 2023 жылы еншілес ұйымдардың баспасөз хатшыларымен 12 кеңес өткізілді, онда PR-стратегия шеңберінде ақпараттық жұмыстың өзекті мәселелері талқыланды.

Холдингтің сайтында, «Сұрақ-жауап» бөлімінде жұртшылықпен кері байланыс тетігі қамтамасыз етілген (<https://www.baiterek.gov.kz/ru/qa/>), ол арқылы 2023 жылы 339 жауап берілді, оның ішінде 54 жауап Холдингтің бейінді құрылымдық бөлімшелерімен жедел пысықталған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сайтында орналастырылды. Сонымен қатар, 2023 жылы Холдингтің Басқарма Төрағасының блогы арқылы кері байланыс жүргізіліп, 24 жүгінулерге түсініктеме берілді.



2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2024 жылға арналған Медиа жоспары Холдингтің қызметі туралы ақпараттық материалдарды дайындауды және орналастыруды, сондай-ақ Холдинг басшылығымен сұхбат жүргізуді көздейді.

Бұдан басқа, Холдинг Басқармасының шешімімен 2024 жылға арналған Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметіне нысаналы топтардың сенім деңгейін одан әрі арттыру жөніндегі

жоспар бекітілді, ол Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, оның ішінде топ-менеджменттің сөз сөйлеуін, жарияланымдарын жария етуді, сондай-ақ Холдингтің еншілес ұйымдарының офлайн режимде біртіндеп алып тастай отырып, онлайн-форматта клиенттермен коммуникацияларға біртіндеп көшу тұжырымдамасын нығайтуды, цифрлық алаңдардың жұмысын жетілдіру мен үздіксіз қамтамасыз етуді, көрсетілетін қызметтерді одан әрі цифрландыруды және басқаларын көздейді.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Холдингтің бірыңғай кадр саясаты Холдингте және оның еншілес ұйымдарында адам ресурстарын тиімді басқару мәселелерін реттейтін корпоративтік стандарттарды қамтиды.

Даму жоспары шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының бәсекелестік артықшылықтарының бірі ретінде тұрақты адами капиталды қалыптастыруды қамтамасыз етуге ұмтылады.

КАДР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

<p>1. Стратегиялық HR жоспарлау</p>	<p>Стратегиялық HR-жоспарлау саласындағы бизнес-процестердің нысаналы жай-күйі мыналармен айқындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> стратегиялық кадрларды жоспарлау корпоративтік стратегияға, сыртқы және ішкі үрдістерге негізделген; кадрлық жоспарлау Холдингтің қысқа мерзімді (1 жыл) және ұзақ мерзімді (3-5 жыл) персоналға қажеттілігін (қызметкерлердің біліктілігі мен қажетті саны) шешеді; персоналды дамыту жоспары персоналды басқарудың барлық деңгейлері (МА және ЕҰ) үшін бір жылға нақты жедел міндеттер түрінде тұжырымдалған; Стратегиялық бастамалар сапалы және сандық ҚНҚ көмегімен бағаланады. 	<p>Осы бағыт бойынша қызмет тиімділігінің бақылау негізгі көрсеткіштері:</p> <ul style="list-style-type: none"> жалпы шығындардағы персонал шығындарының үлестік салмағы; сегменттелген кадрлардың тұрақсыздығы; жаңартылған Бірыңғай кадр саясатының болуы.
<p>2. Лауазымдарды ұйымдастырушылық дамыту және жобалау</p>	<p>Ұйымдастырушылық даму саласындағы бизнес-процестердің мақсатты жағдайы мыналармен айқындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> МА-да және ЕҰ-да болып жатқан өзгерістерге байланысты ұйымдық құрылымдарды уақтылы өзгерту және жаңарту бойынша жұмыстарды бастау және бақылау жүзеге асырылады; бизнес-процестердің өзгеруіне уақтылы талдау жүргізіледі, процестердің өзгеруінен туындайтын жаңа лауазымдар уақтылы сипатталады, сондай-ақ ұйым үшін олардың «салмағы» бағаланады; барлық позицияларда лауазымдық нұсқаулықтар бар, басқару нормасы белгіленеді және сақталады, лауазымның дәрежесі анықталады; персоналдың перспективалық қажеттіліктері зерттеледі; автоматтандыру үшін бизнес-процестер зерттеледі. 	<p>Ұйымдастырушылық даму бағыты бойынша тиімді қызметтің бақылау негізгі көрсеткіштері:</p> <ul style="list-style-type: none"> ұйымдық құрылымдарды уақтылы жаңарту; лауазымдық нұсқаулықтары бар лауазымдардың үлесі.

3. Қызметкерлерді іріктеу және бейімдеу

- Персоналды іріктеу және бейімдеу саласындағы бизнес-процестердің нысаналы жай-күйі мыналармен айқындалады:**
- Өткізілген макулатураның есебін жүргізу және экологиялық материалдардан жасалған кеңсе тауарларын сатып алу;
- Тұрақты даму, ESG, ESG-скрининг, жасыл қаржыландыру, «жасыл кеңсе» (онлайн-форматты қоса алғанда) тақырыбы бойынша оқыту;
- Ағаш отырғызу, отырғызу үшін ағаштарды ұсыну мүмкіндігі туралы әкімдікке сұраныс жолдау.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

2023 жылы Холдинг демеушілік көмек бойынша 1 жобаны іске асырды, оны іске асыруға Astana International Forum ұйымдастыру және өткізу үшін «QazExpoCongress» корпоративтік қорына 150 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді.

- Холдинг ұжымы қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен ақшалай қаражатқа 5 аз қамтылған отбасын азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз етті.

Холдингтің 2023 жылы іске асырған бастамашыл жобалары:

- Холдинг «Мектепке жол» қайырымдылық науқанына қатысты. Холдинг қызметкерлері әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған мектеп керек-жарақтары бар жолдорбаларды жинады. Мұқтаж отбасыларға жыл сайын көмек көрсетіледі.
- Холдинг Донор күнін ұйымдастырды, оның барысында Холдингтің және еншілес ұйымдардың 73 қызметкері қан тапсырды, 30 литрден астам қан тапсырылды.
- Холдингте Baiterek – Open Hearts қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Нәтижесінде сатылымнан 2 194 мың теңгеден астам түсім түсті. Осы қаражатқа мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Береке Астана» қорына 200 сыйлық, ерекше физикалық қажеттіліктері бар балаларға арналған «Каспий» қорына 150 сыйлық, балалар кардиохирургиялық орталығында ұзақ емделіп жатқан балаларға 45 сыйлық сатып алынды.



BAITEREK



07

ҚОСЫМШАЛАР

Есеп туралы	142	ХҚҚ қағидаттарын ұстану туралы ақпарат Operating Principles for Impact Management	174
Еншілес ұйымдардың 2023 жылдағы қызметі.....	144	TCFD көрсеткіштер кестесі	176
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп.....	149	GRI көрсеткіштер кестесі	179
Мүдделілікке ие мәмілелер тізімі	164	Глоссарий	185
Жылдық қаржылық есептілік.....	165	Байланыс ақпараты	188
Әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі БҰҰ қағидаттарын ұстану туралы ақпарат (Women's Empowerment Principles)	172		

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Холдинг өзінің экономикалық және әлеуметтік қызметінің маңыздылығын түсінеді және ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. 2013 жылдан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жыл сайынғы негізде <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/otchetnost-kholdinga/godovye-otchet/> корпоративтік интернет-сайтында ұсынылған жылдық есептерде өз қызметінің нәтижелерін ашады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) GRI Standards тұрақты

ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Есепті жылы Холдинг Есепте ашуға неғұрлым Елеулі тақырыптардың тізбесін айқындау бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс GRI Standards көрсеткіштерін және аналогтық компаниялардың жылдық есептерін талдаудан тұрды. Талдау нәтижелері бойынша Холдингтің қызметі үшін 30-дан астам Елеулі тақырыптарды қамтитын сауалнама дайындалды.

Сауалнамада ұсынылған барлық тақырыптар үш топқа бөлінген – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Сауалнама Холдингтің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарының өкілдеріне ұсынылған Елеулі


даму саласындағы есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың стандарттарына, Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес дайындалды.

Осы есеп Холдинг қызметінің нәтижелерін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін көрсетеді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық есебі 2023 жылғы қыркүйекте жарияланды. Ағымдағы есеп сыртқы куәландырудан өткен жоқ.

тақырыптар тізімінен таңдау мақсатына бағытталған. Атап айтқанда, сауалнамаға құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, менеджмент, Холдингтің еншілес ұйымдары, инвесторлар, БАҚ өкілдері және т.б. қатысты.

Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалау Маңыздылық матрицасына енгізілді. Матрицаның жоғарғы оң жақ бұрышына енген тақырыптар ең маңызды деп танылды және Есеп беру кезінде оларға басымдық берілді.

МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ



ТАҚЫРЫПТАР

(ең маңызды деп танылған тақырыптар алтын түспен белгіленген)

	No.
Экономика	
Экономикалық нәтижелілік	1
Нарықта болуы	2
Жанама экономикалық әсерлер (инфрақұрылымдық инвестициялар және өтеусіз қызметтер)	3
Сатып алу тәжірибесі	4
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	5
Бәсекелестікке кедергі	6
Экология	
Энергия	7
Су	8
Қалдықтар	9
Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	10
Жанама экономикалық әсерлер (Scope 1, 2, 3 әсерлері)	11
Қоғам	
Жұмыспен қамту	12
Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы	13
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	14
Оқыту және білім беру	15
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	16
Кемсітушілікке жол бермеу	17
Қауымдастық және Ұжымдық келіссөздер бостандығы	18
Адам құқықтарының сақталуын бағалау	19
Жергілікті қауымдастықтар	20
Жеткізушілердің қоғамға әсерін бағалау	21
Заңнамалық нормаларға сәйкестігі	22

ЕСЕП ШЕГАРАЛАРЫ

Осы есепте Холдинг Тобының қызметі туралы ақпарат қамтылған.

Қаржы-экономикалық нәтижелер ҚЕХС шоғырландыру периметріне сәйкес «Менеджмент есебі» бөлімдерінде ашылады. Есептің басқа бөлімдерінде, егер өзгеше көрсетілмесе, Холдинг Тобы бойынша жалпы ақпарат қамтылған.

Экономикалық тиімділік, жанама экономикалық әсер және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкестік тақырыптары негізінен ұйымнан тыс жерде өзекті болып табылады. Қалған тақырыптар ұйым ішінде де, одан тыс жерлерде де үлкен маңызға ие.

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 2023 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

1. «ҚАЗАҚСТАН ДАМУ БАНКІ» АҚ

ҚДБ-ның ҚДБ миссиясы елдің шикізаттық емес секторын қаржыландыру арқылы ұлттық экономиканың орнықты дамуына жәрдемдесу болып табылады.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2021	2022	2023
ROA, %	0,9	0,89	4,36
Қарыз/капитал	5,7	5,4	3,9
Активтер, млрд теңге	3 742	3 943	4 310
Активтердің өсуі, %	21,2	5,4	9,3
Таза пайда, млрд теңге	31,5	34,1	180

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша тікелей кредиттеу шеңберінде Банк Тобының шоғырландырылған кредиттік қоржынының көлемі 1 870 млрд теңгені құрады (қаржылық есептілік бойынша), өткен жылмен салыстырғанда 1,2%-ға азайған.
- 2023 жылы Банк жалпы қаржыландыру сомасы 1,2 трлн теңгені құрайтын 43 жобаны қаржыландыруға мақұлдады, оның ішінде өңдеу

өнеркәсібінде 518 млрд теңгеге 12 жоба, 503 млрд теңгеге 6 инфрақұрылымдық жоба және жалпы сомасы 195 млрд теңгеге экспортты қолдау бойынша 25 жоба.

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚДБ жалпы сомасы 748 млрд теңгеге 42 жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етті, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 166 млрд теңгеге 9 жоба, инфрақұрылымда 210 млрд теңгеге 4 жоба және 372 млрд теңгеге экспорттық операциялар бойынша 29 жоба ұсынылды.

2. «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ

«Даму» Қорының миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы Қазақстанда микро, шағын және орта кәсіпкерлікті (МШОК) тұрақты дамытудағы белсенді рөлі болып табылады.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2021	2022	2023
ROA, %	6,81	12,91	9,08
Қарыз/капитал	1,67	1,44	1,1
Активтер, млрд теңге	378	427	422
Активтердің өсуі, %	5	13	1,17
Таза пайда, млрд теңге	25,0	51,9	38,6

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2023 жылы Қор 1,57 трлн теңге кредит сомасына қаржы құралдарын қолдана отырып, 23,9 мың жобаға қолдау көрсетті.

- 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың активтері 422 млрд теңгені, капиталы 200 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың басымен салыстырғанда 25,5 млрд теңгеге немесе 13%-ға ұлғайды. Сонымен қатар, Қордың 2024

жылғы 1 қаңтардағы міндеттемелері 222 млрд теңгені құрады, бұл есепті кезеңнің басталуымен салыстырғанда 30 млрд теңгеге аз.

- Есепті күнге Қордың кредиттік қоржыны 225 млрд теңгені құрайды, бұл активтердің 53%-ын құрайды. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары 125 млрд теңгені немесе активтердің 30%-ын құрайды. ЕДБ-дегі депозиттер 60 млрд теңгені немесе активтердің 14%-ын құрайды.

3. «ОТБАСЫ БАНКІ» АҚ

Отбасы Банкінің миссиясы қазақстандық отбасыларды өз тұрғын үйімен қамтамасыз ету және Отан сезімін нығайту болып табылады.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2021	2022	2023
ROA, %	2,91	3,08	3,97
Қарыз/капитал	6,36	6,44	5,71
Активтер, млрд теңге	2 804	3 440	3 996
Активтердің өсуі, %	64	22,7	16,2
Таза пайда, млрд теңге	66	96	148

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2023 жылғы 31 желтоқсанда Отбасы банкі жүйесінде 2,4 трлн теңге жинақ сомасымен 2,8 млн шарт болды.
- Тұрғын үй салуға және сатып алуға берілетін кредиттер көлемінің 60%-ын жыл сайын Отбасы банкі береді.
- Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен ипотекалық компанияларының ипотекасының 55%-ы – Отбасы банкінің кредиттері.

- Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқының 29%-ы тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің қатысушылары болып табылады.

- Қазақстан Республикасы халқының ұзақ мерзімді салымдарының 36%-ы Отбасы Банкінің депозиттеріне орналастырылған.

- Егеменді несиелік ұпайлар: Moody's – Baa2, Fitch Ratings – BBB.

- Екінші деңгейдегі банктер арасындағы NPL деңгейі – 0,08%.

4. «QAZAQSTAN INVESTMENT CORPORATION» АҚ²⁴

QIC миссиясы – тұрақты және тиімді басқарылатын компанияларды құра алатын, табыстың тұрақты деңгейін ала алатын және экономиканың өсуі мен жаңғыртылуына жәрдемдесетін мықты командаларға инвестициялау арқылы Қазақстанда тікелей инвестициялар эокожүйесін дамытуда жетекші рөлге ие болу.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2021	2022	2023
ROA, %	0,76	4,79	1,54
Активтер, млрд теңге	214	231	267
Активтердің өсуі, %	10,3	7,9	15,6
Таза пайда, млрд теңге	1,6	10,7	3,8

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- QIC қорлары 2023 жылы 34,4 млрд теңге сомасына 34 жобаны қаржыландырды, оның ішінде еншілес қорлармен 32,9 млрд теңге.
- 10 қаңтарда «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамын «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамына қайта тіркеу жүргізілді.
- 3 сәуірде QIC Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартына (БҰҰ Жаһандық Келісімі) қосылды. БҰҰ-ның жаһандық шартына қосылу корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын одан әрі енгізуге, бірлескен білім беру, акселерациялық бағдарламаларды іске асыруға және корпорацияның стейкхолдерлері арасында БҰҰ-ның он жалпы қағидаттары мен құндылықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
- 22 мамырда Сингапур Президенті Халима Якоб пен Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың қатысуымен өткен Қазақстан-Сингапур бизнес-форумы барысында TVM Capital Healthcare Partners халықаралық басқарушы компаниясымен TVM Healthcare SEA Fund тікелей инвестициялар қорына корпорацияның (Term sheet) қатысуының негізгі шарттары туралы келісімге қол қойылды.
- 2023 жылғы 17 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына QIC және China Huadian Overseas Investment Ltd. ресми сапары шеңберінде энергетика саласындағы инвестициялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Келісім Мемлекет басшысының 2023 жылғы

1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде қойған міндеттерін шешуге бағытталған. Олардың ішінде: жаңа қуаттарды (оның ішінде жаңартылатын энергия көздері станцияларын) енгізу жолымен елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ шетелдік капитал үшін оның ішінде энергетика саласында Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру.

- Желтоқсан айында QIC және Абу-Дабиде орналасқан ADQ инвестициялық-холдингтік компаниясы бірлескен инвестициялау платформасын құрды. Платформа өңдеу өнеркәсібі, ЖӘК, агроөнеркәсіптік кешен, денсаулық сақтау, қаржы қызметтері технологиялары және білім беру салалары және т.б. салаларда тез дамып келе жатқан шикізаттық емес секторларға бағдарланған.

5. ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОРЫ – «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚТК миссиясы Қазақстан халқын қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2021	2022	2023
ROA, %	0,37	3,11	1,54
Қарыз/капитал	5,48	4,96	5,07
Активтер, млрд теңге	1 425	1 449	1 486
Таза пайда, млрд теңге	5,2	44,7	41,9

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 139,6 млрд теңге сомасына ЖАО облигациялары сатып алынды.
- 167,7 млрд теңге сомасында құрылысты аяқтауға 41 кепілдік берілді.
- 4,5 млрд теңге сомасына 288 пәтерді сатып алу арқылы жалға берілді.

- Ұсынысты қолдау құралдары есебінен іске қосылатын тұрғын үй көлемі 2,2 млн м² тұрғын үйді (24 934 пәтер) құрады.
- Компанияның құралдары есебінен тұрғын үйді іске қосу көлемі 2,2 млн м² тұрғын үйді (24 934 пәтер) құрады.

6. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ» АҚ²⁵

ҚЭА миссиясы экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен қазақстандық шикізаттық емес тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді сыртқы нарықтарда ілгерілетуге және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жәрдемдесу болып табылады²⁶.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2020	2021	2022	2023
ROA, %	3,7	1,53	1,57	3,36
Қарыз/капитал	0,12	0,2	0,3	–
Активтер, млрд теңге	122,9	139,4	149,8	153,39
Активтердің өсуі, %	39	13,5	7,5	2,4
Таза пайда, млрд теңге	3,9	2,0	2,3	4,95

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Парламент Мәжілісі экспорттық кредиттік агенттік және шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәселелері жөніндегі заң жобасын мақұлдады (Заң 2024 жылғы 23 қаңтарда қабылданды);
- ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №1161 қаулысымен 10 жыл қолданылу мерзімімен 129,2 млрд теңге сомасына экспортты қолдау

бойынша ҚЭА-ға Мемлекеттік кепілдік беру туралы шешім қабылданды.

- Қабылданған міндеттемелер көлемі бойынша 324,8 млрд теңге мөлшерінде рекордтық мәнге қол жеткізілді;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционеріне 1,6 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төленді;

²⁴ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ 2023 жылғы 10 қаңтарда «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ-на қайта тіркелді.

²⁵ «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ 2024 жылғы 20 мамырда «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ болып қайта тіркелді.

²⁶ Бұл миссия «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспарының редакциясына сәйкес.

- Swiss Reinsurance Company және ICIEC компанияларымен облигациялық қайта сақтандыру шарттары ұзартылды;

- ЕАЭО шеңберінде Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын (ЕКСК) құру туралы келісімді ратификациялау рәсімдері аяқталды.

7. «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

АНК миссиясы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2021	2022	2023
ROA, %	1,28	1,83	5,0
Қарыз/капитал	1,98	2	2
Активтер, млрд теңге	806,5	1 330	1 412
Таза пайда, млрд теңге	8,7	19,5	29,6

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша АНК жалпы сомасы 350,3 млрд теңгеге 13 235 қарыз берді.
- 141,2 млрд теңге сомасына көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру жүзеге асырылды. Бұл 3,5 млн гектарды егіс жұмыстарымен қамтуға мүмкіндік берді.

- Қаржыландыруды алған 3 899 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жаңа 1452 (37%) үшін КЕЖ жеңілдікті несиелеріне қолжетімділік берілді.
- Жастар кәсіпкерлігі бағдарламасы бойынша 25,6 млрд теңгеге 7,2 мың микрокредит беру бойынша сенім білдірілген өкілге (агентке) қызметтер көрсетілді.

8. «BEREKE BANK» АҚ

Bereke Bank Миссиясы: Біз адамдар мен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ең жақсы өнімдер мен қызметтерді жасау, сондай-ақ клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге сенімділік беру арқылы қоғам мен елдің дамуына айтарлықтай үлес қосамыз.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2023
ROAE, %	18 %
Қарыз/капитал	11,6
Активтер, млрд теңге	2 057
Таза пайда, млрд теңге	- 29

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2023 жылы Bereke Bank-тен санкциялық шектеулер алынып, Банк Fitch халықаралық агенттігінен «BB» деңгейінде ұзақ мерзімді рейтинг алды. Капиталдың, төлем инфрақұрылымының қажетті жеткіліктілігін қалпына келтіріп, тұрақты операциялық қызметке шықты.

- Банк активтер, кредиттер және салымдар бойынша үздік 10 банкке кірді және 2023 жылдың 2-жартыжылдығында жеке тұлғалардың салымдарының өсу серпіні бойынша 2-орынды иеленді (+50,6%).

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидастары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидастары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	-------------------------	---

1. Өкілеттіктерді шектеу қағидаты

1.1.	Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі.	Сақталады	Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Холдинг органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді. ЖА, ДҚ және Холдинг Басқармасының құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғысында айқындалған. ЖА, ДҚ, Холдинг басқармасының қызметі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ЖА 23.12.2014 жылғы шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысымен (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің №279 бұйрығы), сондай-ақ Холдингтің ішкі құжаттарымен, соның ішінде:
	Мемлекеттік орган Холдингтің Жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және Холдингтің де, Жалғыз акционердің де мүдделеріне ықпал етпейтін мүдделер қақтығысын болғызбау мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттіктерді саралайды. Мемлекеттік орган Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету және Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қатысты мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мақсатында Холдингтің Жалғыз акционерінің функцияларын жүзеге асырады.		«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ЖА-ның 08.12.2020 ж., шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің №650 бұйрығы); «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ДҚ 11.10.2013 ж., шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы Ереже (№4 хаттама).
	Холдинг және оның еншілес ұйымдары өз қызметін өздерінің негізгі (бейіндік) қызметі шеңберінде жүзеге асырады.		«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының «Кейбір мәселелері туралы» 2021.03.30 №175 ҚР ҰҚ сәйкес Холдинг акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) берілді.
	Холдингте және оның еншілес ұйымдарында активтердің оңтайлы құрылымын құру қажет, олар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге ұмтылуы тиіс.		Осылайша, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 166-бабының 2-тармағына сәйкес ЖА құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Холдингтің акционері ретінде мемлекеттің мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚР ҰЭМ атынан мемлекеттік орган ұсынады.
	Жаңа ұйымдарды құру кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік артықшылықты ұйымдық-құқықтық нысан болып табылады.		

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	Холдинг сонымен қатар кейбір функцияларды орталықтандырылған басқаруды (жоспарлау, қазынашылық, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, тәуекелдерді басқару, ақпараттық технологиялар, құқықтық қамтамасыз ету, ішкі аудит және т. б.) қамтитын еншілес ұйымдарды басқарудың басқа да мүмкін тетіктерін қабылдайды.		<p>Атап айтқанда, ҚР ҰЭМ 30.03.2021 ж., бастап ЖА функциясы Холдинг пен оның ЕҰ қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету және Холдинг пен оның ЕҰ қатысатын мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүзеге асырылды. Бұл ретте ҰЭМ ЖА Холдинг ретіндегі өз өкілеттіктерін және оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттіктерді шектеді.</p> <p>Холдинг өз қызметінде Индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнім экспортын ілгерілету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді іске асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған басқа да міндеттерді басшылыққа алады.</p> <p>«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы және «Стратегия – 2050» мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі өз миссиясын іске асыру шеңберінде шешетін түйінді міндеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту; 2. кәсіпкерлікті дамыту (экономиканың жеке секторы); 3. шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау; 4. өнімділікті арттыру; 5. АӨК-де қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жаратандыру деңгейін және өндірісті қарқындатуды арттыру; 6. экономиканы урбанизациялауды қолдау. <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы №1180 қаулысымен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2033 жылдарға арналған даму жоспары бекітілді, оны іске асыруға Холдинг қатысатын ҚР Президентінің жолдауын, салалық даму тұжырымдамаларын ескереді.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі №97 бұйрығына сәйкес Холдингтің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.</p> <p>2023 жылы Холдингтің еншілес ұйымдары стратегияларды өзектендіру бойынша жұмыстарды жалғастырды.</p>
2.	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты		
2.1	Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Холдингке және оның еншілес ұйымдарына инвестициялар тартудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты Холдингтегі және оның еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Холдингтің тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің табыстылығына қол жеткізуге бағытталған.	Орындалды	<p>Холдингтегі және оның еншілес ұйымдарындағы Корпоративтік басқару ЖА құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Холдингтің тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің табыстылығына қол жеткізуге бағытталған.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы Ереженің 1-тарауының 2-тармағына сәйкес ДК қызметі тиімділік пен жауапкершілік, ЖА және Холдинг мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ ЖА құқықтарын қорғау, Холдинг қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.</p>
	Холдинг белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.		

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	Холдинг белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.		ҚР ҰК 25.12.2023 №1180 «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2033 жылдарға арналған салалық даму тұжырымдамаларын, іске асыруға Холдинг қатысатын ҚР Президентінің жолдауын ескеретін жаңа даму жоспары бекітілді.
	Дивидендтердің мөлшерін есептеу мыналарға негізделеді Холдингтің таза табысының сомасы жылдық аудиттелген қаржылық есептілікте Талаптарға сәйкес жасалған холдингтің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасы және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары.		Холдингтің тиімді қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында Холдинг Басқармасының ұсынысы бойынша Холдингтің ДК активтердің табыстылығы көрсеткішін қоса алғанда, негізгі көрсеткіштерді (ең төменгі оң мәннен төмен емес – залалсыз қызметті қолдау) қамтитын Холдингтің іс-шаралар жоспарын жыл сайынғы негізде бекітеді. Осы көрсеткішке қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар ретінде Холдинг клиенттері үшін қаржы құралдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында сыйақылардың ең төменгі жарналары мүмкін болған кезде еншілес ұйымдардың негізгі қызметінен, сондай-ақ уақытша бос ақша қаражаты арқылы депозиттер мен орналастырудың ағымдағы шоттары бойынша сыйақылардан кірістер алу көзделеді. Сонымен қатар, Холдинг өз алдына 2023 жылы Холдинг активтеріндегі кредиттік және инвестициялық қоржындардың үлесін 77%-ға дейін ұлғайту бойынша стратегиялық мақсат қояды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерінің қазынашылық қоржында орналастырылмай, экономиканы дамыту үшін жұмыс істеуі маңызды).
	Бұл ретте дивидендтер төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып айқындалады.		Осылайша, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары 2023 жылға түзетулермен Холдинг ДК-нің 29.08.2023 ж., шешімімен бекітілген (№05/23 хаттама).
			2023 жылы Холдингтің ДК (29.08.2023 ж., №05/23 хаттама) 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша есеп қаралып, бекітілді, содан кейін ол «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму жоспарының / Іс-шаралар жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін ҚР ҰЭМ-ге жіберілді.
			2023 жылы ЖА-мен оның ішінде мынадай құқықтар жүзеге асырылды:
			<ol style="list-style-type: none"> 1. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №65 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы №10 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының регламентіне сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізілді; 2. 2023 жылғы 23 ақпандағы (№02/23 хаттама): <ul style="list-style-type: none"> • жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы шегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 35 000 000 жай акциясын орналастыру туралы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның акциялары 2023 жылғы 4 мамырда орналастырылды және 2023 жылғы 3 мамырда ЖА Холдингтің ақысы төленді (№126326780 т.);

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<ul style="list-style-type: none"> жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы шегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 100 000 000 жай акциясын орналастыру туралы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның акциялары 2023 жылғы 7 маусымда орналастырылды және 2023 жылғы 6 маусымда ЖА Холдингінің ақысы төленді (№127301143 т); жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы шегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 20 000 000 жай акциясын орналастыру туралы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның акциялары 2023 жылғы 15 шілдеде орналастырылды және 2023 жылғы 14 шілдеде ЕА Холдингінің ақысын төледі (№128398078 т.); <p>3. ЖА-ның ДК құрамындағы өкілі-Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі А. С. Қуантыров 2023 жыл ішінде Холдинг ДК мәжілістеріне қатысып, оларда қаралған мәселелер бойынша дауыс берді;</p> <p>4. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі №97 бұйрығына сәйкес Холдингтің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;</p> <p>5. 2023 жылдың қыркүйегінде Холдинг ЖА шешіміне сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің ЖА дивидендтер төледі (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №209 бұйрығы);</p> <p>6. Холдинг ЖА холдингтің қызметі туралы ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында өз қызметі туралы, оның ішінде өзінің қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, негізгі қызметінің нәтижелері туралы тиісті ақпаратты Холдингтің веб-сайтында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржылық есептік депозитарийінің интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының электрондық құжат айналымы жүйесінде орналастырды;</p> <p>7. «Ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №210 бұйрығымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы Қанат Бисімбайұлы Шарлапаевтың өкілетті мерзімінен бұрын тоқтатылды;</p> <p>8. «Ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы №221 бұйрығына сәйкес Байбазаров Нұрлан Серікұлы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды;</p> <p>9. ЖА-ден Холдингке келіп түсетін барлық ресми сауалдарға Холдинг белгіленген мерзімдерге сәйкес, оның ішінде даму жоспарын орындау, Ұлттық қор мен республикалық бюджет қаражатын игеру бойынша дәлелді және толық жауап хаттар мен ақпараттық материалдар ұсынды.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
3.	Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты		
3.1	<p>Директорлар кеңесі Холдингке стратегиялық басшылық жасауды және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.</p> <p>Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзі кіретін Директорлар кеңесі мен комитеттің мәжілістеріне қатысады. Директорлар кеңесі туралы Ережеде көрсетілген ерекше жағдайларда осы нормадан ауытқуға жол беріледі.</p> <p>Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум Холдингтің Жарғысымен айқындалады, бірақ оның мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.</p>	Сақталады	<p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жарғысының 10-бабы 55-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда ЖА айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Холдинг қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.</p> <p>ДК ЖА алдындағы өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ Кодекстің барлық ережелерін, оның ішінде Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау/ сақтамау туралы жыл сайынғы есеп арқылы енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Өз қызметінде Холдингтің ДК Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті, Директорлар кеңесі туралы ережені және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.</p> <p>Кодексте көрсетілген ДК ерекше назар аударатын мәселелерді Холдингтің ДК күндізгі мәжілістер барысында қарайды.</p> <p>2023 жылы Холдинг ДК-нің 10 мәжілісі өткізілді (5 күндізгі және 5 сырттай). Өткізілген мәжілістердің қорытындысы бойынша ДК мүшелерінің 85-тен 100%-ға дейін жоғары келуі/қатысуы байқалады.</p>
3.28	<p>Өз міндеттерін орындау үшін Корпоративтік хатшының білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, адал іскерлік беделі бар.</p> <p>Холдингтің көлеміне және оның қызметінің ауқымына байланысты Корпоративтік хатшы қызметі құрылуы мүмкін.</p> <p>Корпоративтік хатшы лауазымына жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі, кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі және корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласында практикалық білімі бар тұлға тағайындалады.</p> <p>Директорлар кеңесінің мәжілістерін дайындау мен өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылған материалдардың толықтығы мен пайдалылығы мерзімді түрде талқыланады. Осы талқылаулардың нәтижелері Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау үшін негіз болады.</p> <p>Корпоративтік хатшыға қатысты Холдингте лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді. Корпоративтік хатшыны тағайындау Холдингтің ішкі құжаттарында бекітілген ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.</p>	Ішінара орындалды	<p>Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушы – Премьер-Министрдің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының басшысы Ф.Т. Қойшыбаев жеткілікті білімге, тәжірибеге және біліктілікке, мінсіз іскерлік беделге және ДК мен ЖА Холдингінің сеніміне ие.</p> <p>2013 жылы холдингте КХҚ құрылды, оның негізгі міндеті «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Корпоративтік хатшысының қызметі туралы Ереженің 2-тарауының 10-тармағына сәйкес Корпоративтік хатшыға жүктелген функцияларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы Ереженің 1-бабының 1.3-тармағына сәйкес Холдингтің ДК Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндеттерін жүктеу туралы шешім қабылдауға құқылы.</p> <p>КХҚ ДК отырыстарын дайындау мен өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында ДК мүшелеріне ұсынылатын материалдардың толықтығы мен пайдалылығына талдау жүргізілді. 2019 жылы әзірленген КХҚ түсіндірме жазба үлгілері мен шешім жобасының негізінде материалдар ДК қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ДК мүшелері үшін ең қажетті ақпаратты қамтиды.</p> <p>Холдингте «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жаңадан тағайындалған Корпоративтік хатшысы лауазымына енгізу бағдарламасы жұмыс істейді, оның мақсаты Корпоративтік хатшыны Холдинг қызметімен таныстыру рәсімін қамтамасыз ету болып табылатын Холдинг ДК 22.06.2020 (№06/20 шешім) шешімімен: Холдингтің тарихымен, ЖА, ДК, Холдингтің Басқармасы мен БК жұмысымен, Холдингтің ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Холдингтің қызметін, атап айтқанда Корпоративтік хатшының қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілермен бекітілген.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
3.29	<p>Искерлік этика қағидаттарын сақтау, Холдингте туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Холдинг қызметкерлері арасынан Омбудсмен тағайындалады.</p> <p>Холдингтің жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылды және жұмыс істейді. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдану арқылы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.</p>	Сақталады	<p>Холдинг қызметінің ерекшелігіне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Үкіметі Аппараты басшысының міндеттерін атқаруына байланысты Холдингте Корпоративтік хатшыға қатысты сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленбеген.</p> <p>Холдинг органдарымен өзара іс-қимыл жасау функциялары, құқықтары мен міндеттері, тәртібі, Корпоративтік хатшы лауазымына қойылатын біліктілік талаптары Холдинг ДК 25.09.2013 шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы Ережемен регламенттелген (№3 шешім).</p> <p>Холдинг Басқармасы тарапынан Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушыға және КХҚ-не жан жақты жәрдем көрсетіледі.</p> <p>Искерлік этика қағидаттарын сақтау, Холдингте туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында 2022 жылғы 15 шілдедегі Холдинг ДК шешімімен (№05/22 шешім) Корпоративтік хатшының орынбасары – Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Холдингтің Омбудсмені болып тағайындалды.</p> <p>Холдинг Омбудсменінің 2022 жылғы қызметі туралы мәселені қарау барысында Холдинг СД КПА және КСӘМК (28.08.2023 ж., №04/23 және 28.08.2023 ж., №04/23 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсмені ретіндегі жұмысының қорытындыларына оң баға берді.</p> <p>Холдингтің Корпоративтік хатшысының орынбасарының тікелей бағыныстылығы, Холдингтің ДК келіп түскен өтініштерді қарау кезінде бейтарап шешімдер қабылдауға ықпал етеді.</p> <p>Холдингтің жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Холдинг ДК-нің 23.07.2013 жылғы шешімімен (№1 хаттама) холдингтің ІАҚ құрылды.</p> <p>4 қызметкер санындағы ІАҚ құрамы және ІАҚ қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының схемасы Холдинг ДК-нің 15.07.2022 ж., шешімімен бекітілген (№05/22 шешім).</p> <p>2022 жылы Холдингтің ДК 2022.11.24 ж., (№09/22 хаттама) шешімімен Холдингтің ІАҚ өкілеттігінің жаңа мерзімі 01.02.2023-31.01.2026 ж., аралығында айқындалды.</p> <p>2023 жылы Холдингтің ДК 23.02.2023 ж., (№02/23 хаттама) және 28.09.2023 ж., (№06/23 хаттама) шешімдерімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ІАҚ тиісінше 2022 жылдың III-IV тоқсанындағы және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыстардың қорытындысы бойынша сыйақы төлеу туралы шешім қабылданды.</p> <p>Холдингтің 2023 жылға арналған ІАҚ бюджеті (қажетті ІАҚ ресурстары, оның ішінде жалақы, сыйлықақылар мен сыйақылар, оқуға арналған шығындар) Холдингтің 2022.11.24 шешімімен бекітілген Холдингтің 2023 жылға арналған жалпы Жылдық бюджеті шеңберінде айқындалды (№09/22 хаттама).</p> <p>ІАҚ Холдингтің қызметкерлері ДК және Холдинг Басқармасының мүшелері болып табылмайды.</p> <p>Холдингтің ІАҚ тікелей Холдингтің ДК-не бағынады, аудиторлық қорытындыларды, бағалаулар мен ұсынымдарды қалыптастыру кезінде Холдинг басқармасынан тәуелсіз болып табылады.</p> <p>2020 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі АЖК мүшелерінің Холдингтің ІАҚ басшысымен (Холдинг басшылығының қатысуынсыз) кездесулерін өткізу практикасы енгізілді және 2023 жылы жалғасты.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
3.35	<p>Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін сайлайды (басқарма төрағасын қоспағанда), өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындайды. Басқарма құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу, олардың сыйақыларын айқындау процесінде Холдингтің Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті шешуші рөл атқарады.</p> <p>Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына Басқарма құрамына сайлауға үміткерлер бойынша ұсыныстарды Басқарма Төрағасы енгізеді. Басқарма басшысы Басқарма құрамына бір бос лауазымға екінші рет ұсынған үміткерді Директорлар кеңесі қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға үміткер бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне ауысады.</p>	Сақталады	<p>2022 жылы ДК-нің 18.05.2022 жылғы шешімімен (№04/22 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма құрамы 5 (бес) адам болып белгіленді.</p> <p>«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма өкілеттігі мерзіміне жалпы Басқарма мүшелері ретінде сайланғандар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары; Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары; Хамитов Ерсайын Ерболатұлы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары. <p>Сонымен қатар, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма құрамына ұсынылатын үміткерлерге және олардың лауазымдық жалақыларының мөлшеріне қатысты ДК үшін тиісті ұсынымдар Холдинг ДК КСӘМК шешімімен қалыптастырылды. Басқарма құрамына сайлауға үміткерлер бойынша ұсыныстарды Холдингтің Басқарма Төрағасы ДК КСӘМК қарауына шығарды.</p> <p>Басқарма Төрағасы ДК-ден Басқарма құрамына лауазымға ұсынған үміткерлерді қабылдау түскен жоқ.</p> <p>2022 жылы ДК КСӘМК-ның 17.05.2022 жылғы шешімімен (№03/22 хаттама) басқарманың сандық құрамын айқындау, Холдинг Басқармасының құрамына мүшелерді сайлау және Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысы мен еңбекақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарының мөлшерін айқындау жөнінде ұсынымдар берілді.</p> <p>Есепті жылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> «Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №210 бұйрығымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы Қанат Бисімбайұлы Шарлапаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды; жалғыз акционердің шешіміне, «Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы №221 бұйрығына сәйкес Байбазаров Нұрлан Серікұлы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды; «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма өкілеттігі мерзіміне жалпы Басқарма мүшелері ретінде сайланғандар: Холдинг ДК 29.08.2023 ж., шешімімен (№05/23 хаттама) – Басқарма Төрағасының орынбасары Ғалым Үсен Асқарұлы; Холдинг ДК 24.11.2023 ж., шешімімен (№08/23 хаттама) – Басқарма Төрағасының орынбасары Сон Вячеслав Владимирович; «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Әділ Бектасұлы Мұхамеджановтың өкілеттігі 2023 жылғы 5 желтоқсаннан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды. <p>Холдинг басқармасы мәжілістерді негізінен күндізгі нысанда өткізеді. 2023 жылы Басқарманың 56 мәжілісі өткізілді (оның ішінде 19 мәжіліс сырттай өткізілді).</p> <p>Басқарма мәжілістерді тұрақты негізде айына орта есеппен 5 мәжіліс өткізіледі.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
4. Тұрақты даму қағидаты			
4.1	<p>Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етудің маңыздылығын түсінеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының тұрақты дамуына ықпал ететін болады.</p> <p>Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мүдделі тараптарды айқындау мен олармен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарын пайдаланады.</p> <p>Холдингтің Директорлар кеңесі тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Холдинг басқармасы тиісті іс-шаралар жоспарын қалыптастырады.</p> <p>Холдингте және оның еншілес ұйымдарында тұрақты негізде оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары өткізіледі. Оқыту тұрақты дамуды енгізуге тұрақты элемент болып табылады. Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызметкерлердің тұрақты даму қағидаттарын түсінуі мен ұстануы және мәдениетті, қызметті жүргізу және міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықты өзгерту негізінде орнықты дамуға қатысуына ықпал етеді. Холдингте жыл сайын қызметкерлердің қатысуы мен қанағаттануы бойынша зерттеулер жүргізіледі.</p> <p>Холдинг пен еншілес ұйымдар әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізу мен сақтауды талқылайды.</p>	Сақталады	<p>Өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсіне отырып, Хролинг және оның ЕҰ өз қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуге бағытталған жұмысты жүргізеді.</p> <p>Холдинг және оның ЕҰ бизнес пен қоғам мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өз қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруға ұмтылады.</p> <p>Холдинг өз қызметін тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген және Холдингтің 26.11.2020 жылғы шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясатында (бұдан әрі – Саясат) көзделген қағидаттар мен ережелерді ескере отырып жүзеге асырады (№10/20 хаттама).</p> <p>Сондай-ақ, Саясатты халықаралық стандарттарға және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жаңартылған ішкі құжаттарына сәйкес келтіру мақсатында саясат Холдинг ДҚ-нің 19.10.2023 жылғы шешімімен өзектендірілді (№07/23 хаттама).</p> <p>Холдингтің ЕҰ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы осы Саясатының ережелерін ескеретін тұрақты даму саласындағы ұқсас саясаттар бекітілді.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясатында тұрақты даму – бұл Холдинг өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы, оның ішінде: мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқару; ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерді бағалау және басқару бөлігінде.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясаты Холдингтің адам құқықтарын қорғау, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы БҰҰ-ның жаһандық шарты қағидаттарына бейілділігін көздейді, оны Холдинг мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл шеңберінде де ескереді.</p> <p>Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Холдингтің және оның ЕҰ тұрақты дамуына ықпал ететінін назарға ала отырып, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясаты мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың AA1000SES халықаралық стандартына негізделген мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі қағидаттарды регламенттейді (атап айтқанда, бұл маңыздылық, толықтық және жауап беру қағидаттары).</p> <p>Сондай-ақ 2023 жылғы 1 қарашада (№41/23 хаттама) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2024-2026 жылдарға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспардың 2.2-тармағына сәйкес жыл сайын бекітілген Стейкхолдерлер картасы шеңберінде стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл стратегиясын іске асыру туралы есеп дайындалады.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>Холдингтің корпоративтік сайтында «Тұрақты даму» бөлімі орналастырылған, оған Холдингтің тұрақты дамуға көзқарастары, «Жасыл кеңсе» бастамасы, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына бейілділігі, қоршаған ортаға әсері және жасыл жобаларды қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы қызметтің негізгі бағыттары кіреді.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясатының 3-бөлімінің 1-тармағының 71-тармағына сәйкес Холдингтің ДҚ тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады. Холдинг Басқармасы тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді.</p> <p>Тұрақты ықты даму мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында 13.11.2018 жылғы Холдинг ДҚ шешімімен (№10/18 шешім) тұрақты даму мәселелерін алдын ала қарау функциялары Холдинг СЖК ДҚ құзыреті шеңберіне берілді.</p> <p>Әрбір органның және барлық қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, стандарттар мен тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асырудағы рөлдері, құзыреттері, жауапкершілігі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы Саясатында бекітілген.</p> <p>Холдинг ДҚ-нің 2023 жылғы 29 тамыздағы шешімімен (№05/23 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2022 жылғы Тұрақты даму туралы есебі қаралды.</p> <p>БК қызметкерлері үшін тұрақты даму тақырыбы бойынша оқыту жыл сайын Холдингтің тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі.</p> <p>Оның ішінде «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде Холдинг қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2022 жылдың 3 тоқсанында Холдинг қызметкерлері Advanced Certificate Programme: ESG and the Board тақырыбында және «Жасыл кеңсе» тақырыбында семинар өткізді; • Стратегия және корпоративтік даму департаментінің қызметкерлері 2022 жылдың қыркүйегінде «GRI Standards. Тұрақты даму саласындағы есептілік» тақырыбында оқытылып, сертификаттар алынды. <p>Тұрақты даму жөніндегі іс-шараларды қамтитын Холдингтің топ-менеджментін ынталандыру жүйесі шеңберінде Холдингтің және оның ЕҰ лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу кезінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділікті сақтайды және барлық қызметкерлердің қатысуына ықпал етеді.</p> <p>Холдингте жыл сайын қызметкерлердің қатысуы мен қанағаттануы бойынша зерттеулер жүргізіледі.</p> <p>2023 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг қызметкерлерін оқытуды қамту 95,8%-ды құрады (2022 жылы – 96,6%).</p> <p>Тұрақты даму жөніндегі іс-шараларды қамтитын Холдингтің топ-менеджментін ынталандыру жүйесі шеңберінде Холдингтің және оның ЕҰ лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу кезінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділікті сақтайды және барлық қызметкерлердің қатысуына ықпал етеді.</p> <p>Холдингте жыл сайын қызметкерлердің қатысуы мен қанағаттануы бойынша зерттеулер жүргізіледі.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>Холдингінің Компаниялар тобы қызметкерлерінің қатысуын зерттеу 2022 жылы жүргізілген жоқ.</p> <p>2023 жылы персоналдың қатысуы бойынша зерттеу жүргізілді, жиынтық мәні 80,2%-ды құрады.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты Холдингінің тұрақты даму мақсаттарымен келісімділігін арттыру үшін әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттарын енгізу мүмкіндігін қарайтыны туралы норманы (3-бөлімнің 2-тарауының 86-тармағы) бекітті.</p> <p>Сондай-ақ тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын серіктестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) енгізу және сақтау қамтамасыз етіледі. Әріптестермен бірлесіп тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізу бойынша кешенді шаралар қабылдануда.</p> <p>Холдингінің еншілес ұйымдарының ішкі нормативтік құжаттарын Холдингінің экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес келтіру мақсатында еншілес ұйымдар өз саясаттарын бекітті/ІНҚ өзектендірілді.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты Холдингінің тұрақты даму мақсаттарымен келісімділігін арттыру үшін әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттарын енгізу мүмкіндігін қарайтыны туралы норманы (3-бөлімнің 2-тарауының 86-тармағы) бекітті.</p> <p>Сондай-ақ тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын серіктестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) енгізу және сақтау қамтамасыз етіледі. Әріптестермен бірлесіп тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын тұрақты даму мақсаттарымен келісу енгізу бойынша кешенді шаралар қабылдануда.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, сатып алу туралы шарттың үлгілік нысаны өзектендірілді.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының орнықты даму саласындағы саясатының 2-бөлімінің 1-тарауының 45-тармағына сәйкес, Холдинг және оның ЕҰ өзінің контрагенттерінен қоршаған ортаға және қоғамға нақты және ықтимал әсерлерді анықтау, бағалау, басқарудың тиісті шараларын айқындау және енгізу, экологиялық тәуекелдердің деңгейін бақылауды жүзеге асыру бойынша экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қолдануды күтеді.</p> <p>Ол үшін Холдингте «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясаты бекітілді, оның мақсаттары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Холдингінің/ЕҰ қызметінен ықтимал теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді азайту және әлеуетті оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру; 2. клиенттерді экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін тиісті деңгейде өзірлеуге және қолдауға ынталандыру; 3. жобаның қоршаған ортаға әсері саласында, сондай-ақ әлеуметтік ықпал ету саласында, жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жұртшылықтың мүдделерін есепке алу.

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>Холдинг / ЕҰ қоршаған ортаны қорғау және олар қаржыландыратын инвестициялық жобалардың әлеуметтік ықпалы саласында озық тәжірибелерді қолданады. Жоғарыда аталған саясат клиент инвестициялық жобаны дайындау және іске асыру кезінде сақтауы тиіс экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қамтиды. Клиенттерді хабардар ету және оларға экологиялық және әлеуметтік талаптар қою арқылы Холдинг / ЕҰ клиенттердің теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді болдырмау бойынша уақтылы шаралар қабылдауына ықпал етеді.</p> <p>Холдингінің еншілес ұйымдарының ішкі нормативтік құжаттарын Холдингінің экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес келтіру мақсатында еншілес ұйымдар өз саясаттарын бекітті / ІНҚ өзектендірілді.</p> <p>2022 жылы Холдинг және оның ЕҰ серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуімен байланысты тәуекелдерді анықтаған жоқ.</p> <p>Холдингінің БК және / немесе оның ЕҰ серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуіне байланысты тәуекелді анықтаған жағдайда, Холдинг және / немесе оның еншілес ұйымы мұндай әсерді тоқтатуға немесе алдын алуға бағытталған шараларды дереу қабылдайтын болады.</p> <p>Есепті жылы Холдингінің және/немесе оның еншілес ұйымының әріптестерінің тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын қабылдамау немесе тиісінше орындамау жағдайларына байланысты жағдайлар орын алған жоқ.</p> <p>2023 жылы Халықаралық экологиялық мерекелерді қамтитын Холдинг қызметкерлері үшін эко күнтізбесі әзірленіп, назарға жіберілді. Сонымен қатар, әрбір экологиялық мерекеге бейнематериалдар өз күшімен дайындалып, БО ғимаратының лифттерінде және HR NEWS Baiterek телеграм-арнасында орналастырылады. Корпусы қайта өңделген қағаздан жасалған экокөлемдер сатып алынды.</p> <p>Дүниежүзілік үйсіз жануарларды қорғау күніне орай Холдингінің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері үйсіз жануарларға арналған азық пен басқа да керек-жарақтарды жинауды ұйымдастырды, жиналған қаражат «СтопОтлов» қорына (баспанаға) жіберілді. Сондай-ақ, «Бәйтерек» БО барлық қабаттарында үйсіз жануарларға көмек көрсету үшін «СтопОтлов» Қорының QR-коды орнатылған.</p> <p>Сонымен қатар, Дүниежүзілік үйсіз жануарлар күніне орай «Бәйтерек» холдингі өзінің ESG саясаты шеңберінде үйсіз жануарлар мен үйсіз жануарларға жауапкершілікпен қарау тақырыбында қызметкерлермен кездесу өткізді (Environmental, Social, and Governance).</p> <p>Кездесуге зооқорғаушылар Лилия Сәрсенова, Incosbo жануарларды қорғау қауымдастығының басшысы, сондай-ақ «Астана жүрегі» қозғалысының белсенді еріктілері Инна Клокен-Гаммер, Марал Бүйрекбаева және Ольга Бондаренко қатысты.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты			
5.1	<p>Холдингте тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі қызмет етеді, ол Холдингтің өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрған ұйымдық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Холдинг қызметінің табыстылығы, стратегиялық мақсаттар мен олардың ілеспе тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерім; 2. Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және Холдингтің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу; 3. Холдинг активтерінің сақталуы және ресурстарын тиімді пайдалану; 4. қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы; 5. Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау; 6. алаяқтықтың алдын алу және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуін тиімді қолдауды және қызмет нәтижелерін талдауды қамтамасыз ету үшін тиісті ішкі бақылау. <p>Тәуекелдерді басқару және бақылау жүйесі шеңберінде Холдингте Директорлар кеңесін (Аудит жөніндегі комитет) және ішкі аудит бөлімшесін Холдингтің кез келген қызметкері мен лауазымды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік этика кодексін бұзу фактілері туралы хабардар етудің қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі (жедел желі) ұйымдастырылды.</p> <p>Холдингте тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі тәуелсіз бағалау және ішкі бақылау және корпоративтік басқару практикасы үшін Ішкі аудит қызметі құрылды.</p>	Сақталады	<p>Холдингтегі корпоративтік ТБЖ және ІБЖ қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті белгілеуді және дамытуды білдіреді, сондай-ақ шығындардың алдын алу және пайданы барынша арттыру мақсатында Холдинг қызметінің барлық бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне және еншілес ұйымдарға тән тәуекелдерді сәйкестендірудің, талдаудың және бағалаудың, мониторинг жүргізудің, бақылаудың және басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдануды қамтиды.</p> <p>Холдингтің тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оны ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі принциптерімен, бизнес-процестермен интеграциялау және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне қатысуы болып табылады.</p> <p>Холдингтің тәуекелдерді басқару жүйесі барлық қаржылық, операциялық, стратегиялық және құқықтық тәуекелдерді қамтиды және белгіленген лимиттер мен шектеулер шеңберінде тәуекелдердің туындауын болжайтын Холдингтің барлық операцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.</p> <p>Ішкі бақылау холдингтің стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және Холдингте негізгі міндеттері мен мақсаттары болып табылатын ІБЖ ұйымдастыру жолымен іске асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • активтердің сақталуын және ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету; • қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығын, сенімділігін және дұрыстығын қамтамасыз ету; • қолданыстағы заңнаманы, реттеуші органдардың талаптарын және ішкі құжаттар нормаларын сақтау; • негізгі және қосалқы бизнес-процестердің тиімді жұмыс істеуін бақылау және қызмет нәтижелерін талдау. <p>Тәуекелдерді басқару саясаты және ішкі бақылау жүйесі туралы Ереже лауазымды тұлғалардың да, қызметкерлердің де тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесіне қатысуын көздейді, ІБЖ бойынша «жоғарыдан тон» және ТБЖ бойынша «төменнен тон» қағидаттары бойынша, сондай-ақ қорғаудың үш желісі айқындалған.</p> <p>ТБЖ және ІБЖ қолдау және жетілдіру шеңберінде Холдинг тоқсан сайын Холдингтің тәуекелдері бойынша есепті, сондай-ақ жылына кемінде бір рет ДК бекітуге шығарады және қажет болған жағдайда Холдингтің бизнес-процестерінің, тәуекелдері мен бақылауларының Матрицасы өзектендіріледі.</p> <p>Тәуекелдерді басқарудың үздік халықаралық практикасына сәйкес Холдинг тұрақты негізде (жыл сайын) тәуекелдердің ең жоғары спектрін анықтау, қоршаған ортадағы тәуекелдер туралы хабардарлықты арттыру және ұйымның тәуекел-мәдениетін дамытуды ынталандыру мақсатында барлық БК қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіруді жүргізеді.</p> <p>Осылайша, есепті жылы барлық БК қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіру және 2024 жылға арналған «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамында бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар Матрицасын өзектендіру бойынша кезекті жұмыс жүргізілді, ол кейін Холдингтің ДК 28.11.2023 ж., шешімімен бекітілді (№47/23 хаттама).</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	<p>Холдинг тобына кіретін еншілес ұйымдарда жеке органдар – ішкі аудит қызметтері де құрылады.</p> <p>Ішкі аудит қызметі өз қызметін холдингтің Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған (жылдық) аудиторлық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсыныстар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.</p> <p>Холдинг тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін жүргізеді, ол үшінші тарап ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.</p>		<p>ІБЖ тиімділік деңгейін қолдау шеңберінде, атап айтқанда, тәуекелдерге ұшырауды сәйкестендіру және бақылау рәсімдерін, Холдингтің ағымдағы және/немесе жаңа бизнес-процестерін және/немесе ЕҰ жобалау тиімділігін бағалау шеңберінде тоқсан сайын Холдингтің 22 бизнес-процесі бойынша тәуекел-аудит жүргізілді.</p> <p>Холдингте қабылданған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу/оқыту бойынша іс-шаралар өткізілді, онда:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2023 жылғы 29 наурызда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тәуекелдерді басқару және/немесе ішкі бақылау жүйелерін талқылау бөлігінде тәуекелдерді басқаруды және/немесе ішкі бақылауды үйлестіруге жауапты қызметкерлерімен семинар / кездесу өткізілді. • 2023 жылғы 26 сәуірде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының кредиттік тәуекел бойынша мәселені және кредиттік тәуекел есебіндегі компоненттердің ESG талқылау бойынша тәуекелдерді басқаруды және/немесе ішкі бақылауды үйлестіруге жауапты қызметкерлерімен семинар/кездесу өткізілді. • 2023 жылғы 16 маусымда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлерін ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде, комплаенс-тәуекелді басқару, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар Матрицасын өзектендіру бөлігінде оқыту жүргізілді. <p>Холдингте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет пен Омбудсменді Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік этика кодексін бұзу фактілері туралы Холдингтің кез келген қызметкері мен лауазымды тұлғасына хабарлаудың қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі (жедел желі) ұйымдастырылды.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет пен Омбудсменнің қажетті байланыстары туралы мәліметтер Холдингтің www.baiterek.gov.kz веб-сайтында «Жедел желі» қойындысында қолжетімді.</p> <p>Холдингтің ІАҚ – ішкі аудитті жүзеге асыратын орган (ІАҚПХ анықтамасына сәйкес) – ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет.</p> <p>Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, алға қойған мақсаттарына жетуге көмектеседі.</p> <p>Холдинг тобына кіретін акционерлік қоғам нысанында жұмыс істейтін барлық ЕҰ- да ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке органдар – ІАҚ құрылды.</p> <p>2023 жылы Холдингтің ІАҚ өз қызметін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ДК 24.11.2022 ж., шешімімен (№09/22 хаттама) бекітілген 2023-2025 жылдарға арналған ІАҚ аудиторлық жоспары негізінде жүзеге асырды. ІАҚ-ның 2023-2025 жылдарға арналған тәуекелдерді ескере отырып өзектендірілген аудиторлық жоспары Холдинг ДК-нің 23.11.2023 ж., шешімімен бекітілді (№08/23 хаттама).</p> <p>Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсыныстар тоқсан сайын ДК қарауына шығарылады.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>2023 жылдың 4 тоқсанында Холдингінің ІАҚ ішкі бақылау (ІАҚ) және тәуекелдерді басқару (ТБЖ) жүйелеріне бағалау жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша тиімділіктің қорытынды балдары 86,13% (ІАҚ) және 88,27%-ды (ТБЖ) құрады.</p> <p>2023 жылдың қорытындысы бойынша аудиторлық жұмыстар, 2023 жылы жүргізілген корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің соңғы кешенді бағалаулары негізінде ІАҚ жүйелердің негізгі элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес ресімделгенін және жеткілікті жетілген екенін атап өтті.</p> <p>2022 жылғы 18 мамырда Холдинг 2022-2023 жылдардағы қаржылық есептілік аудитіне ұзақ мерзімді шарт жасасты. Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылды, бұл ретте біліктілік талаптары 22.02.2022 ж., Холдинг СД АЖК-пен келісілді (№01/22 хаттама).</p> <p>Аудиторлық қызметтердің әлеуетті жеткізушісін таңдау мақсатында Холдинг 2022 жылғы сәуірде бұйрықпен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуды жүзеге асырудың сол кездегі қолданыстағы қағидаларына сәйкес 2022-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1253 бұйрығымен бекітілген қаржылық (қаржылық есептілік аудиті) тексерулер жүргізу жөніндегі қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу бойынша ашық тендер өткізді.</p> <p>Холдингінің 2022-2023 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы шешімді Холдинг ДК алдын ала мақұлдауымен (14.07.2022 жылғы №03/22 шешім) Холдинг ДК АЖК 15.07.2022 ж., (№05/22 шешім) қабылдады.</p> <p>2023 жылғы 25 мамырда Холдинг ДК-нің күндізгі мәжілісі барысында (№03/23 хаттама) Холдингінің 2022 жылға аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі оны кейіннен қарауға және Холдингінің ЕА бекітуіне шығару үшін алдын ала бекітілді.</p> <p>2023 жылғы 31 тамызда «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрінің №209 бұйрығы негізінде Холдингінің 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін ЖА бекітті.</p>
6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты			
6.1	<p>Холдингінің Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Холдинг қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын қақтығысты болдырмай, Жалғыз акционер мен Холдингінің мүддесі үшін адал және ақылға қонымды түрде орындайды.</p> <p>Корпоративтік қақтығысты бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында мүдделері қақтығысты қозғайтын немесе қозғауы мүмкін тұлғалар оны реттеуге қатыспайды.</p>	Сақталады	<p>Холдингінің ДК және Басқарма мүшелері, сондай-ақ Холдинг қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін адал және ақылға қонымды түрде, мүдделер қақтығысын болдырмай, Холдинг пен ЖА мүдделеріне тиісті қамқорлық және сақтықпен орындайды. Олар өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына ғана емес, әдеп стандарттарына және жалпы қабылданған іскерлік этика нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Мүдделер қақтығысын болдырмау ЖА, Холдингінің, Холдингінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.</p>

р/н №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады / сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>2023 жылы корпоративтік қақтығыстардың туындау жағдайлары және мүдделер қақтығысына байланысты жағдайларға жол беру нәтижелері Холдингіте тіркелмеді.</p> <p>2023 жылы Корпоративтік хатшының және/немесе Омбудсменнің көмегімен Холдинг органдарының корпоративтік қақтығыстарды қарау қажеттілігіне байланысты жағдайлар туындаған жоқ.</p>
7. Холдингінің қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен әділдігі қағидаты			
7.1	<p>Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингінің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады.</p> <p>Ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету үшін Холдингіте ақпаратты ашу мен қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашудың мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, олардың функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, ішкі құжаттар, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа ережелер бекітіледі.</p> <p>Интернет-ресурс құрылымдалған, навигацияны пайдалану үшін ыңғайлы және Холдингінің қызметін түсіну үшін мүдделі тұлғаларға жеткілікті ақпаратты қамтиды. Ақпарат интернет-ресурстың жеке тақырыптық бөлімдерінде орналастырылуы ұсынылады.</p> <p>Холдинг осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес жылдық есепті дайындайды. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.</p>	Сақталады	<p>Холдинг өз қызметінде ашықтықтың жоғары стандарттарын ұстанады және Холдинг туралы ақпаратты ашудың қолжетімділігін, сапасын және жеделдігін жақсарту үшін үнемі жұмыс істейді.</p> <p>Холдинг корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес оның қызметіне қатысты барлық елеулі фактілер, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, Холдингінің меншік және басқару құрылымы және өзге де ақпарат туралы дұрыс ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Холдинг Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ листингтік қағидаларына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті және «Қазақстан қор биржасы» АҚ депозитарийінің интернет-ресурстарында орналастыру жолымен корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша Холдингінің Басқарма мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты ашады.</p> <p>ЖА-ді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, мүдделі тұлғаларға Холдинг туралы қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну мақсатында Холдинг ДК-нің 20.03.2014 жылғы шешімімен (№02/14 хаттама) ақпаратты ашу қағидаттары мен тәсілдерін, сондай-ақ ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібі мен нысанын айқындайтын «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу саясаты бекітілді.</p> <p>Холдингінің www.baiterek.gov.kz интернет-ресурсы жақсы құрылымдалған, қолдануға ыңғайлы навигациясы бар және мүдделі тараптарға қажетті ақпаратты қамтиды. Бұл ретте ақпарат интернет-ресурстың жекелеген тақырыптық бөлімдерінде орналастырылады.</p> <p>Холдингінің интернет-ресурсын өзектендіру аптасына кемінде бір рет тұрақты негізде жүзеге асырылады.</p> <p>Холдингінің ДК «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы жылдық есебін қарады және бекітті (29.08.2023 жылғы №05/23 Хаттама), оған тұрақты даму туралы бөлім кіреді; Холдингінің ДК (29.08.2023 ж., №05/23 хаттама) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму туралы 2022 жылғы есебін қарады.</p> <p>Есепте тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бөліністегі қызмет нәтижелері қамтылады. Есеп GRI халықаралық стандарттары негізінде дайындалды.</p>

МҮДДЕЛІЛІККЕ ИЕ МӘМІЛЕЛЕР ТІЗІМІ

№	Мәміленің атауы	Директорлар кеңесінің шешімі
1	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №02/23 күндізгі шешімі
2	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Bereke Bank» Акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы (қарыз шарты)	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 мамырдағы күндізгі шешімі (№03/23 хаттама)
3	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 17 тамыздағы №04/23 сырттай шешімі
4	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 17 тамыздағы №04/23 сырттай шешімі
5	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі күндізгі шешімі (№06/23 хаттама)
6	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі күндізгі шешімі (№06/23 хаттама)
7	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамымен мәмілелер жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №08/23 күндізгі шешімі
8	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының мүдделілігі бар «Bereke Bank» Акционерлік қоғамымен мәміле жасасу туралы	Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №10/23 сырттай шешімі

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайды және жариялайды. Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік 2022-2023 жылдар кезеңінде «КПМГ Аудит» ЖШС компаниясы болып табылатын тәуелсіз аудитордың аудитінен өтеді.

Тәуелсіз аудитордың ескертулері мен есебімен 2023 жылға шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толық мәтіні Холдингтің сайтында «Холдинг туралы» бөлімінде мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/otchetnost-kholdinga/finansovaya-otchetnost/>.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың қазақстандық теңгемен)	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,214,953,148	2,293,973,195
Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын өзге де активтер	169,749,712	162,342,872
Банктер мен қаржы институттарына берілген кредиттер	338,446,725	298,999,429
Банктер мен қаржы институттарындағы депозиттер	23,861,103	23,154,952
Клиенттерге берілген кредиттер	5,721,511,807	6,511,970,888
Инвестициялық бағалы(құнды) қағаздар	1,492,262,540	1,456,559,148
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	1,212,130,428	1,036,255,264
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялау объектілері	434,037	795,344
Инвестициялық меншік	9,186,979	9,653,324
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	41,301,861	18,294,819
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив	36,870,714	27,398,004
Негізгі қаражат	20,747,218	65,770,527
Бейматериалдық активтер	9,885,998	30,120,799
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	1,874,913,825	5,028,981
Басқа қаржылық активтер	25,679,451	41,690,241
Басқа активтер	428,484,447	249,222,839
АКТИВТЕР ЖИЫНТЫҒЫ	13,620,419,993	12,231,230,626
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Банк қаражаттары	16,288,508	8,055,858
Клиент қаражаттары	2,551,442,404	3,049,901,263
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	3,801,898,128	3,739,552,209
Реттелген қарыз	8,640,755	8,050,778
Банктерден және басқа қаржы институттарынан қарыздар	856,365,177	946,551,807
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздар	795,421,453	776,645,835

(мың қазақстандық теңгемен)	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	–	201,302,720
Табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттеме	306,316	2,343,256
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	51,538,452	45,287,694
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	57,873,965	58,684,023
Сатуға арналған шығу тобымен тікелей байланысты міндеттемелер	1,480,414,887	–
Басқа қаржылық міндеттемелер	156,763,872	117,221,146
Мемлекеттік субсидиялар	1,034,690,361	1,052,536,560
Басқа міндеттемелер	143,270,811	127,031,739
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ	10,954,915,089	10,133,164,888
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	1,521,238,962	1,366,238,962
Бағалы қағаздардың әділ құнын өзгерту резерві	(49,796,105)	(65,072,162)
Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал	292,555,754	241,088,410
Хеджерлеу резерві	(993,164)	–
Басқа резервтер	26,950,799	31,125,936
Бөлінбеген пайда	875,548,658	524,684,592
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ	2,665,504,904	2,098,065,738
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ	13,620,419,993	12,231,230,626

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың қазақстандық теңгемен)	2023 ж.	2022 ж.
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	970,387,891	796,820,603
Басқа пайыздық кірістер	170,423,661	142,243,377
Пайыздық кірістер	(588,404,948)	(525,436,399)
Таза пайыздық кіріс	552,406,604	413,627,581
Кредиттік қоржынды және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті құнсыздандыруға арналған резерв	42,162,861	(89,301,195)
Кредит қоржынының құнсыздануы бойынша резервті шегергеннен кейінгі таза пайыздық кіріс	594,569,465	324,326,386
Комиссиялық кіріс	35,446,999	29,216,722
Комиссиялық шығыс	(8,133,760)	(8,811,479)
Таза комиссиялық кіріс	27,313,239	20,405,243

(мың қазақстандық теңгемен)	2023 ж.	2022 ж.
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтермен жасалатын операциялардан таза пайда / (залал)	6,167,236	(848,569)
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза пайда	7,014,791	2,755,847
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша таза (залал)/пайда	5,027,919	(18,533,034)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтату нәтижесіндегі таза пайда	3,051,214	41,530,765
Таза тапқан сақтандыру сыйлықақылары	8,453,480	6,410,408
Сақтандыру төлемдері және сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгерістер бойынша таза шығыстар	(14,724,045)	(19,592,542)
Басқа операциялық кірістер/(шығыстар), таза	(71,047,445)	4,005,169
Операциялық кіріс	565,825,854	360,459,673
Кредиттік сипаттағы өзге де қаржы активтері мен міндеттемелерінің құнсыздануын қалпына келтіру	(4,568,776)	(70,478)
Тиімді сатып алудан түскен табыс	–	30,276,651
Әкімшілік шығыстар	(81,147,769)	(71,022,476)
Табыс салығына дейінгі пайда	480,109,309	319,643,370
Табыс салығы бойынша шығыс	(73,390,482)	(48,156,168)
Үздіксіз қызметтен түскен пайда	406,718,827	271,487,202
Тоқтатылған қызмет		
Сатуға арналған активтер ретінде есепке алынатын шығу тобының пайдасы (табыс салығын шегергенде)	927,960	109,138,367
КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА	407,646,787	380,625,569
Басқа жиынтық табыс:		
Кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Хеджерлеу резервінің өзгеруі:		
- Әділ құнды хеджерлеудің тиімді бөлігі	(993,164)	–
Бағалы қағаздардың әділ құнының резерві:		
- Әділ құнның таза өзгеруі	15,148,926	(69,552,585)
- Пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі	127,131	21,034,711
Жыл ішіндегі басқа жиынтық табыс	14,282,893	(48,517,874)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ	421,929,680	332,107,695

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың қазақстандық теңгемен)	Акционерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнын өзгерту резерві		Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал	Басқа резервтер	Хеджерлеу резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	1,366,238,962	(65,072,162)		241,088,410	31,125,936	-	524,684,592	2,098,065,738
Бір жылдағы пайда	-	-		-	-	-	407,646,787	407,646,787
Басқа жиынтық табыс	-	15,276,057		-	-	(993,164)	-	14,282,893
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны	-	15,276,057		-	-	(993,164)	407,646,787	421,929,680
Акциялар эмиссиясы – ақшалай жарна (Ескерту 23)	155,000,000	-		-	-	-	-	155,000,000
Жарияланған және төленген дивидендтер (Ескерту 23)	-	-		-	-	-	(58,616,338)	(58,616,338)
585,379 мың теңге мөлшеріндегі салық әсерін шегергенде, Қазақстан Республикасының Үкіметі берген қарыздарды мерзімінен бұрын өтеудің әсерін тану (Ескерту 18)	-	-		-	-	-	(2,341,520)	(2,341,520)
12,866,836 мың теңге мөлшерінде салықтарды шегергендегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары бойынша дисконтты тану (Ескерту 18)	-	-		51,467,344	-	-	-	51,467,344
Резервтік капиталдан аудару	-	-		-	(4,175,137)	-	4,175,137	-
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	1,521,238,962	(49,796,105)		292,555,754	26,950,799	(993,164)	875,548,658	2,665,504,904

(мың қазақстандық теңгемен)	Акционерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнын өзгерту резерві		Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал	Басқа резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	1,266,238,962	(16,554,288)		211,640,338	32,466,050	175,761,165	1,669,552,227
Бір жылдағы пайда	-	-		-	-	380,625,569	380,625,569
Басқа жиынтық табыс	-	(48,517,874)		-	-	-	(48,517,874)
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны	-	(48,517,874)		-	-	380,625,569	332,107,695
Акциялар эмиссиясы – ақшалай жарна (Ескерту 23)	100,000,000	-		-	-	-	100,000,000
Жарияланған және төленген дивидендтер (Ескерту 23)	-	-		-	-	(33,042,256)	(33,042,256)
7,362,018 мың теңге мөлшерінде салықтарды шегергендегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары бойынша дисконтты тану (Ескерту 18)	-	-		29,448,072	-	-	29,448,072
Резервтік капиталдан аудару	-	-		-	(1,340,114)	1,340,114	-
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	1,366,238,962	(65,072,162)		241,088,410	31,125,936	524,684,592	2,098,065,738

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың қазақстандық теңгемен)

	2023 ж.	2022 ж.
Операциялық қызметтен ақша ағындары		
Алынған пайыздық кірістер	1,204,867,555	828,518,704
Төленген пайыздық шығыстар	(550,193,641)	(402,428,492)
Алынған комиссиялық кірістер	44,467,452	47,519,073
Төленген комиссиялық шығыстар	(14,351,189)	(9,472,510)
Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша алынған таза іске асырылған кірістер	–	37,732,040
Шетел валютасымен жасалған операциялардан алынған таза пайда/ (таза шығын)	24,456,665	27,032,516
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, таза	7,357,058	4,801,449
Төленген сақтандыру талаптары, таза	(4,996,040)	(8,085,986)
Басқа операциялық кірістер бойынша түсімдер	9,153,734	4,859,309
Алынған дивидендтер	108,153	516,709
Төленген әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	(143,724,604)	(86,368,254)
Төленген табыс салығы	(111,312,291)	(37,188,558)
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелерді өзгертуге дейінгі ақша ағындары	465,832,852	407,436,000
<i>Таза (өсу)/төмендеу:</i>		
– өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша	(512,255)	(4,950,248)
– банктер мен қаржы институттарына берілген кредиттер бойынша	(46,057,495)	(6,657,949)
– банктердегі және басқа қаржы институттарындағы депозиттер бойынша	(2,307,548)	(30,082,421)
– клиенттерге берілген кредиттер бойынша	(252,472,239)	(823,959,646)
– қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша	146,654,645	165,573,601
– басқа қаржы активтері бойынша	1,307,242	(1,077,551)
– басқа активтер бойынша ²⁶	(505,375,588)	(313,866,878)
<i>Таза (өсу)/төмендеу:</i>		
– клиенттердің қаражаты бойынша	328,403,316	495,246,214
– басқа қаржылық міндеттемелер бойынша	46,764,082	57,806,045
– басқа міндеттемелер бойынша	29,534,994	19,744,588

²⁶ 244,969,287 мың теңге сомасына (2022 жыл: 132,166,104 мың теңге) лизинг заттары мен қаржылық жалдау шарттары бойынша берілген аванстарды жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешекті есепке жатқызуды қоса алғанда.

(мың қазақстандық теңгемен)

	2023 ж.	2022 ж.
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны	211,772,006	(34,788,245)
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(2,084,050,023)	(1,317,368,018)
Инвестициялық бағалы қағаздардың шығуынан және өтелуінен түсетін түсімдер	2,034,274,270	1,556,765,805
Негізгі құралдар мен бейматериалдық активтерді сатып алу	(22,255,901)	(9,073,438)
Негізгі қаражаттарды өткізгеннен түсетін түсімдер	58,160	335,827
Инвестициялық мүлікті сатудан түсетін түсімдер	–	223,700
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түсетін түсімдер	89,416	644,522
Бизнесті біріктіру нәтижесіндегі қаражат түсімі	–	328,899,384
Бизнесті біріктіру нәтижесінде дивидендтер төлеу	–	(130,000,000)
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша ағыны	(71,884,078)	430,427,782
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары		
Банктерден және басқа қаржы институттарынан қарыздар	197,799,500	550,938,691
Банктерден және басқа қаржы институттарынан қарыздарды өтеу	(274,803,103)	(264,052,098)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар алу	288,377,781	639,427,760
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын өтеу	(220,243,607)	(112,735,535)
Жай акцияларды шығарудан түсетін түсімдер	155,000,000	100,000,000
Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсетін түсімдер ²⁷	498,052,426	41,622,825
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу/сатып алу	(112,706,110)	(458,320,473)
Төленген дивидендтер	(58,616,338)	(33,042,256)
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша ағыны	472,860,549	463,838,914
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	3,779,324	(38,469,063)
Резервтік өзгерістердің құнсыздануға әсері	(39,111)	118,584
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі	616,488,690	821,127,972
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,293,973,195	1,472,845,223
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,214,953,148	2,293,973,195
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер құрамындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	695,508,737	–
Жыл соңына жиыны	2,910,461,885	2,293,973,195

